ТУҒАН ТІЛ №4 (45), 2020

ЕЛАРАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘДЕБИ-ҒЫЛЫМИ АЛЬМАНАХ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ
Ғалымжан МЕЛДЕШОВ

БАС РЕДАКТОР
Зауытбек ТҰРЫСБЕКОВ

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ
Бижомарт ҚАПАЛБЕК

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА
Смағұл ЕЛУБАЙ
Сұлтанәлі БАЛҒАБАЙ
Ауыт МҰҚИБЕК
Амангелді ҚОЖАБЕК
Айнагүл КӨКЕН

Бабақұмар ХИНАЯТ *(Мажарстан)*
Сұраған РАХМЕТ *(Моңғолия)*
Сәуле СОВХОЗҚЫЗЫ *(РФ,Орынбор)*
Садыков ТАШБОЛАТ *(Қырғызстан)*
Махамбет ЖҮСІПОВ *(Өзбекстан)*
Роза БАҚБЕРГЕНОВА *(Түркия)*

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ
Аягүл ОМАРОВА

МЕНШІК ИЕСІ: Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің
Тіл саясаты комитеті
Альманах Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп,
2007 жылғы 23 шілдеде №8514-А куәлігі берілген.

МАЗМҰНЫ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы........ 3

АДАМЗАТТЫҢ АБАЙЫ

Ғарифолла Есім. Хакім Абай және қазіргі заман........ 5

قايىم مۇحامەتقانوۆ. اباي جانە XIX عاسىردىڭ ەكىنشى جارتىسىنداعى ادەبيەت........ 11

Айгүл Ісмақова. Қазақтың бас ақыны. А.Байтұрсынұлы: «Жазған сөз жаным ашып Алашыма!»........ 20

А. Жаңабекова, К.Пірманова, Б.Карбозова. Абай тілінің жиілік сөздігі........ 30

A. Jańabekova, K.Pirmanova, B.Karbozova. Abaı tiliniń jıilik syzdigi........ 34

Жылбек Жаңабай. Абай күні........ 38

Рақымберді Жетібайтегі. Абай танымындағы жалғыздық........ 41

ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

Асай Рәмішұлы. Тіліміз бен дініміз – айымыз бен күніміз........ 44

ماجار حالقىنىڭ جان دۇنيەسىن شىعىس مۇراسىنسىز ٴتۇسىنۋ ەكىتالاي........ 47

Бабақұмар Хинаят. «Мен – тарих тәлкегімен өз атажұртынан аласталған қазақтың ұрпағымын»........ 52

Babaqumar Hınaıat. «Men – tarıh tálkegimen óz atajurtynan alastalǵan qazaqtyń urpaǵymyn»........ 55

Роза Бақбергенова. Елін сүйген қазақ қызы........ 58

Roza Baqbergenova. Elin súıgen qazaq qyzy........... 61

Рашид Қасқырбай. Мыңжылдықтың киелі баспанасы........ 64

Qasqyrbaı Rashıd Qasqyrbaıuly. Myńjyldyqtyń kıeli baspanasy........ 66

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АХУАЛЫ

Әділбек Қаба. Қазақ тілі ұлтаралық қатынас тілі болуға тиіс........ 68

Қаламқас Қалыбаева. Қазақтың төл сөзі үшін де, шеттен кірген сөздер үшін де бірыңғай емле жасалу керек........ 73

ТҮБІ БІР ТҮРКІ.....

Молгаждаров Қасиет Кәкенұлы. Түркі тілдеріндегі көмекші сөздердің концепциялық мәселелері (тарихи-салыстырмалы анализ)........ 77

Олжас Саржаев. Ж. Баласағұнның «Құтты білік» дастаны мен Н. Макиавеллидің «Тақсыр» билеуші образы........ 92

ҚР Президенті
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

ТОРҚАЛЫ ТОЙДЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ

Біз ұлттық сананы жаңғыртамыз және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырамыз десек, Абайдың шығармаларын мұқият оқуымыз керек. Оның қоғамдағы түрлі үдерістерге қатысты көзқарасы бүгінгі Қазақстан үшін аса пайдалы. Өз заманының ғана емес, қазіргі қоғамның да бейнесін танытқан Абай – елдік мұраттың айнымас темірқазығы.

Әр қазақтың төрінде домбыра тұрсын деген ұғым қалыптасқанын бәріміз жақсы білеміз. Сол сияқты әр шаңырақта Абайдың кітабы мен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы тұруы керек деп санаймын.

Келер ұрпақ Абайдың сара жолын жалғауға тиіс. Бұл – ұлы ақын арманының орындалуы. Сондықтан біз Абайдың ойынан да, тойынан да тағылым алуға тиіспіз.

Биыл Абайдың 175 жылдығына орай халықаралық, республикалық және аймақтық деңгейде 500-ден астам іс-шара ұйымдастырылады. Тамыз айында Семей қаласында ЮНЕСКО-мен бірлесіп өткізілетін «Абай мұрасы және әлемдік руханият» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ең басты шараға айналады. Сондай-ақ, қазан айында Нұр-Сұлтан қаласында «Абай және рухани жаңғыру мәселелері» деген тақырыпта халықаралық конференция өтеді. Бұл жиындарда Абайдың тұлғасы мен мұрасы жан-жақты зерделеніп, оның шығармашылығын XXI ғасырдағы жаңа Қазақстанның игілігіне пайдалануға жол ашылады.

Маңызды жобаның бірі – ұлы ақынның шығармаларын он тілге аударып, басып шығару. Атап айтқанда, Абай еңбектері ағылшын, араб, жапон, испан, итальян, қытай, неміс, орыс, түрік, француз тілдеріне тәржімаланады. Ақынның өмірі, мұрасы, қазақ мәдениетін дамытудағы рөлі туралы бірнеше деректі фильм және «Абай» телесериалы түсіріледі.

Ақын тойынан өнер саласы да тыс қалмайды. Республикалық және халықаралық деңгейде театр және музыка фестивальдері өтеді. Биылғы бәйгелер Абай шығармашылығына арналады. Әдебиет және өнер саласындағы үздік шығармаларға берілетін мемлекеттік сыйлық енді Абай атындағы мемлекеттік сыйлық деп аталатын болады.

Абайдың тұлғасы мен мұрасын ұлықтау шетелдерде де жалғасады. Ресейдегі, Франциядағы, Ұлыбританиядағы және басқа да мемлекеттердегі Қазақстанның елшіліктері жанынан «Абай орталықтарын» құру жоспарланып отыр. Бұл мәдени іс-шараларды ысырапшылдыққа жол бермей ұйымдастыру қажет.

Шығыс Қазақстан облысының Ақшоқы елді мекеніндегі Құнанбай Өскенбайұлы әулетінің қорымы абаттандырылады.

Сонымен қатар, Абай тұлғасын жоғары дәрежеде дәріптеу үшін Үкімет мынадай шараларды қолға алуы керек деп есептеймін.

Семей өңірі – қазақ тарихындағы киелі өлкенің бірі. Сондықтан, елдің рухани дамуында ерекше орны бар Семей қаласын тарихи орталық ретінде белгілеген жөн. Ұлы Абай мен Шәкәрімнің, Мұхтар Әуезовтің кіндік қаны тамған өңір айрықша құрметке лайық. Осыған орай, шаһарды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан кешенді түрде дамытып, ондағы тарихи-мәдени нысандарды жаңа талапқа сай жаңғыртамыз. Үкіметке бұл мәселеге байланысты тиісті шаралар қабылдауды тапсырамын.

Мерейтой жылы аясында Абайдың қастерлі мекені – әйгілі Жидебайды абаттандырып, ұлы ақынның рухына тағзым етуге келетін жұртшылыққа қолайлы жағдай жасау қажет

Сонымен қатар, Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейіне ерекше көңіл бөліп, ғылыми-танымдық жұмыстармен айналысатын орталыққа айналдыру керек.

Жидебайда музейге арнайы лайықталған «Абай мұрасы» атты жаңа ғимарат салу қажет.

1918 жылы Семей қаласында Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов негізін қалаған, 1992 жылдан бері қайта шыға бастаған «Абай» журналына мемлекет тарапынан қолдау көрсету керек.

Осы және басқа да ауқымды шаралар Ұлы Абайдың рухына тағзым етіп, оның мол мұрасын дәріптеу үшін өткізілмек. Ендеше, бүкіл Қазақстан халқын осы игі бастамаға белсене атсалысуға шақырамын.

* * *

Біз Абайдың 175 жылдық мерейтойына қоғамдық сананы жаңғыртатын, бір ел, тұтас ұлт болып дамуымызға серпін беретін іс-шара ретінде зор мән беріп отырмыз.

Бұл тойдың тұсындағы басты мақсатымыз – бүкіл халықтың ұлт ұстазы алдындағы өзіндік бір есеп беруі іспеттес болуға тиіс деп білемін. Абай сыны – ауыр сын, сындарлы сын.

Елбасы бастап, ел қостап, биік белестерді бағындырдық. Озық елулікке кіреміз деп мақсат қойдық, ол мақсатқа мерзімінен бұрын жеттік.

Озық отыздыққа қосылуды межеледік. Ол межеге де жетеміз. Сол межеге жетуге де бізге

Сурет: https://yandex.kz/collections/card/5c10366b46db580078f7507e/

Абай мұрасы көмек бере алады. Ендігі мәселе – біз сол Абайдың көмегін түсіне алдық па, зерделей аламыз ба?

Ұлылықтың тойы ұлт алдындағы ұлы міндеттің үдесінен шығудың жолын іздеуге ұмтылдыруға тиіс. Әр азамат осы тойдың алдында еліміз, елдігіміз жөнінде терең ойланса дейміз. Абай бізге нені аманаттады? Абай бізден нені талап етті? Абай бізден нені күтіп еді? Абай елдің қай ісіне сүйініп еді? Сол сүйінген ісінен үйрене алдық па? Абай қазақтың қай ісіне күйініп еді? Сол күйінген ісінен жирене алдық па? Басқасын былай қойғанда, ақын айтқан бес асыл істі жүзеге асырып, бес дұшпанды бойдан қашырып жатырмыз ба деген ойдың төңірегінде толғансақ та талай жайға қаныға аламыз.

Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық.

Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз.

Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі XXI ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді.

ҒАРИФОЛЛА ЕСІМ

Ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ғылым академиясының академигі, абайтанушы.

ХАКІМ АБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

Хакім Абай дегенде ғұлама әл-Фараби бастаған ойшылдық дәстүр туралы сөз айтпақпыз. Х ғасырда пәлсапа ойлау жүйесінің негізін қалаған ғұлама әл-Фарабиден хакім Абайға дейін он ғасыр. Әл-Фарабидің ойшылдық дәстүрі осы мерзім ішінде үзілген жоқ, керісінше оның аса талантты ізбасары Ибн Сина пәлсапаны одан әрі жетілдірді. Ибн Синаны Еуропада «Ғалымдардың бекзадасы» деп атаған. Оның «Данышпанname» деген кітабын замандастары пәлсапаның энциклопедиясы деп бағалаған. Бұл еңбекте сол замандағы барша пәлсапаның ұғымы мен түсініктеріне және кейінгі Батыс Еуропа философтары айтып, талқылап жүрген түсініктер мен ұғымдардың бәрі дерлік қамтылған. Ибн Синаның «Жан туралы» кітабы өте құнды. Мұнда ол Аристотельдің «Жан туралы» трактатын әлденеше рет оқи отырып, өзінің ойларын өрбіткен. Оның ойлары әл-Фараби ойларымен үндес. Мұнда жанның мәңгілігі және жанның бір түрден екінші түрге ауысуы туралы пайымдаулары бар. Ибн Синадан кейінгі мынандай пәлсапашы ғұламалар болған: Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, әл-Ғазали, Ибн Бадж, Қожа Ахмет Иассауи, Ибн Туфейл, Ибн Араби, Ибн Халдун, Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов, Шыңғыс Айтматов.

Осы тұста айтарым, Әбу Насыр Әл-Фарабиден Абайға дейінгі уақытты пәлсапа тарихының бір кезеңі, Абайдан кейін екінші кезең басталды.

***

XIX ғасырдың екінші жартысында Батыс Еуропада Огюст Конт (1798-1857) жаңа бағыт ұсынды. Ол бағыттың аталуы – позитивизм. Ол кісінің айтуынша, философия деген мағынасыз сөз. Ол адамзатқа мынандай білімдер жүйесін ұсынды: математика, астрономия, физика, химия, биология және социология.

Бәрімізге жақсы белгілі Фридрих Энгельстің «Людвиг Фейербах және неміс классикалық философиясының ақыры» деген еңбегі бар. Кезінде маркстік-лениндік философияны оқып үйренушілер жаттап алды десек те болғандай. Бірақ еңбектің негізгі мәніне ой салмағын түсірмеппіз. Фридрих Энгельс неміс классикалық философиясының ақыры, яғни

классикалық философия бітті, аяқталды, тәмам болды деп жазған. Классикалық философияның соңғы тұлғасы Людвиг Фейербах деген. Анық мәселе. Ендігі жерде неміс классикалық философиясын алып шығып, қайта жандандырудың қандай қажеті бар еді. Қажеттілігі сол, неміс классикалық философиясын Владимир Ленин, қағып-соғып «Марксизмнің үш бөлігі және үш құрамдас бөлігі» деген мақала жазды. Сонда оның айтпағы, Маркстік философия құру үшін бір теориялық негізге сүйену керек болады, сол теориялық негізі немістің классикалық философиясы болып шықты. Сөйтіп, өмірге қайтадан Кант, Гегельдер енді. Демек, бұлар тәжірибеге марксизммен бірге енді, ендігі жерде марксизм тәжірибеге қажетсіз ілім болған кезде, бұлардың қандай қажеттілігі бар. Қажеттілігі жоқ.

***

Осы заманнан бастап, Батыс Европада позитивизм бастау алды. Көрнекті өкілі – Бертран Рассел. Позитивистер логикалық, лингвистикалық және діни тағы да басқа парадигмаларға құрылған позитивистер мектептері қалыптасты. Осы кезде әңгімеге Шәкәрім араласты. Ол позитивизмді анық нәрсе деп түсінді. Шынында да позитивизм анық деген мағына береді. Сонда Шәкәрім сонау Пифагордан бастап, Батыс Европа философиясына шолу және талдау беріп, үш анықты анықтаған.

Шәкәрімнің үш анығы мұсылмандық жолға бастамақ. Ол адамзатты бауыр ететін ізгілік жолы. Осы жолды қабылдағандар адаса ма, әлде адамзатты тура жолға сала ма?

Сурет: https://youtu.be/s2O10HbV6FE

Ол үшін Алла тағала білімін анық деу (бірінші анық), жан мәңгілігін мойындау (екінші анық) және оның екі дүниедегі азығы Ар білімін үйрену (үшінші анық).

Бұл әр зиялының көңіл қалауына ұсынылатын Шәкәрім пайымдауы.

Осылайша, қазақ топырағында позитивизмнің жаңа түрі іргесін тепті.

***

Хакім Абай философия дегенді қолданбаған. Оның ойшыл шәкірттері Шәкәрім, Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезов т.б. да пайдаланбаған. «Абай жолы» романының үшінші кітабының 37-38 беттерінде Мұхтар Әуезов Абай ауызымен философтар туралы былай дейді: «Жақында мен карастырып өткен бір философтың Құранмен бақас жасаған біраз сөздерін ғана сіздерге баян етейін...»

Философия деген ойшылдықтың нақ өзі емес, оның бір тармағы десек те болады. Философия – құдайсыз білім саласы, олай болса, философтың Құранды сынауы түсінікті. Соған қоса, философия батыс әлемінің санасына негізделгендіктен, шығыс әлемінің діни кітабына көзқарасы белгілі. Құран туралы ақиқатты философтар көзімен анықтау шынайы баға болып табылмайды. Философия тек батыстық санаға ғана емес, христиандық дүниетаным негізіне құрылған.

Абай философияны білім ретінде біл, ақылыңа сал деген.

Мұхтар Әуезов ауызекі сөзде пәлсапа деп отырады екен. Себебі атасы Әуез мұсылманша сауатты, яғни Әл-Фараби, Имам Ғазали еңбектерін оқыған. Сондықтан бала кезден қалыптасқан сана өсе келе ұлғайып, бұл философиялық ойлау бағытының терістігін түсінген.

***

Ойлау жүйемізде логика және қисын деген ұғымдар бар. Логика бойынша бір пікір дұрыс, екінші пікір теріс. Диалектикалық логика қайшылыққа негізделген. Қайшылық – дамудың көзі. Бұл Гегельдің ұстанымы. Абай болса былай дейді:

Әуелі хаят, хәдис - сөздің басы,
Қосарлы бәйітсымал келді арасы.
Қисынымен қызықты болмаса сөз,
Неге айтсын пайғамбар мен оны алласы.

Абай қисын дегенді ұсынған. Қисынды біздер логиканың баламасы ретінде қарастырып жүрдік. Онымыз дұрыстық емес екен. Мәселе мынада, егер дүние қайшылкта болады десеңіз онда диалектикалық логиканы мойында. Әл-Фараби, Абай айтқандай дүние жарастық (гармония) десек, онда қисынды қолдану қажет. Істің қисынын табу керек. Қисын бір пікірді теріске шығару емес, барша пікірден ортақ ұғым шығару. Абай «Сегізаяқ» деген өлеңінде, Қиуадан шауып, Қисынын тауып, десе «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінде «Қиыннан қиыстырар ер данасы»-деген. Әлемді жарастық деп қабылдап, сол дүниенің жарасымдылығын табатын тәсіл – қисын. Әлемде, дүниеде еш басы артық дүние жоқ. Күллі барлықтың өзінің орны, реті бар. Осы орын, ретін табу қисын. Осы мәселеде Әбу Насыр әл-Фараби мен Абай үндестікте.

Ғұлама әл-Фараби музыка туралы үлкен трактат жазды. Сонда ол әлемнен әуенінің қайшылығын емес, үндестігін іздеді. Сол үндестікті ноталарға салды, салып қана қоймай, ноталарға салған үндестікті орындайтын аспап жасады. Ол аспапты кейбір зерттеушілер домбыра десіп жүр. Сонда әлемнің қисынын табу даналық. Ал әлемнің логикасын іздеу, ғалымдық. Егер әлемнің қисынын тапқан адамды хакімдер десек, әлемнің логикасын іздеушілер ғалымдар. Абай айтады әрбір ғалым хакім емес, әрбір хакім ғалым дейді.

Абай сөз қисынымен қызықты болды дейді, қызық дегеннің мазмұны өмір. Өмірден басқа дүниеде қандай қызық бар? Қызықтың (өмірдің) қисынын табушылар Алла тағала және оның пайғамбарлары. Сондықтан Абай айтады, қисынымен қызықты болмаса сөз, неге айтсын пайғамбар мен оны Алласы.

Өмірдің қисынын біз Алла тағала арқылы, оның білімі арқылы және алғашқы ұстаз Пайғамбардың Құранды насихаттаудағы қызметі арқылы танып білеміз. Міне, әл-Фараби мен Абайдың түйісіп отырған жері осы. Бұл пәлсапаның негізгі мәселесі. Әрі қарай, осы мәселенің ұғымдары мен түсініктерін өздерінің шығармаларында таркатa береді. Біздің жағдайымызда әл-Фараби мен хакім Абайды иждехатпен оқу, түсіну, ұғыну және сол түсініктерімізді өзгелерге айту, насихаттау, бұл әрбір зиялы қауымның міндеті. Ғалым білгенін айту керек. Білгенін айтпайтын ғалым, ғалым емес. Білгенді айтпау күнә. Өйткені сол білімді Жаратушы білгізіп отыр. Бұл Пайғамбардың, хакімдердің дәстүрі.

***

Қорқыт өмірді өнерге айналдырған. Ақын

Мағжан Жұмабаевтың айтуына қарағанда, өнерді өмірге айналдыру үшін қобыз ойлап тауып, өмірді өнер арқылы түсінген. Сол тәрізді әл-Фараби де, Абай да өмірді өнер деп түсінген. Өмірді өнер деп түсінсеңіз, ол әрине қызық. Өнер адамды үнемі қызықтырушы феномен. Бұл – аксиома. Сондықтан Абай қисынымен қызықты деп, қызық дегенде өмірді айтып тұр. Сол өмірді қисынымен түсіндірушілер – Жаратушы, Пайғамбарлар.

***

Хакім Абай туралы үстіміздегі жылдың 9 қаңтарында Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» деген мақала жазғаны жұртшылыққа мәлім және басылым беттерінде қызу талқылануда.

Мемлекет басшысы былай деді: «Мен бұл мақалада Абай сөзінің бүгінгі заманымыз үшін көкейтестілігі, ақын шығармаларынан халқымыз қандай тағылым алуға тиіс екендігі жөнінде жұртшылықпен ой бөліскім келеді» деді. Ол қандай көкейтесті мәселелер?!

Бірінші мәселе. «Жаңғыру өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген емес». Бұл сабақтастық мәселесі. Өткен мен жаңаның арасы ешқашан үзілмеуі керек. Өткенсіз жаңа заманның құндылықтарын анықтай алмаймыз. Жаңа заман өткеннің жалғасы, бірақ біздің қоғамдық, әлеуметтік, саяси және рухани өмірімізде өткен мен жаңаның арасында үзіліс болды. Сондықтан бүгінде жаңғыру мәселесін күн тәртібіне қоюдамыз. Осы істе хакім Абай мұрасын айналып өту мүмкін емес. Кешегі күні ақын, ойшыл не айтты, оның бүгінгі ХХІ ғасырдағы салмағы қандай? Замандар ауысқанымен, өзгермейтін құндылық бар, ол – адам, оның қабілеті мен қасиеті. Мәселе адамның қабілетіне және қасиетіне өріс беріп, оларға жол ашу. Ол үшін өнегелі сөздерді Абайдың өзінен табамыз. Ол «Ғылым таппай мақтанба» дейді. Керемет ой. Ғылымы бар ел мықты. Ол елдің болашаққа деген нық сенімі болады. Ғылымсыз бос мақтану өнер ме?! Тәуелсіздік жылдары қазақ ғылымы өркендей алмады, оның себептерін көбіміз білеміз, бірақ сол білген себептерді ашық айтып, мәселе етіп қоя алмадық. Жасқаншақтық, жағымпаздық қылықтарымыздың арқасында ғылымдағы жетістіктерімізден мүлдем ажырап қалу қаупі орнығуда. Білім мен ғылымы әлсіреген қоғамның қуаты да әлсіз. Сондықтан рухани жаңғыру аса қажетті іс. Тәуелсіздік деген рухтың еркіндігі. Сол еркіндікке өткен жылдары ерік бере алмағанымыз бүгінде анықталуда. Абай айтқан пайда ойлама, ар ойла десе де, біз пайда ойлап кеттік. Мемлекет басшысы ендігі жерде тек пайда емес, арды ойлауға шақыруда. Бұл тұжырым дейді Президент мақаласында «Бұрынғыдан қазір зор маңызға ие болып отыр». Келісу керек және бұл Абай сабағы деген тұжырымға келгеніміз жөн.

Екінші мәселе. Президент қазір «Қазақстанда саяси жаңғыру үрдісі жүріп жатыр» деген. Саяси үрдіс ешқашан тоқталмайды. Себебі Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі, халықаралық көптеген ұйымдарға тікелей қатысты. Сондықтан әлемдегі саяси үрдістер бізді айналып өтпейді. Әрине бұл мәселеде популизмге салыну да қауіпті.

Еліміздегі бай мен кедейдің, білімді мен білімсіздің, қала мен ауылдың арасы қандай деген ауыр сауалдар барын жасыра алмаймыз. Бұл әлемде бар құбылыстар, алайда әрбір мемлекет өзінің қауқарына байланысты олардың шешімдерін іздеуде.

Бай мен кедейдің арасы елімізде тым алшақтап кетті. Бұл жақсылықтың нышаны емес. Жуық арада бұл жағдай реттелмесе қауіпті. Кедейленген елде, тарихтан белгілі, неше түрлі мінез-құлықты топтар саңырауқұлақтай өсіп шыға келеді. Дер кезінде ондай көріністерді саяси және қоғамдық тұрғыда реттеп ала алмасақ, олардың зардабы аса ауыр болмақ.

Президент қала мен ауылдың арасы туралы да мәселе көтерген. Бұл сонау социализм заманынан шешімін таппай келе жатқан жағдай.

Қазіргі урбанизациялық үрдістер біркелкі емес. Мегаполис деп аталған қалалардың өзінше өмір сүру тәртібі деп шешілмеген мәселе. Ауылдық тұрмыс қалалық жағдайға жақындау мәселесін шешуде үкімет шабан қимылдауда. Соның нәтижесінде ауыл халқының білімдігі және білімсіздігі деген жағдайлар аңғарылуда.

Үшінші мәселе. Президент хакім Абайдың «ақыл қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» деген ой-тұжырымын талқылауға ұсынған. Мұны «қазақ халқының өмірлік философиясы» деп атаған. Рас. Қайрат, ақыл кімде жоқ?! Халқымызда Қайрат атты азаматтар көп, бірақ ақылға қатысты ат қойылған азаматтар шағын. Неге? Бәріміз ойлануымыз керек. Ақыл Жаратушының нұры. Ақылсыз өркениет, ғылым, дін жоқ. Бірақ дейді Президент ақыл мен қайратты қатар ұстағанмен, олар жүрекке бағынуы керек. Жүрек деген мейірімділік. Мейірімсіз қайрат, мейрімсіз ақыл қайда бастамақ?! Әсіресе нарық кезінде, ар ойламай пайда ойлап кеткенде, қайрат пен ақылды жүрек арқылы өлшесек құба-құп.

Жүрек деген субстанция, оның көріну түрлері өнер, әдебиет. Қазіргі тілге салсақ, инновациялық өнер, инновациялық әдебиет. Ол деген не?! Заманына сай өнердің болуы, өнердің өмірдегі шешуші күшке айналуы. Бұл Президентіміз айтқан «қазақ халқының өмірлік пәлсапасы». Абай өнер адамы болған. Ол ең алдымен ақын, оның ақындығында ойшылдық дәстүр бар. Ол дәстүр сонау Фирдоуси замандарынан басталған өнердің жалғасы.

Төртінші мәселе. Президент «Абай әлемдік деңгейдегі кемеңгер» дейді. Тамаша тұжырым. Шынында Абай сондай тұлға. Бірақ біз Абайды әлемге әлі таныта алмай келеміз. Оның табиғи себептері де бар. Алдымен айтарымыз, Абай сияқты ұлт ақынын өзге тілге аудару қиынның қиыны. Орыс халқы Александр Пушкинді Еуропа тілдеріне аударумен әлі де шұғылданып, нәтижелі істерге жете алмауда. Бұл түсінікті жағдай. Алайда, қиыншылықтарға қарамастан Абайды әлем халықтарының тілдеріне аудару үрдісін жалғастыра беруіміз қажет. Себебі Президентіміз айтқандай, ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлаған ғұлама. Абайдың қара сөздерін өзге тілдерге аударуға, оның поэзиясына қарағанда мүмкін болатын шаруа.

Бесінші мәселе. «Қазақ елі барда Абай есімі асқақтай береді» – дейді Президент. Әрине қазақ барда халқымыздың рухани құндылықтары елімізбен бірге жасай беруі табиғи жағдай. Абай қазақ халқының рухани әлемінің темірқазығы. Абайды туған халқына кеңестік заманда қауыштырған жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың кемеңгерлігі. Абай арманы қазақ халқының болашағы.

Алтыншы мәселе. Хакім Абайдың мерейтойы ауқымында Семей қаласына ерекше көңіл бөлінуде. Семей Президенттің Жарлығымен тарихи орталыққа айналды. Семей өңірінде өтіп жататын мерейтойлар үрдісі ешқашан тоқталмақ емес. Биыл Абайдың 175 жылдығы. 2020 жылы Мұхтар Әуезовтың 125 жылдығы. 2023 жылы данышпан Шәкәрімнің 165 жылдығы. Сөйтіп мерейтойлар бұл аймақта бес жыл сайын қайталана береді. Олай болса, Семей өңірі киелі өлке. Соған сай Үкімет тиісті шаралар жүргізулері керек. Соның бірі Семей қаласынан Жидебайға дейін төрт жолақты жол салып, оны «Абай даңғылы» деп атап, оны абаттандырса, туризмге де жасалған қажетті шара болар еді. Бұлай деуге негіз бар. Осы 180 шақырым жол бойында үш ғұлама дүниеге келген. Олар: Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов. Той тойланып кетеді, тойдан не қалады дегенде, осындай заманауи жол болса, ол халықтың игілігіне қызмет етері анық.

Жетінші мәселе. Президент «Абай сыны ауыр сын» деді мақаласында. Ойшылдың көзі тірісінде айтылған сыны бүгінде түзелді ме?! Ел бірлігі, ынтымағы қалай? Кедейлер мен байлардың арақатынасы қандай? Хакім айтқан бес дұшпанымыз, бес асыл іс қалай іске асуда? Жоқ әлде өтірік пен өсекті жүндей сабалаудамыз ба? Өзімізді-өзіміз алдауды әдетке айналдырып алдық па? Орынсыз жерде көрінуге

тырысып, бос мақтан қуып кеттік пе? Кісілік, адамшылық дегендер қандай өрісте? Ұрпақтардың арасындағы сабақтастық қандай? Тіліміз бен дініміздің жағдайы қандай? тағысын тағылар.

Өкінішке орай, сұрақ көп, жауап аз. Президентпен еріксіз келісеміз. Абай сыны ауыр сын.

Сегізінші мәселе. Президент «Біз Абайдың көмегін түсіне алдық па, зерделей алдық па» дейді. Ауыр сауал. Еліміз ілгері кеткен отыз елдің қатарына енуіміз қажет деген ұран көтерілгені қашан. Бізге нақтылық керек. Отыз елдің қатары дегенде нені мақсат етіп отырмыз? Білім, ғылым, технолгия саласы ма, жоқ әлде рухани сана ма?

Менің ойымша, ілгері кеткен отыз елден біз негізінен технологиялық жағынан артта қалдық. Ол бір.

Екіншіден тәртіп, құқық жағынан жетілдірмедік.

Үшіншіден, елді саяси басқару жағынан кенжелеудеміз.

Төртіншіден, мемлекеттік немесе қоғамдық институттардың болмауы... Рухани жағынан бізден ілгері кеткен отыз елден кенже қалдық деп айта алмаймын. Біз алтын сандықтың үстінде отырған халықпыз. Оған дәлел, биыл тойланғалы отырған ғұлама Әл-Фарабидің 1150 жылдығы. Ол оныншы ғасырда өмір сүрген ғұлама. Сол заманда біз өмір сүрген өңірде әлемдік деңгейде ойлау мәдениеті болған. Оны биік шыңға көтерген Әбу Насыр әл-Фараби, Ибн Сина, одан кейін Қожа Ахмет Иассауи және Жүсіп Баласағұн, тағысын тағылар.

Сөз болып отырған хакім Абай мерейтойы рухани қазынамыздың асылдығының куәсі, демек жоғымызды жоқ, барымызды бар деп саралап сөйлегеніміз абзал.

Тоғызыншы мәселе. «Абай мұрасы біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық» – дейді Мемлекет басшысы. Тамаша тұжырым. Лайым осылай болғай. Егер ел басшылары осындай түсінікте болса, әрине Абай мұрасы елдігіміздің, бірлігіміздің кепілі болмақ. Ол айтты емес пе, «Біріңді қазақ бірің дос, көрмесең істің бәрі бос». Абай мұрасы елдігіміздің кепілі. Осы істің басында Президенттің тұрғаны бізге үміт шамын жақтырды. Ұзағынан болсын!

Оныншы мәселе. 2020 жылы жаңа кезең басталды. Әрбір азаматқа жүк түсетін жыл. Ендігі жерде сапасыз қызмет, сапасыз білім, сапасыз ғылым дегендер қар суындай еріп, жойылуы қажет. Жапондықтарда кәсіпкерлерге лайықталған Кайдзен деген философия бар. Бұл философия мағынасы адамдардың қызмет ететін орындары тап-таза және ұқыпты жабдықталған, жинақталған болуы қажет. Алайда, одан да маңыздысы қызметкердің санасы таза болуы керек. Бізде санамызды ауық-ауық «тарап» отырғанымыз аса қажет.

Ұлттық код жиі айтылатын сөз. Ол не? Меніңше, ұлттық код – ұлттық тілі. Бар болмысымыз тілде. Тіл – код арқылы алтын сандық дәстүрімізді ашамыз. Ішіндегі қазыналарымызды пайдаланамыз.

Бір халықты екінші халықтан ажыратып тұратын қасиет ол дәстүр. Дәстүр – ұлт субстанциясы. Оның көріну акциденциялары мол. Оларды әдет, дәстүр, ғұрып, салт, сана деп жатамыз.

Сондықтан, дәстүріміздің ұлттық коды мемлекеттік тіліміз баршама қазақстандықтарға ортақ қарым-қатынас құралы болуы табиғи жағдай. Бұл ел бірлігінің кепілі. Тек осындай жағдайда ұлт болып бірлесу баға жетпес құндылық болмақ.

عارىفوللا ەسىم - عالىم، فيلوسوفيا عىلىمدارىنىڭ دوكتورى، پروفەسسور، قازاقستان عىلىم اكادەمياسىنىڭ اكادەميگى، اباينانۋشى.

حاكىم اباي جانە قازىرگى زامان

حاكىم اباي دەگەندە ءۇلاما ءال-فارابي باستاعان ويشىلدىق ءداستۇر تۋرالى ءسوز ايتپاقپىز. **X** عاسىردا ءپالساپا ويلاۋ جۇيەسىنىڭ نەگىزىن قالاعان ءۇلاما ءال-فارابيدەن حاكىم ابايعا دەيىن ون عاسىر. ءال-ءفارابيدىڭ ويشىلدىق ءداستۇرى وسى مەرزىم ىشىندە ۇزىلگەن جوق، كەرىسىنشە ونىڭ اسا تالانتتى ءىزباسارى يبن سينا ءپالساپانى ودان ءارى جەتىلدىردى. يبن سينانى ەۋروپادا «عالىمداردىڭ بەكزاداسى» دەپ اتاعان. ونىڭ «دانىشپان-نامە» دەگەن كىتابىن زامانداستارى ءپالساپانىڭ ەنتسيكلوپەدياسى دەپ باعالاعان. بۇل ەڭبەكتە سول زامانداعى بارشا ءپالساپانىڭ ۇعىمى مەن تۇسىنىكتەرىنە جانە كەيىنگى باتىس ەۋروپا فيلوسوفتارى ايتىپ، تالقىلاپ جۇرگەن تۇسىنىكتەر مەن ۇعىمداردىڭ ءبارى دەرلىك قامتىلعان. يبن سينانىڭ «جان تۋرالى» كىتابى وتە قۇندى. مۇندا ول اريستوتەلدىڭ «جان تۋرالى» تراكتاتىن الدەنەشە رەت وقىپ وتىرىپ، ءوزىنىڭ ويلارىن وربىتكەن. ونىڭ ويلارى ءال-فارابي ويلارىمەن ۇندەس. مۇندا جاننىڭ ماڭگىلىگى جانە جاننىڭ ءبىر تۋردەن ەكىنشى تۇرگە اۋىسۋ تۋرالى پايىمداۋلارى بار. يبن سينادان كەيىنگى ىنتالداي ءپالساپاشى ءۇلامالار بولعان: ءجۇسىپ بالاساعۇن، ماحمۇد قاشقاري، ءال-عازالي، يبن بادج، قوجا احمەت ياسساۋي، يبن تۇفەيل، يبن ارابي، يبن حالدۇن، اباي، شاكارىم، مۇحتار اۋەزوۆ، شىڭعىس ايتماتوۆ.

وسى تۇستا ايتارىم، ءابۋ ناسىر ءال-فارابيدەن ابايعا دەيىنگى ۋاقىتتى ءپالساپا تاريحىنىڭ ءبىر كەزەڭى، ابايدان كەيىن ەكىنشى كەزەڭ باستالدى.

***

XVIII عاسىردىڭ ەكىنشى جارتىسىندا باتىس ەۋروپادا وگيۋست كونت (1798-1857) جاڭا باعىت ۇسىندى. ول باعىتتىڭ اتاۋى - پوزيتيۆيزم. ول كىسىنىڭ ويىنشا، فيلوسوفيا دەگەن ماعىناسىز ءسوز. ول ادامزاتقا ىنتالداي بىلىمدەر جۇيەسىن ۇسىندى: ماتەماتيكا، استرونوميا، فيزيكا، حيميا، بيولوگيا جانە سوتسيولوگيا.

بارىمىزگە جاقسى بەلگىلى فريدريح ەنگەلستىڭ «ليۋدۆيگ فەيەرباح جانە نەمىس كلاسسيكالىق فيلوسوفياسىنىڭ اقىرى» دەگەن ەڭبەگى بار. كەزىندە ماركسىزم-لەنينيزم فيلوسوفيانى وقىپ ۇيرەنۋشىلەر جاتتاپ الدى

دەسەك تە بولعانداي. بىراق ەگبەكتىڭ نەگىزگى مانىنە وي سالماعىن تۇسىرمەيپىز. فريدريح ەنگەلس نەمىس كلاسسيكالىق فيلوسوفياسىنىڭ اقىرى، ياعني كلاسسيكالىق فيلوسوفيا ٴبىتتى، اياقتالدى، ٴتامام بولدى دەپ جازعان. كلاسسيكالىق فيلوسوفيانىڭ سوڭعى تۇلعاسى ليۋدۆيگ فەيەرباح دەگەن. انىق ماسەلە. ەندىگى جەردە نەمىس كلاسسيكالىق فيلوسوفياسىن الىپ شىعىپ، قايتا جاندانىرۋدىڭ قانداي قاجەتى بار ەدى. قاجەتتىلىگى سول، نەمىس كلاسسيكالىق فيلوسوفياسىن ۆلاديمير لەنين، قاعىپ-سوعىپ «ماركسيزمنىڭ ٴۇش بولىگى جانە ٴۇش قۇرامداس بولىگى» دەگەن ماقالا جازدى. سوندا ونىڭ ايتپاعى، ماركستىك فيلوسوفيا قۇرۋ ٴۇشىن ٴبىر تەوريالىق نەگىزگە سۇيەنۋ كەرەك بولادى، سول تەوريالىق نەگىزى نەمىستىڭ كلاسسيكالىق فيلوسوفياسى بولىپ شىقتى. ٴسويتىپ، ومىرگە قايتادان كانت، گەگەلدەر ەندى. دەمەك، بۇلار تاجىريبەگە ماركسيزممەن بىرگە ەندى، ەندىگى جەردە ماركسيزم تاجىريبەگە قاجەتسىز ٴبىلىم بولعان كەزدە، بۇلاردىڭ قانداي قاجەتتىلىگى بار. قاجەتتىلىگى جوق.

***

وسى زاماننان باستاپ، باتىس ەۋروپادا پوزيتيۆيزم باستاۋ الدى. كورنەكتى وكىلى - بەرتران راسسەل. پوزيتيۆيستەر لوگيكالىق، لينگۆيستيكالىق جانە ٴدىني تاعى دا باسقا پاراديگمالارعا قۇرىلعان پوزيتيۆيستەر مەكتەپتەرى قالىپتاستى. وسى كەزدە اڭگىمەگە شاكارىم ارالاستى. ول ٴپوزيتيۆيزمدى انىق نارسە دەپ ٴتۇسىندى. شىنىندا دا پوزيتيۆيزم انىق دەگەن ماعىنا بەرەدى. سوندا شاكارىم سوناۋ پيفاگوردان باستاپ، باتىس ەۋروپا فيلوسوفياسىنا شولۋ جانە تالداۋ بەرىپ، ٴۇش انىقتى انىقتاعان.

شاكارىمنىڭ ٴۇش انىعى مۇسىلماندىق جولعا باستاماق. ول ادامزاتتى باۋىر ەتەتىن ىزگىلىك جولى. وسى جولدى قابىلداعاندار اداسا ما، الدە ادامزاتتى تۇرا جولعا سالا ما؟

ول ٴۇشىن اللا تاعالا ٴبىلىمىن انىق دەۋ (ٴبىرىنشى انىق)، جان ماڭگىلىگىن مويىنداۋ (ەكىنشى انىق) جانە ونىڭ ەكى دۇنيەدەگى ازىعى ار ٴبىلىمىن ۇيرەنۋ (ٴۇشىنشى انىق).

بۇل ٴار زيالىنىڭ كوڭىل قالاۋىنا ۇسىنىلاتىن شاكارىم پايىمداۋى. وسىلايشا، قازاق توپىراعىندا ٴپوزيتيۆيزمنىڭ جاڭا ٴتۇرى ىرگەسىن تەپتى.

***

حاكىم اباي فيلوسوفيا دەگەندى قولدانباعان. ونىڭ ويشىل شاكىرتتەرى شاكارىم، احمەت بايتۇرسىنوۆ، مۇحتار اۋەزوۆ ت.ب. دا پايدالانباعان. «اباي جولى» رومانىنىڭ ٴۇشىنشى كىتابىنىڭ 37 - 38 بەتتەرىندە مۇحتار اۋەزوۆ اباي

اۋزىمەن فيلوسوفتار تۋرالى بىلاي دەيدى: «جاقىندا مەن قاراستىرىپ وتكەن ءبىر فيلوسوفتىڭ قۇرانمەن باقاس جاساعان ءبىراز سوزدەرىن عانا سىزدەرگە بايان ەتەيىن...»

فيلوسوفيا دەگەن ويشىلدىقتىڭ ناق ءوزى ەمەس، ونىڭ ءبىر تارماعى دەسەك تە بولادى. فيلوسوفيا – قۇدايسىز ءبىلىم سالاسى، ولاي بولسا، فيلوسوفتىڭ قۇراندى سىناۋى تۇسىنىكتى. سوعان قوسا، فيلوسوفيا باتىس الەمىنىڭ ساناسىنا نەگىزدەلگەندىكتەن، شىعىس الەمىنىڭ ءدىني كىتابىنا كوزقاراسى بەلگىلى. قۇران تۋرالى اقيقاتتى فيلوسوفتار كوزىمەن انىقتاۋ شىنايى باعا بولىپ تابىلمايدى. فيلوسوفيا تەك باتىستىق ساناعا عانا ەمەس، حريستياندىق دۇنيەتانىم نەگىزىنە قۇرىلعان.

اباي فيلوسوفيانى ءبىلىم رەتىندە ءبىل، اقىلىڭا سال دەگەن. مۇحتار اۋەزوۆ اۋىز ەكى سوزدە ءپالساپا دەپ وتىرادى ەكەن. سەبەبى اتاسى اۋەز مۇسىلمانشا ساۋاتتى، ياعني ءال-فارابي، يمام عازالي ەڭبەكتەرىن وقىعان. سوندىقتان بالا كەزدەن قالىپتاسقان سانا وسە كەلە ۇلعايىپ، بۇل فيلوسوفيالىق ويلاۋ باعىتىنىڭ تەرىستىگىن تۇسىنگەن.

***

ويلاۋ جۇيەمىزدە لوگيكا جانە قيسىن دەگەن ۇعىمدار بار. لوگيكا بويىنشا ءبىر پىكىر دۇرىس، ەكىنشى پىكىر تەرىس. ديالەكتيكالىق لوگيكا قايشىلىققا نەگىزدەلگەن. قايشىلىق – دامۋدىڭ كوزى. بۇل گەگەلدىڭ ۇستانىمى. اباي بولسا بىلاي دەيدى:

اۋەلى حايات، ءحاديس – ءسوزدىڭ باسى،
قوسارلى ءبايتمىسال كەلدى اراسى.
قيسىنىمەن قىزىقتى بولماسا ءسوز،
نەگە ايتسىن پايعامبار مەن ونى اللاسى.

اباي قيسىن دەگەندى ۇسىنعان. قيسىندى بىزدەر لوگيكانىڭ بالاماسى رەتىندە قاراستىرىپ جۇردىك. ونىمىز دۇرىستىق ەمەس ەكەن. ماسەلە مىنادا، ەگەر دۇنيە قايشىلىقتا بولادى دەسەڭىز وندا ديالەكتيكالىق لوگيكانى مويىندا. ءال-فارابي، اباي ايتقانداي دۇنيە جاراستىق (گارمونيا) دەسەك، وندا قيسىندى قولدانۋ قاجەت. ءىستىڭ قيسىنىن تابۋ كەرەك. قيسىن ءبىر پىكىردى تەرىسكە شىعارۋ ەمەس، بارشا پىكىردەن ورتاق ۇعىم شىعارۋ. اباي «سەگىزاياق» دەگەن ولەڭىندە، قيۋدان شاۋىپ، قيسىنىن تاۋىپ، دەسە «ولەڭ – ءسوزدىڭ پاتشاسى، ءسوز ساراسى» دەگەن ولەڭىندە «قيىننان قيىستىرار ەر داناسى» - دەگەن. الەمدى جاراستىق دەپ قابىلداپ، سول دۇنيەنىڭ جاراسىمدىلىعىن تاباتىن ءتاسىل – قيسىن. الەمدە، دۇنيەدە ەش باسى ارتىق

دۇنيه جوق. كوٴڭىلى بارلىقتىڭ ٴوزىنىڭ ورنى، رەتى بار. وسى ورىن، رەتىن تابۋ قيسىن. وسى ماسەلەدە ٴابۋ ناسىر ٴال-فارابي مەن اباي ۇندەستىكتە. عۇلاما ٴال-فارابي مۋزىكا تۋرالى ۇلكەن تراكتات جازدى. سوندا ول الەمنەن اۋەننىڭ قايشىلىعىن ەمەس، ۇندەستىگىن ىزدەدى. سول ۇندەستىكتى نوتالارعا سالدى، سالىپ قانا قويماي، نوتالارعا سالعان ۇندەستىكتى ورىندايتىن اسپاپ جاسادى. ول اسپاپتى كەيىنگى زەرتتەۋشىلەر دومبىرا دەسىپ ٴجۇر. سوندا الەمنىڭ قيسىنىن تابۋ دانالىق. ال الەمنىڭ لوگيكاسىن ىزدەۋ، عالىمدىق. ەگەر الەمنىڭ قيسىنىن تاپقان ادامدى حاكىمدەر دەسەك، الەمنىڭ لوگيكاسىن ىزدەۋشىلەر عالىمدار. اباي ايتادى ٴاربىر عالىم حاكىم ەمەس، ٴاربىر حاكىم عالىم دەيدى.

اباي ٴسوز قيسىنىمەن قىزىقتى بولدى دەيدى، قىزىق دەگەننىڭ مازمۇنى ٴومىر. ومىردەن باسقا دۇنيەدە قانداي قىزىق بار؟ قىزىقتىڭ (ٴومىردىڭ) قيسىنىن تابۋشىلار اللا تاعالا جانە ونىڭ پايعامبارلارى. سوندىقتان اباي ايتادى، قيسىنىمەن قىزىقتى بولماسا ٴسوز، نەگە ايتسىن پايعامبارمەن ونى اللاسى.

ٴومىردىڭ قيسىنىن ٴبىز اللا تاعالا ارقىلى، ونىڭ ٴبىلىمى ارقىلى جانە العاشقى ۇستاز پايعامباردىڭ قۇراندى ناسيحاتتاۋداعى قىزمەتى ارقىلى تانىپ بىلەمىز. مىنە، ٴال-فارابي مەن ابايدىڭ ٴتۇيىسىپ وتىرعان جەرى وسى. بۇل ٴپالساپانىڭ نەگىزگى ماسەلەسى. ٴارى قاراي، وسى ماسەلەنىڭ ۇعىمدارى مەن تۇسىنىكتەرىن وزدەرىنىڭ شىعارمالارىندا تارقاتا بەرەدى. ٴبىزدىڭ جاعدايىمىزدا ٴال-فارابي مەن حاكىم ابايدى بىجدەحاتپەن وقۋ، ٴتۇسىنۋ، ۇعىنۋ جانە سول تۇسىنىكتەرىمىزدى وزگەلەرگە ايتۋ، ناسيحاتتاۋ، بۇل ٴاربىر زيالى قاۋىمنىڭ مىندەتى. عالىم بىلگەنىن ايتۋ كەرەك. بىلگەنىن ايتپايتىن عالىم، عالىم ەمەس. بىلگەندى ايتپاۋ كۇنا. ويتكەنى سول ٴبىلىمدى جاراتۋشى بىلگىزىپ وتىر. بۇل پايعامباردىڭ، حاكىمدەردىڭ ٴداستۇرى.

***

قورقىت ٴومىردى ونەرگە اينالدىرعان. اقىن ماعجان جۇماباەۆتىڭ ايتۋىنا قاراعاندا، ونەردى ومىرگە اينالدىرۋ ٴۇشىن قوبىز ويلاپ تاۋىپ، ٴومىردى ونەر ارقىلى تۇسىنگەن. سول ٴتارىزدى ٴال-فارابي دە، اباي دا ٴومىردى ونەر دەپ تۇسىنگەن. ٴومىردى ونەر دەپ تۇسىنسەڭىز، ول ارينە قىزىق. ونەر ادامدى ۇنەمى قىزىقتىرۋشى فەنومەن. بۇل - اكسيوما. سوندىقتان اباي قيسىنىمەن قىزىقتى دەپ، قىزىق دەگەنىڭ ٴومىردى ايتىپ تۇر. سول ٴومىردى قيسىنىمەن تۇسىندىرۋشىلەر - جاراتۋشى، پايعامبارلار.

***

حاكىم اباي تۋرالى ۇستىمىزدەگى جىلدىڭ 9 قاڭتارىندا قازاقستان رەسپۋبليكاسى پرەزيدەنتى قاسىم-جومارت توقاەۆ «اباي جانە **XXI** عاسىرداعى قازاقستان» دەگەن ماقالا جازعانى جۇرتشىلىققا ءمالىم جانە باسىلىم بەتتەرىندە قىزۋ تالقىلانۋدا.

مەملەكەت باسشىسى بىلاي دەدى: «مەن بۇل ماقالادا اباي ءسوزىنىڭ بۇگىنگى زامانىمىز ءۇشىن كوكەيتەستىلىگى، اقىن شىعارمالارىنان حالقىمىز قانداي تاعىلىم الۋعا ءتيىس ەكەندىگى جونىندە جۇرتشىلىقپەن وي بولىسكىم كەلەدى» دەدى. ول قانداي كوكەيتەستى ماسەلەلەر؟!

ءبىرىنشى ماسەلە. «جاڭعىرۋ وتكەننەن قول ءۇزىپ، تەك جاڭا قۇندىلىقتارعا جول اشۋ دەگەن ەمەس». بۇل ساباقتاستىق ماسەلەسى. وتكەن مەن جاڭانىڭ اراسى ەشقاشان ۇزىلمەۋى كەرەك. وتكەنىسىز جاڭا زاماننىڭ قۇندىلىقتارىن انىقتاي المايمىز. جاڭا زامان وتكەننىڭ جالعاسى، بىراق ءبىزدىڭ قوعامدىق، الەۋمەتتىك، ساياسي جانە رۋحاني ومىرىمىزدە وتكەن مەن جاڭانىڭ اراسىندا ءۇزىلىس بولدى. سوندىقتان بۇگىندە جاڭعىرۋ ماسەلەسىن كۇن تارتىبىنە قويۋدامىز. وسى تۇستا حاكىم اباي مۇراسىن ايالىپ ءوتۋ مۇمكىن ەمەس. كەشەگى كۇنى اقىن، ويشىل نە ايتتى، ونىڭ بۇگىنگى **XXI** عاسىرداعى سالماعى قانداي؟ زاماندار اۋىسقانىمەن، وزگەرمەيتىن قۇندىلىق بار، ول – ادام، ونىڭ قابىلەتى مەن قاسيەتى. ماسەلە ادامنىڭ قابىلەتىنە جانە قاسيەتىنە ءورىس بەرىپ، ولارعا جول اشۋ. ول ءۇشىن ونەگەلى سوزدەردى ابايدىڭ وزىنەن تابامىز. ول «عىلىم تاپپاي ماقتانبا» دەيدى. كەرەمەت وي. عىلىمى بار ەل مىقتى. ول ەلدىڭ بولاشاقا دەگەن نىق سەنىمى بولادى. عىلىمسىز بوس ماقتانۋ ونەر مە؟! تاۋەلسىزدىك جىلدارى قازاق عىلىمى وركەندەي المادى، ونىڭ سەبەپتەرىن كوبىمىز بىلەمىز، بىراق سول بىلگەن سەبەپتەردى اشىق ايتىپ، ماسەلە ەتىپ قويا المادىق. جاسقانشاقتىق، جاعىمپازدىق قىلىقتارىمىزدىڭ ارقاسىندا عىلىمداعى جەتىستىكتەرىمىزدەن مۇلدەم اجىراپ قالۋ قاۋپى ورنىعۋدا. ءبىلىم مەن عىلىمى السىرەگەن قوعامنىڭ قۋاتى دا ءالسىز. سوندىقتان رۋحاني جاڭعىرۋ اسا قاجەتتى ءىس. تاۋەلسىزدىك دەگەن رۋحتىڭ ەركىندىگى. سول ەركىندىككە وتكەن جىلدارى ەرىك بەرە الماعانىمىز بۇگىندە انىقتالۋدا. اباي ايتقان پايدا ويلاما، ار ويلا دەسە دە، ءبىز پايدا ويلاپ كەتتىك. مەملەكەت باسشىسى ەندىگى جەردە تەك پايدا ەمەس، اردى ويلاۋعا شاقىرۋدا. بۇل تۇجىرىم دەيدى پرەزيدەنت ماقالاسىندا «بۇرىنعىدان قازىر زور ماڭىزعا يە بولىپ وتىر». كەلىسۋ كەرەك جانە بۇل اباي ساباعى دەگەن تۇجىرىمعا كەلگەنىمىز ءجون.

ەكىنشى ماسەلە. پرەزيدەنت قازىر «قازاقستاندا ساياسي جاڭعىرۋ ٴۇردىسى ٴجۇرىپ جاتىر» دەگەن. ساياسي ٴۇردىس ەشقاشان توقتالمايدى. سەبەبى قازاقستان رەسپۋبليكاسى بىرىككەن ۇلتتار ۇيىمىنىڭ مۇشەسى، حالىقارالىق كوپتەگەن ۇيىمدارعا تىكەلەي قاتىستى. سوندىقتان الەمدەگى ساياسي ۇردىستەر ٴبىزدى اينالىپ وتپەيدى. ارينە بۇل ماسەلەدە پوپۋليزمگە سالىنۋ دا قاۋىپتى.

ەلىمىزدەگى باي مەن كەدەيدىڭ، ٴبىلىمدى مەن ٴبىلىمسىزدىڭ، قالا مەن اۋىلدىڭ اراسى قانداي دەگەن اۋىر ساۋالدار بارىن جاسىرا المايمىز. بۇل الەمدە بار قۇبىلىستار، الايدا ٴاربىر مەملەكەت ٴوزىنىڭ قاۋقارىنا بايلانىستى ولاردىڭ شەشىمدەرىن ىزدەۋدە.

باي مەن كەدەيدىڭ اراسى ەلىمىزدە تىم الشاقتاپ كەتتى. بۇل جاقسىلىقتىڭ نىشانى ەمەس. جۋىق ارادا بۇل جاعداي رەتتەلمەسە قاۋىپتى. كەدەيلەنگەن ەلدە، تاريحتان بەلگىلى، نەشە ٴتۇرلى مىنەز-قۇلىقتى توپتار ساڭىراۋقۇلاقتاي ٴوسىپ شىعا كەلەدى. دەر كەزىندە ونداي كورىنىستەردى ساياسي جانە قوعامدىق تۇرعىدا رەتتەپ الا الماساق، ولاردىڭ زاردابى اسا اۋىر بولماق.

پرەزيدەنت قالا مەن اۋىلدىڭ اراسى تۋرالى دا ماسەلە كوتەرگەن. بۇل سوناۋ سوتسياليزم زامانىنان شەشىمىن تاپپاي كەلە جاتقان جاعداي. قازىرگى ۋربانيزاتسيالىق ۇردىستەر بىركەلكى ەمەس. مەگاپوليس دەپ اتالعان قالالاردىڭ وزىنشە ٴومىر ٴسۇرۋ ٴتارتىبى دەپ شەشىلمەگەن ماسەلە. اۋىلدىق تۇرمىس قالالىق جاعدايعا جاقىنداۋ ماسەلەسىن شەشۋدە ۇكىمەت شابان قيمىلداۋدا. سونىڭ ناتيجەسىندە اۋىل حالقىنىڭ بىلىمدىگى جانە بىلىمسىزدىگى دەگەن جاعدايلار اڭعارىلۋدا.

ٴۇشىنشى ماسەلە. پرەزيدەنت حاكىم ابايدىڭ «اقىل قايرات، جۇرەكتى بىردەي ۇستا، سوندا تولىق بولاسىڭ ەلدەن بولەك» دەگەن وي-تۇجىرىمىن تالقىلاۋعا ۇسىنعان. مۇنى «قازاق حالقىنىڭ ومىرلىك فيلوسوفياسى» دەپ اتاعان. راس. قايرات، اقىل كىمدە جوق؟! حالقىمىزدا قايرات اتتى ازاماتتار كوپ، بىراق اقىلعا قاتىستى ات قويىلعان ازاماتتار شاعىن. نەگە؟ ٴبارىمىز ويلانۋىمىز كەرەك. اقىل جاراتۋشىنىڭ نۇرى. اقىلسىز وركەنيەت، عىلىم، ٴدىن جوق. بىراق دەيدى پرەزيدەنت اقىل مەن قايراتتى قاتار ۇستاعانىمەن، ولار جۇرەككە باعىنۋى كەرەك. جۇرەك دەگەن مەيىرىمدىلىك. مەيىرىمسىز قايرات، مەيىرىمسىز اقىل قايدا باستاماق؟! اسىرەسە نارىق كەزىندە، ار ويلاماي پايدا ويلاپ كەتكەندە، قايرات پەن اقىلدى جۇرەك ارقىلى ولشەسەك قۇبا-قۇپ. جۇرەك دەگەن سۋبستانتسيا، ونىڭ كورىنەۋ تۇرلەرى ونەر، ادەبيەت. قازىرگى

تىلگە سالساق، يننوۆاتسيالىق ونەر، يننوۆاتسيالىق ادەبيەت. ول دەگەن نە؟! زامانىنا ساي ونەردىڭ بولۋى، ونەردىڭ ومىردەگى شەشۋشى كۇشكە اينالۋى. بۇل پرەزيدەنتىمىز ايتقان «قازاق حالقىنىڭ ومىرلىك ٴپالساپاسى». اباي ونەر ادامى بولعان. ول ەڭ الدىمەن اقىن، ونىڭ اقىندىعىندا ويشىلدىق ٴداستۇر بار. ول ٴداستۇر سوناۋ فيردوۋسي زاماندارىنان باستالعان ونەردىڭ جالعاسى.

ٴتورتىنشى ماسەلە. پرەزيدەنت «اباي الەمدىك دەڭگەيدەگى كەمەڭگەر» دەيدى. تاماشا تۇجىرىم. شىنىندا اباي سونداي تۇلعا. بىراق ٴبىز ابايدى الەمگە ٴالى تانىتا الماي كەلەمىز. ونىڭ تابيعي سەبەپتەرى دە بار. الدىمەن ايتارىمىز، اباي سياقتى ۇلت اقىنىن وزگە تىلگە اۋدارۋ قيىننىڭ قيىنى. ورىس حالقى الەكساندر پۋشكيندى ەۋروپا تىلدەرىنە اۋدارۋمەن ٴالى دە شۇعىلدانىپ، ناتيجەلى ىستەرگە جەتە الماۋدا. بۇل تۇسىنىكتى جاعداي. الايدا، قيىنشىلىقتارعا قاراماستان ابايدى الەم حالىقتارىنىڭ تىلدەرىنە اۋدارۋ ٴۇردىسىن جالعاستىرا بەرۋىمىز قاجەت. سەبەبى پرەزيدەنتىمىز ايتقانداي، ول كۇللى ادامزات بالاسىنا اقىل-ويدىڭ جەمىسىن سىيلاعان عۇلاما. ابايدىڭ قارا سوزدەرىن وزگە تىلدەرگە اۋدارۋعا، ونىڭ پوەزياسىنا قاراعاندا مۇمكىن بولاتىن شارۋا.

بەسىنشى ماسەلە. «قازاق ەلى باردا اباي ەسىمى اسقاقتاي بەرەدى» - دەيدى پرەزيدەنت. ارينە قازاق باردا حالقىمىزدىڭ رۋحاني قۇندىلىقتارى ەلىمىزبەن بىرگە جاساي بەرۋى تابيعي جاعداي. اباي قازاق حالقىنىڭ رۋحاني الەمىنىڭ تەمىرقازىعى. ابايدى تۋعان حالقىنا كەڭەستىك زاماندا قاۋىشتىرعان جازۋشى مۇحتار ومارحان ۇلى اۋەزوۆتىڭ كەمەڭگەرلىگى. اباي ارمانى قازاق حالقىنىڭ بولاشاعى.

التىنشى ماسەلە. حاكىم ابايدىڭ مەرەيتويى اۋقىمىندا سەمەي قالاسىنا ەرەكشە كوڭىل بولىنۋدە. سەمەي پرەزيدەنتتىڭ جارلىعىمەن تاريحي ورتالىققا اينالدى. سەمەي وڭىرىندە ٴوتىپ جاتاتىن مەرەيتويلار ٴۇردىسى ەشقاشان توقتالماق ەمەس. بيىل ابايدىڭ 175 جىلدىعى. 2020 جىلى مۇحتار اۋەزوۆتىڭ 125 جىلدىعى. 2023 جىلى دانىشپان شاكارىمنىڭ 165 جىلدىعى. ٴسويتىپ مەرەيتويلار بۇل ايماقتا بەس جىل سايىن قايتالانا بەرەدى. ولاي بولسا، سەمەي ٴوڭىرى كيەلى ولكە. سوعان ساي ۇكىمەت ٴتيىستى شارالار جۇرگىزۋلەرى كەرەك. سونىڭ ٴبىرى سەمەي قالاسىنان جيدەبايعا دەيىن ٴتورت جولاقتى جول سالىپ، ونى «اباي داڭعىلى» دەپ اتاپ، ونى اباتتاندىرسا، تۋريزمگە دە جاسالعان قاجەتتى شارا بولار ەدى. بۇلاي دەۋگە نەگىز بار. وسى 180 شاقىرىم جول بويىندا ٴۇش عۇلاما دۇنيەگە كەلگەن. ولار: اباي، شاكارىم، مۇحتار اۋەزوۆ.

توي تويلانىپ كەتەدى، تويدان نە قالادى دەگەندە، وسىنداي زاماناۋي جول بولسا، ول حالىقتىڭ يگىلىگىنە قىزمەت ەتەرى انىق.

جەتىنشى ماسەلە. پرەزيدەنت «اباي سىنى اۋىر سىن» دەدى ماقالاسىندا. ويشىلدىڭ كوزى تىرىسىندە ايتىلعان سىنى بۇگىندە تۇزەلدى مە؟! ەل بىرلىگى، ىنتىماعى قالاي؟ كەدەيلەر مەن بايلاردىڭ اراقاتىناسى قانداي؟ حاكىم ايتقان بەس دۇشپانىمىز، بەس اسىل ءىس قالاي ىسكە اسۋدا؟ جوق الدە وتىرىك پەن وسەكتى جۇندەي سابالاۋدامىز با؟ ءوزىمىزدى-ءوزىمىز الداۋدى ادەتكە اينالدىرىپ الدىق پا؟ ورىنسىز جەردە كورىنۋگە تىرىسىپ، بوس ماقتان قۋىپ كەتتىك پە؟ كىسىلىك، ادامشىلىق دەگەندەر قانداي ورىستە؟ ۇرپاقتاردىڭ اراسىنداعى ساباقتاستىق قانداي؟ ءتىلىمىز بەن ءدىنىمىزدىڭ جاعدايى قانداي؟ تاعىسىن تاعىلار.

وكىنىشكە وراي، سۇراق كوپ، جاۋاپ از. پرەزيدەنتپەن ەرىكسىز كەلىسەمىز. اباي سىنى اۋىر سىن.

سەگىزىنشى ماسەلە. پرەزيدەنت «ءبىز ابايدىڭ كومەگىمەن تۇسىنە الدىق پا، زەردەلەي الدىق پا» دەيدى. اۋىر ساۋال. ەلىمىز ىلگەرى كەتكەن وتىز ەلدىڭ قاتارىنا ەنۋىمىز قاجەت دەگەن ۇران كوتەرىلگەنى قاشان. بىزگە ناقتىلىق كەرەك. وتىز ەلدىڭ قاتارى دەگەندە نەنى ماقسات ەتىپ وتىرمىز؟ ءبىلىم، عىلىم، تەحنولوگيا سالاسى ما، جوق الدە رۋحاني سانا ما؟ مەنىڭ ويىمشا، ىلگەرى كەتكەن وتىز ەلدەن ءبىز نەگىزىنەن تەحنولوگيالىق جاعىنان ارتتا قالدىق. ول ءبىر.

ەكىنشىدەن ءتارتىپ، قۇقىق جاعىنان جەتىلدىرمەدىك.

ۇشىنشىدەن، ەلدى سايازي باسقارۋ جاعىنان كەنجەلەۋدەمىز.

تورتىنشىدەن، مەملەكەتتىك نەمەسە قوعامدىق ينستيتۋتتاردىڭ بولماۋى... رۋحاني جاعىنان بىزدەن ىلگەرى كەتكەن وتىز ەلدەن كەنجە قالدىق دەپ ايتا المايمىن. ءبىز التىن ساندىقتىڭ ۇستىندە وتىرعان حالىقپىز. وعان دالەل، بيىل تويلانعالى وتىرعان ۇلى ءال-ءفارابيدىڭ 1150 جىلدىعى. ول ونىنشى عاسىردا ءومىر سۇرگەن عۇلاما. سول زاماندا ءبىز ءومىر سۇرگەن وڭىردە الەمدىك دەڭگەيدە ۇيلاۋ مادەنيەتى بولعان. ونى بيىك شىڭعا كوتەرگەن ابۋ ناسىر ءال-فارابي، يبن سينا، ودان كەيىن قوجا احمەت ياسساۋي جانە ءجۇسىپ بالاساعۇن، تاعىسىن تاعىلار.

ءسوز بولىپ وتىرعان حاكىم اباي مەرەيتويى رۋحاني قازىنامىزدىڭ اسىلدىعىنىڭ كۋاسى، دەمەك جوعىمىزدى جوق، بارىمىزدى بار دەپ سارالاپ سويلەگەنىمىز ابزال.

توعىزىنشى ماسەلە. «اباي مۇراسى ءبىزدىڭ ۇلت بولىپ بىرلەسۋىمىزگە، ەل بولىپ دامۋىمىزعا جول اشاتىن قاستەرلى قۇندىلىق» - دەيدى مەملەكەت باسشىسى. تاماشا تۇجىرىم. لايىم وسىلاي بولعاي. ەگەر ەل باسشىلارى وسىنداي تۇسىنىكتە بولسا، ارينە اباي مۇراسى ەلدىگىمىزدىڭ، بىرلىگىمىزدىڭ كەپىلى بولماق. ول ايتتى ەمەس پە، «ءبىرىڭدى قازاق ءبىرىڭ دوس، كورمەسەڭ ءىستىڭ ءبارى بوس». اباي مۇراسى ەلدىگىمىزدىڭ كەپىلى. وسى ءىستىڭ باسىندا پرەزيدەنتتىڭ تۇرعانى بىزگە ءۇمىت شامىن جاقتىردى. ۇزاعىنان بولسىن!

ونىنشى ماسەلە. 2020 جىلى جاڭا كەزەڭ باستالدى. ءاربىر ازاماتقا جۇك تۇسەتىن جىل. ەندىگى جەردە ساپاسىز قىزمەت، ساپاسىز ءبىلىم، ساپاسىز عىلىم دەگەندەر قار سۋىنداي ەرىپ، جويىلۋى قاجەت. جاپوندىقتاردا كاسىپكەرلەرگە لايىقتالعان كايدزەن دەگەن فيلوسوفيا بار. بۇل فيلوسوفيا ماعىناسى ادامداردىڭ قىزمەت ەتەتىن ورىندارى تاپ-تازا جانە ۇقىپتى جابدىقتالعان، جيناقتالعان بولۋى قاجەت. الايدا، ودان دا ماڭىزدىسى قىزمەتكەردىڭ ساناسى تازا بولۋى كەرەك. بىزدە سانامىزدى اۋىق-اۋىق «تاراپ» وتىرعانىمىز اسا قاجەت.

ۇلتتىق كود ءجيى ايتىلاتىن ءسوز. ول نە؟ مەنىڭشە، ۇلتتىق كود - ۇلتتىق ءتىلى. بار بولمىسىمىز تىلدە. ءتىل - كود ارقىلى التىن ساندىق ءداستۇرىمىزدى اشامىز. ىشىندەگى قازىنالارىمىزدى پايدالانامىز. ءبىر حالىقتى ەكىنشى حالىقتان اجىراتىپ تۇراتىن قاسيەت ول ءداستۇر. ءداستۇر - ۇلت سۋبستانتسياسى. ونىڭ كورىنۋ اكتسيدەنتسيالارى مول. ولاردى ادەت، ءداستۇر، عۇرىپ، سالت، سانا دەپ جاتامىز. سوندىقتان، ءداستۇرىمىزدىڭ ۇلتتىق كودى مەلەكەتتىك ءتىلىمىز بارشاما قازاقستاندىقتارعا ورتاق قارىم-قاتىناس قۇرالى بولۋى تابيعي جاعداي. بۇل ەل بىرلىگىنىڭ كەپىلى. تەك وسىنداي جاعدايدا ۇلت بولىپ بىرلەسۋ باعا جەتپەس قۇندىلىق بولماق.

Айгүл ІСІМАҚОВА

*Филология ғылымдарының докторы,
М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері*

ҚАЗАҚТЫҢ БАС АҚЫНЫ. А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ: «ЖАЗҒАН СӨЗ ЖАНЫМ АШЫП АЛАШЫМА!»

Ұлттық идея А.Байтұрсынұлының ғылыми, әдеби, ақындық еңбектерінің басты тақырыбы екені бүгін айқын. «Жазған сөз жаным ашып Алашыма» сөздерінде тұрған ұлтқа қызмет ету идеясы қазіргі біздерге де үлгі болары сөзсіз. 1913 жылы «Қазақ» газетінің № 43 санында «Қазақтың Бас ақыны» атты А.Байтұрсынұлының мақаласы жарияланды. ХХ ғасыр басында қазақ ұлтын рухсыздандыру идеясы жүргізілді. Советтік билік ұлттық құндылықтарды жоюды қазақ әдебиетінің тарихын жоюдан бастады. Абайдың мұрасы сынға ұшырап, оған «байшыл» деген кінә тағады. Алаш ғалымдары Абайды қорғауды өздеріне міндет етіп алды. Бұған дейін Кәкітай Ысқақұлы, Әлихан Бөкейхан (1905) мақалалары жарияланғаны белгілі. Бұл мақалаларда ең алғаш Абайдың өмірбаяны, ақындық ерекшеліктері орыс әдебиетімен қарым-қатынасы сараланған. Осыған орай Абайдың ақындық кітапханасы да анықталған еді. Осы кезде С.Торайғыров абайтануға өз үлесін қосқан еді. Ақын Абай шығармашылығын басқалардан биіктетіп былай деген: «...Оларды қоя алмаймыз Абаймен тең, себебі оқымаған, білімі кем. «Ер Тарғын», «Қобыландыны» оқып байқа, Абайды оқы, таңырқа, басың шайқа. Ақындықтың қуаты есіңді алып, бас алмастан оқырсың қайта-қайта». Абайды жүрегімен қабылдаған С.Торайғыров өзі де Абайдың ақындық дәстүрін жалғастырушы болғаны мәлім. «Қазақ» газеті Абайдың қайтыс болуына он жыл толуына байланысты мақалалар циклын ұйымдастырған. Газеттің бас редакторы А.Байтұрсынұлының «Қазақтың Бас ақыны» атты мақаласы рухани құбылыс болды. А.Байтұрсынұлының шығармашылығы тұңғыш рет әдебиет теориясы тұрғысынан талдауға ие болды. Ақынның стилінің сырын А.Байтұрсынұлы бір сөйлемге сыйғызған: «Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды»1. «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел!» деген Абайдың сөзін А.Байтұрсынұлы ғылым тілімен мойындайды: «Абай сөздері жалпы адамның

түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда»2. Абай – қазақтың шынайы болмысы екенін дәлелдеуді заман қажет етті. Осы ретте А. Байтұрсынұлының «Абай – қазақтың Бас ақыны» деген тұжырымды кәсіби деңгейде дәлелдеп шықты. Абай сөзінің құдіреті неде? Ақын сөзінің көркем болуының мәні қандай? деген сауалдарға А.Байтұрсынұлы нақты жауап береді: «Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды. Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, артықтық, басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған»1. Ғалым Абайдың сөзінің нәрлі болуы – ата-баба тектілігінен деп, ұлт идеясын Абайды насихаттаудан бастайды. А.Байтұрсынұлы ақын сөзінің түбі оның шыққан тегінде екені, алған отбасылық тәрбиесінде екенін алға тартады. Абайдың ата-тегін ағытып, батыр Ырғызбайдың кім болғанын, кіші атасы Өскенбай бидің ел ішінде ғаділ би болғанын еске салады. Құнанбайдың «жұрт аузына қараған қазақтың бас адамдарының бірі болғанын» ерекше атайды: «Қазақты төрелер билеп, сұлтандар төрелерден қойылып тұрған заманда, солармен таласып, қарадан сұлтан болған адам екен». Ұлжан бәйбішенің тегі Қарқаралы Қаракесек екенін: «Шеше тұқымы күлдіргі, қалжың, әзілге ұста Қантай, Тонтай деген күлкімен сөгіп, қалжыңмен жеңіп, аты шыққан адамдар нәсілінен». Абайдың негізгі білімі қандай деген сауалға А.Байтұрсынұлы нақты жауап береді: «Абай 10 жасынан 13 жасқа шейін қырда мұсылманша оқыған. Он үш жасқа шығарда Семейде Ахмет Ырзаның медресесінде оқыған. Медреседе оқып жүрген кезінде 3 айдай орысша да оқыған. 4 жыл мұсылманша оқып, 3 ай орысша оқып, сонымен оқуды қойған.

Он бес жасында-ақ, балалық қылмай, үлкендердің қатарына кіре бастаған. Қазақты меңгеріп, халыққа араны жүріп тұрған төрелермен әкесі Құнанбай таласқанда, Абай әкесіне серіктікке жарай бастаған. 20 жасында ел ішіндегі белгілі бір шешені атана бастаған. Зеректікпен естігенін ұмытпаған. Ел ішіндегі сақталған қазақтың бұрынғы өткен билерінің билігі, шешендерінің сөйлеген сөзі, көсемдерінің істеген ісі, үлгілі сөздер, ұнасымды әзілдер, мақалдар, мәтелдер сияқты нәрселерді Абай көп біледі екен»2. Абайдың ақындық даралығы осылай ел ішінде мойындалғанына А.Байтұрсынұлы ерекше назар салады. Себебі қай заманда да қазақ ақынды билікпен уағдаласып сайламаған, оның атағы ел ішінде шығып, елдің оң бағасын алуы шарт еді: «Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, тасың би болатын заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған, жұрттың беті малға ауып, ел билігі Абай қолына еркін тимеген. Білімнен мал артық болушы ма еді деп, Абай жұрттың онысына көнбей, таласқан»3. Абай көптің бірі емес екенін, «қазақтың бағына ондай болудан құдай сақтаған» дей келе А. Байтұрсынұлы оның өлең жазу, сөз жазу қадірлі іс екенін түсінгеніне ерекше мән береді. Осы орайда А.Байтұрсынұлы Абайдың мақтап өлең жазғыштар туралы пікірін еске салады: «Ақындық, өлеңшілік ел көзіне қадірсіз көрінсе, ол кемшілік ақындық пен өлеңшілікте емес, ақындық пен өлеңшілікті орнына жұмсамағандықта екендігін, ақындық пен өлеңшілікті қазақ ақындары, өлеңшілері қайыршы-тіленшілік орынға жұмсағаннан өлеңнің қадірі кеткенін Абай әбден білген соң, өлең жазуға түскен»4. Осы орайда А.Байтұрсынұлы орыс әдебиетінің әсерін атап өтеді: «Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет, ықыласпен күтіп алып, төр түгіл, тақтан орын берген»1. А.Байтұрсынұлы Абайдың ақындығын талдай келе ақынның өлендеріндегі әдебиет түсініктерін алға тартуды жөн санайды: «Бірақ басқа сөзден өлеңнің таққа мінгендей

артықшылығы қандай? Оны да көрсетіп, айтып қойған. Айтушы мен тыңдаушының көбі надан болғандықтан, өлең болып айтылып, тыңдалып жүргендердің көбі өлең емес екендігі, өлең жазушылар болса да, келістіріп жазушылары ішінде бірен-саран таңдама екендігі, жұрт мағыналы, маңызды, терең сөзден гөрі мағына жоқ, маңыз жоқ, желдей гулеп, құлаққа дыбысы тиіп, өте шығатын жеңіл сөздерді тыңдауға құмар екендігі Абайдың өлең жайынан жазған сөздерінде көрсетілген. Сол сөзінен Абайдың сыншылығы, өлең жақсы болуға не керектігін білетіні де көрініп тұр»2. Ұлттық көркемсөз иесіне қандай талаптар қояды? Ондай адам қандай қасиетке ие болуы тиіс? деген сауалға А.Байтұрсынұлы нақты жауап береді. Бұл қағида күні бүгінге дейін өз маңызын жоймағаны белгілі: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған»3. Өлең жазатын адамның қандай кәсіби талғамы мен білімі болуы тиіс деген сауалға да жауап береді: «Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады. Ол өрнектерді ойдан шығармай, орыстан алса да, орыс өлеңдерінің өрнектері қазақ тіліне жарайтындығын бастап көрсеткені де зор көсемдік. Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлеңі қай тарапынан да болса толық»4. А.Байтұрсынұлы ақынның «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» (1887) өлеңін келтіріп: «Айтушы мен тыңдаушы, әуелі аят, хадис – сөздің басы; мінәжат ғалымдардың зарнаsы; іші алтын, сырты күміс; сөз жақсының; сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел! деген сөз тіркестеріне ерекше мән береді. Абайдың «Ғақлиясын» А.Байтұрсынұлы былай деп келтіреді: «Абайдың асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес. Көп нәрсені Абай сөз қылған, сол сөздерінің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі, шешендігі Абайдан кем болмаса да, білімі кем болғандығы даусыз. Абай сөзінен Әбубәкірдің «шайды, кебісті әркім тұтынып кеткені асылды қорлау болды» деп қайғырған сөздері табылмайды. Басқа ақындар аз білімін сөздің ажарымен толтыруға тырысқан. Абай сөздің ажарына қарамай, сыпайылығына қарамай, әр нәрсенің бар қалыбын сол қалыбынша дұрыс айтуды сүйген».

Ұлттық сөз өнерінің құндылығын А.Байтұрсынұлы Абай асыл сөзі негізінде айқындап береді. Абайдың шығармашылығының мәңгілігінің сыры туралы А.Байтұрсынұлы нақты ескерткен: «Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалыбында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректіктің үстіне, Абай әртүрлі Европа білім иелерінің кітаптарын оқыған»1. Абайдың біз мән бермей жүрген өлеңін еске салады: «Көк тұман алдындағы келер заман, үмітті сәуле етіп көз көп қадалған. Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр, сипат та, сурет те жоқ, көзім талған. Ол күндер өткен күнмен бәрі бір бәс. Келер, кетер, артына із қалдырмас. Соның бірі – арнаулы таусыншық, күн, арғысын бір-ақ Алла біледі рас. Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі, «Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі. «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, «менікі» өлсе, өлсін, оған бекі! Шырақтар, ынталарың «менікінде», тән құмарын іздейсің күнітүнде. Ғаділеттік, арлылық, махаббат пен – Үй жолдасың қабірден әрі өткенде. Адам ғапыл дүниені дер «менікі», «менікі» деп жүргеннің бәрі оныкі. Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде, соны ойлашы, болады не сенікі? Мазлұмға жаның ашып, ішің күйсін, харекет қыл, пайдасы көпке тисін. Көптің қамын әуелден тәңірі ойлаған, мен сүйгенді сүйді деп иең сүйсін. Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек: көп ит жеңіп, көк итті күнде жемек. Ғаділет пен мархамат – көп азығы, қайда көрсең, болып бақ соған көмек. Әркімнің мақсұты өз керегінде, біле алмадым пысығын, зерегін де. Саяз жүзер сайқалдар ғапыл қалар, хақиқат та, дін-дағы тереңінде»2. Осы өлеңге қатысты А.Байтұрсынұлы былай деген: «Абайдың осы сөзінің дұрыс емес, қате айтылған, теріп

айтылған, жұмбақ қылып, ашпай айтылған еш нәрсесі жоқ. Бәрі де дұрыс, түзу, тиісті орнында айтылған сөздер. Оған оқушылар түсінбесе, ол Абайдың үздік, ілгері кетіп, оқушылары шаңына ере алмағанын көрсетеді»3. А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» Абайға көп жүгінеді. Өзге өнердің қолынан келмейтін асыл сөздің құдіретін көрсету үшін ғалым Абайдың әйелді сымбаттауын алға тартады:

Сурет: https://semeylib.kz/?page_id=17462&paged=5

«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы; Аласыз қара көзі нұр жайнайды! Жіңішке қара қасы сызып қойған бір жаңа ұқсатамын туған айды. Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын, ақша жүз, алқызыл бет тіл байлайды. Көрінер аузын ашса, кірсіз тісі, сықылды қолмен тізген, іш қайнайды. Сөйлесе сөзі әдепті һәм мағыналы, күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды. Жұп-жұмыр ақ торғындай мойыны бар, тамағын үлбіреген күн шалмайды. Тақтайдай жауырыны бар, иығы тік, екі алма кеудесінде қисаймайды. Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес, нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды. Етіндей жас баланың білегі бар! Әжімсіз ақ саусағы іске ыңғайлы. Шашы бар қолаң қара жібек талдай; Торғындай толқындырып көз таңдайды»4. «Нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері» – асыл сөз – әдебиеттің басқа өнерлердің қызметін атқара алатынын ескерткен А.Байтұрсынұлы мысал ретінде тағы да Абайдың өлеңдеріне жүгінеді: Абайдың күзгі күнді суреттеуі: «Сұр бұл түсі суық қаптайды аспан, күз болып, дымқыл тұман жерді басқан. Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма? Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан. Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай, жастар күлмес, жүгірмес бала шулай, қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп, айрылған жапырағынан ағаш, құрай. Біреу малма сапсиды салып иін, салбыраңқы тартыпты жыртық киім. Енесіне иіртіп шуда жібін, жас қатындар жыртылған жамайды үйін. Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен, астында ақ шөміші жүр, ол бір керуен. Қай ауылды көрсең де жабырқаңқы – күлкі-ойын көрінбейді, сейілсеруен. Кемпір-шал құржаң қағып, бала бүрсең, көңілсіз қара суық қырда жүрсең. Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң, тышқан аулап, үйде ит жоқ қайда көрсең»1. Абайдың ән мен күйді сөзбен сипаттап танытуы: «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа, адам ойы түрленіп ауған шақта. Салған ән көлеңкесі сол көңілдің, тақтысына билесін ол құлаққа. ....Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды, жүрек тербеп, оятар баста миды. Бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда, ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды. ... Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар, үннің тәтті оралған мәні оятар. Кейі зауық, кейі мұң дертін қозғап, жас балаша көңілді жақсы оятар. ...Көбінесе ән басы келер ащы, кел тыңда деп өзгеге болар басшы – Керім толғап тауысар дүңгір-күңгір, сол жеріне ойыңмен араласшы. ...Әннің де естісі бар, есері бар, тыңдаушының құлағын кесері бар. Ақылдының сөзіндей ойлы күйді тыңдағанда көңілдің өсері бар»2. А.Байтұрсынұлы ұлттық әдебиеттану ғана емес, әлем ғылымына да

қажетті тұжырымды осы ретте келтірген. Сөз өнерінің ерекшелігі адам санасының үш негізіне 1) ақыл; 2) қиял; 3) көңілге тірелетінін алға тартқан А.Байтұрсынұлы тағы да Абайға жүгінеді: «Сөз өнері жүзінде асқан өнерпаздар мүддесін тілмен айтып жеткізе алмай, сондай қиналғанда, өзгелерге ондай іс оңай болып табылар ма? Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген жұмыс әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді»3. «Әдебиет танытқышта» Абайдың әдебиеттанулық ойларының ұштасуы арнайы зерттеуді қажет етеді. Теоретик А.Байтұрсынұлының таза ғылыми зерттеулермен шектелмей, оның күнделікті сұранысты өтейтін оқулықтар жасау арқылы да пайда әкелуге мән беруі яғни сол ізденістердің нәтижелерін қолданыстан шықпайтын өміршең оқулықтар арқылы қалың бұқара игілігіне асыруы – білім беру саласындағы тамаша іскерліктің үлгісі. А.Байтұрсынұлының араб таңбаларын Қазақ тілінің фонетикасына сай қолданған жүйелі графикасы 1924 жылы ресми қабылданған. Өзге түркі халықтары (өзбек, татар, т.б.) да оны тұңғыш үлгі ретінде қабылдады. Осы орайда ғалым Р.Сыздықованың сөзіне жүгінсек: «А.Байтұрсынов ұсынған «жаңа емле» 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, қазақ-орыс мектептерінде де қолданыла бастаған»4. Ұлт тіліне лайықталып реформаланған араб таңбаларын латыншаға ауыстырудың тиімділігі жоқ деген пікір айтқан А.Байтұрсынов бастаған зиялы топқа «ұлтшыл», «пантюркист», «панисламист», «кеңеске қарсы» деген айыптар таңылды. Араб жазуы тікелей ислам дінімен байланыстырылып, ғалымның сан жылғы еңбегі жоққа шығарылды. Уақыт көрсеткендей, латын жазуының да тағдыры ұзаққа бармады. А.Байтұрсынұлының Құран әріптерінен тұратын, ғылыми негізі дәлелденген «жаңа емлесін» латын әріптерімен, одан кейін кириллица таңбаларымен алмастыру халқымыздың сан ғасырдың ескерткіштері болып табылатын бағалы жазба мұраларынан қол үзіп қалуымызға әкеліп соқты. Төл жазуымыздың реформаторы енгізген, араб жазуының таңбалары негізінде жасалған қазақ әріптері – жат жұрттарға қоныс аударуға мәжбүр болған (Қытай, Ауған, Иран, т.с.с. шет жұрттарда тұратын) қандас бауырларымыздың ХХ ғасырдың 10-жылдарынан бастап, осы бүгінгі күнге дейін қолданып келе жатқан графикасы. Олар осы төте жазумен тек сауатын ғана ашып қоймай, кітаптарын да шығарып келеді. Бұл – ғалымның араб таңбаларын қазақ тілінің жазылуына, оқылуына, баспа ісіне толық бейімдеп кеткенінің және осы жүйенің өміршеңдігінің басты дәлелдерінің бірі екені сөзсіз. Қазақ халқының әліппесі Алланың кітабы Құран әріптерімен үндес екенін дәлелдеп кеткен А.Байтұрсынұлының бұл ғылыми жаңалығының мәнін біз әлі толық мойындамай келеміз. Оның үстіне бұл – ғылыми мәні зор, мұсылман елдеріне үлгі болатын бірден бір дәйек. Қазақтың бас ақынының ұлттық идеяны анықтаған асыл сөзді талдап берген А.Байтұрсынұлы теориялық зерттеулерінде де ұлттық мүддені алға қойған. Ұлттық тілдегі ғылымды дамытуды өзіне міндет етіп алған А.Байтұрсынұлы термин «пән сөздерін» тек қазақша қалыптастыруды үлгі етіп кеткен ғалым. А.Байтұрсынұлының термин жасау саласында атқарған ғылыми жұмысына да ерекше назар аударған жөн сияқты. Лингвист-ғалым қазақ тілін талдап, тану саласында ғана төңкеріс жасап қоймай, оның салаларына (фонетика, грамматика, т.б.) қатысты категорияларды қазақша анықтап берді. Бүгінгі ғалым-тілшілер қолданып келе жатқан лингвистикалық атаулар мен парадигмалар А.Байтұрсынұлынікі екені айтылмай, қолданылып келді. Оларды атап айтсақ: зат есім, сын есім, етістік, есімдік, анықтауыш, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, сөйлем, қаратпа сөз, қыстырма сөз, леп белгісі, сұрау белгісі, т.с.с. «пән сөздері». Әрқайсысы сол өзі атауы болып тұрған категорияның мағынасын дәл білдіріп тұр. Бұлардың осыншама уақыт бойы авторы аталмай, қолданылып келгені – ғалымның ғылымға енгізген жаңалығының тарих сынынан өткен лингвистикалық дәлдігі және еңбегінің зая кетпегенінің тағы бір дәлелі. ХХ ғасыр басында ұлт тәуелсіздігін басты етіп санаған А.Байтұрсынұлы әдеби мұраны да осы мақсатта пайдалана білді. А. Байтұрсынұлы атқарған қоғамдық

қызметтің бір саласы – қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, баспаға дайындау, жарыққа шығару болды. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, оны жарыққа шығарудың мән-маңызын жете ұғынып, өздерінің міндеті деп санаған азаматтардың сапына XIX ғасырдың соңында қосылған А.Байтұрсынұлы 1895 жылы «Тургайская газетаның» № 39 санында «Киргизские приметы и пословицы» деген мақала жариялайды. 1923 жылы Мәскеу қаласындағы Ұлттар комиссариатына қарасты «Күн-шығыс» баспасынан жарық көрген «Ер Сайын» жырын баспаға дайындаған – А. Байтұрсынұлы. Бұл кітап Г.Н.Потаниннің 80 жасқа толуын құрметпен атап өту үшін дайындалғандықтан, оның беташары ретінде А.Байтұрсынұлы қаламынан шыққан «Г.Н.Потанинге тарту» өлеңі берілген. Соңында «Қыр баласының» яғни Әлихан Бөкейхановтың мерейтой иесін қазақ оқырмандарына жете таныстыру үшін атақты орыс ғалымының өмірбаяны, ғылыми қызметі, халқымызға сіңірген ерен еңбегі жайында баяндаған көлемді мақаласы және «Ер Сайын» жырының жиналуы, жыр мазмұны жөніндегі қысқаша түсініктеме-мәліметі келтірілген. Ахмет Байтұрсынұлы жинап, сұрыптап, бастырған асыл сөз үлгілерінің екінші бір топтамасы – 1926 жылы Мәскеуде жарияланған «23 жоқтау». Оған енген туындылар белгілі тарихи тұлғалардың өмірлері мен қызметтерінен хабар береді. Бұл да қазақ елінің тәуелсіздік үшін күрескен асыл ерлердің бостандық пен тектілік үшін атқарған істерінің жырлануы еді. Ахмет Байтұрсынұлының Совет өкіметіне деген көзқарасы осылай айғақталған. Басқалар ұрандап жатса, Ахаң мен Ә.Бөкейхан ата-бабаның тәуелсіздік үшін бағытталған істерін жоқтаған мәтіндерді алға тартқан. А.Байтұрсынұлы сол кездегі Ресей ориенталистерінің көпшілігімен іскерлік байланыста болғаны, мысалы, А.Е.Алекторовпен жүздескені мәлім. Ғалым қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін, өзі айтқандай, «ел аузындағы тілді» жетік білгенінің арқасында музыка өнеріне қатысты мағлұматтардың да кейінгі ұрпаққа жетуіне атсалысқан. А.Затаевич 1925 жылы Орынборда шыққан «Қазақ халқының мың әні» деген кітабында Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әндерін жақсы білетіндігін әрі шебер домбырашы болғанын, оның өзіне етене таныс Торғай, Ақтөбе, Бөкей Ордасы, Қарқаралы өңірлерінде айтылып келген әндерді қағазға түсіруге көмектескенін, бірнеше күйді өзі орындап бергенін жазған: «Но мог ли я пройти равнодушно мимо тех сокровищ, которые так неожиданно передо мною открылись? Культурному миру они до сих пор оставались совершенно неизвестными, а между тем их уже коснулась гибельная рука вымирания! Нужно было спешить с записью того, что еще осталось целым! Понятно, что довести эту громадную работу до конца можно было только при помощи целого ряда сведущих и сочувствующих ей лиц. Из них я особенно себя считаю обязанным... А.Байтурсынову и А.Н.Букейханову, высоко компетентными указаниями и пояснениями которых я лично руководствовался»1. А.Байтұрсынұлы «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» атты тарауда қара сөз бен көркем сөздің аражігін анықтап берген. Сөйлеу түрлерін әдебиетші былай деп бөлген: «Жалаң лебізбен айтылған сөзді ғана сөйлеу дейміз де, көрнекі лебізбен айтылған сөзді жырлау – толғау дейміз... Жалаң лебізді сөздерді қарасөз деп, көрнекі лебізді сөздерді дарынды сөз деп атау қолайлырақ2. Осы тұста әдебиетші «бүгінгі әдебиеттану да айтылып жүрген «сөйлеу жанрлары» түрлерін айқындап береді: «Асылына қарағанда, «Қарасөз» деген мен «сөйлеу» деген екеуінің мағынасы бір болып, «дарынды сөз» деген мен «жырлау», «толғау» дегеннің мағынасы бір болып, бірінің орнына бірі айтыла береді. Қарасөзді шығармалардың да, дарынды сөзді шығармалардың да түрлерінің өлеңдісі, өлеңсізі болады.

А.Байтұрсынұлы «сөз несімен өзіне назар аударады» дегенге былай дейді: «Сөздің асыл болуы – ұнауымен. Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күштілігімен жағады. Сөз көркемдігі әуезінің әдемілігі мен кестесінің келісті болуынан табылады»1. Осы екі түрлі сөз жүйесінің айырмашылығы туралы: «Сөзді жалаң түрінде айтқанда, күш көбінесі зейін жағына салынып, пайым терең, мағына күшті, пікір дәлелді болып, айтылған сөз адамның

ақылына қонуы пікір дәлелді болып, айтылған сөз адамның ақылына қонуы көбірек көзделеді. Сөзді көркем түрінде айтқанда, күш көбінесе қиял мен қиыс (түйіс) жағына салынып, сүгіреті толық, меңзеуі мерген, қисыны қызық болып сөз әсерінің күшімен көңілге ұнауы көбірек көзделеді». Себебі «Сөз ақылға қонады шындығымен, көңілге ұнайды өңі үйлестігімен, өң үйлесуін жарастық, келістік дейміз. Келістік – көрік негізі»2. А.Байтұрсынұлының келесі тұжырымдары да бүгінгі әдебиеттануға қажетті болып табылады: «Жалаң сөз нәрсені тиіс жағынан алып, пайым бойынша сөйлейтін шындық сөзі, шын әңгіме болады. Көркемсөз нәрсені түйіс жағынан алып, қиял бойынша сөйлейтін, шын емес, шығарғы әңгіме болады. Көркемсөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі. Жалаң сөз – зейін байлығына қарайтын нәрсе, көркемсөз – қиял байлығына қарайтын нәрсе. Жалаң сөз дүниені тұрған қалпында алып айтады. Көркемсөз дүниені көңілдің түйген, қиялдың меңзеген әлпіне түсіріп айтады»3. Көркем сөз несімен көркем? Оның басқадан ерекшелігі неде? Оған былай делінген: «Көркем сөз – айтқанын ақыл табуынша дәлелдеп, мәністеп, қақиқат түрінде айтады. Көркем сөз – айтқанын қиял меңзеуінше бейнелеп, әліптеп, көбінесе ұйғару түрінде айтады, жалаң сөз дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады. Көркемсөз болуға ықтимал деген нәрселерді де алып сөз қылады; қатты қисынын келтіріп, болмаған нәрсені болғанға, жоқ нәрсені барға ұйғарып сөз қылады. Қисынын келтіріп, қиялдан туғызып әдемі әңгіме шығару ақындық дарыған адамның ғана қолынан келеді. Жалаң сөзді қарасөз делініп, көркемсөздің дарынды сөз деп аталу мәнісі осыдан»4. Бұл ойын А.Байтұрсынұлы нақтылай түседі: «Қарасөз – жаратынды, тиіс ғалам турасындағы әңгімеде, дарынды сөз ұйғарынды түйіс ғалам турасындағы әңгіме». «Тиіс ғалам турасында сөйлегенде, жай күйінде жабайы тілмен тиісін айтамыз. Түйіс ғалам турасында сөйлегенде, көңіл түюінше өң беріліп, дем беріп, көрнекі тілмен айтамыз. Бірақ тиіс ғалам турасында сөйлегенде де айқындық үшін ажарлау керек болса, жалаң лебіз орнына көрнекі лебіз жұмсалады».

Ең басты айырмашылық былай деп берілген: «Дарынды сөз адамның ойына өң береді, көңіліне күй түсіреді, қарасөзден адам тек ұғым алады»5. Бұл басқа әдебиеттерге де ортақ екені туралы: «Арабша қарасөзді шығарманы насыр деп, дарынды сөзді шығарманы назым деп айтады; ... қазақша айтқанда, қарасөз, дарынды сөз деп жүгінеміз».

Қара сөзден адам тек ұғым алады екен. Осы тұста бұл ұғым түрлері аталған: 1) «Ес» ұғымы, яғни еске керек ұғым. 2) «Іс» ұғымы яғни іске керек ұғым»1. Осы ретте А.Байтұрсынұлы М.Бахтиннің «Эстетика словесного творчества» еңбегінің басты қағидаларын сонау XX ғасыр басында қазақша айқындап бергені таңғалдыра түседі. «Қара сөз нәрсені тиісті жағынан сөйлейді» дегенге келесі ой жалғасқан: «Нәрсе турасында тиісінше сөйлеу үшін тиісінше ойлау керек. Тиісінше ойлағанда, ойымыз ұғым түрлеріне қарай бірнеше тарапқа бөлінеді: 1) ғалам тарапына; 2) Құдай тарапына; 3) Ғылым тарапына; 4) Әлеумет тарапына; 5) үгіт-тәрбие тарапына;
6) Сын тарапына»2. Аталған ұғым түрлеріне арнайы талдау берілген: 1. Даналық ұғым жүйесі сап даналық пен салт даналық деп бөлінген. Бірі ғаламның адам арқылы жетерлік те, бірі жетпестік те жағын зейінге салады. Алдыңғысы табансыз даналық, соңғысы табанды даналық делініп айтылады). «Сап даналық екі айырықты»: «табансыз» және «табанды» даналық. 2. «Дін» туралы ұғым «ғақаид» – екіжақты делінген: «бірі діннің негізгі турасындағы ес ұғым», «біреуі дінге керек іс ұғым»3. 3. «Ғылым» деген ұғым жүйесінің түрлері салаларына байланысты. 4. «Зейін әлеумет мәселесіне жұмсалып, әлеумет ісіне жол сілтегенде, көсемдік ұғым жүйесі пайда болады». 5. «Зейін табылған білімді басқаларға үйрету жолында жұмсағанда, үгіт-тәрбие ұғым жүйесі пайда болады»4. 6. «Зейін басқаның ісін таразыға тартып, ұнамды, ұнамсызын тексергенде, сын ұғымының жүйесі пайда болады». Осы тұста қара сөз түсінігі нақтыланған: «Қара сөз деп осы ұғым жүйелерінен сөйлейтін әңгімелерді айтамыз... Қара сөздің табынан түрін айыру керек. Тап жағынан бірге сөз түр жағынан бөлек кетуі ықтимал. Көптен бері көп жұртта қалыптанған түрлерін алған-

да, қара сөз: 1) әуезе, 2) әліптеме, 3) байымдама болып үш салаға бөлінеді» «Әуезе – болған уақиғадан бастан-аяқ болған түрінде, ретінше мезгілін, мекенін көрсете мазмұндап, мағлұмат беру». «Әуезе көбінесе үш тақтаға бөлінеді: 1) мәлімдеу; 2) мазмұндау; 3) қорыту»5. Әуезе түрлері: шежіре, заман хат, өмірбаян, мінездеме, тарих, тарихи әңгіме. Әліптеме: «Бір нәрсенің тұрпатын реттеп айтып, әлібін суреттеп шығару. Дүниедегі түрлі нәрселердің, түрлі адамдардын түрлі күйлердің бәрін де әліптеуге болады». Әліптеу түрлері: 1) пәнді әліптеу; 2) сәнді әліптеу; 3) жол әліптемесі6. Байымдама зейіндеме: «Көсем сөзбен жазылған шығарма бір пікірді қуаттап, толықтырып баяндаса, баяндауын түрлі сипаттармен дәлелдесе, ондай шығарма байымдама деп аталады»7. Байымдама түрлері: 1) пән (ғылым); 2) сын; 3) шешен сөз; 4) көсем сөз. Қара сөз бен дарынды (көркем) сөздің айырмашылығын Ахмет Байтұрсынұлы нақтылап көрсетеді: «Қара сөз әдебиетте пікір, сүлде түрінде айтылады. Дарынды сөзде пікір сурет түрінде шығады яғни сүлде үстіне өң, ажар, жан, мінез, қылық беріліп, тұрпайы тұлға, түс, бітім, тірі нәрсе болып шығады. Сондықтан да дарынды сөз – көркем сөз деп аталып, қара сөздер – жалаң сөздер деп айтылады». Ғалым мұнымен шектелмей, осы екі түрлі сөзді қалай тануды, олардың дұрыстығын қалай айқындауға болады деген сауалдарға жауап береді: «Қара сөздің сынында пікір дұрыстығы, істің растық жағы тексерілсе, көркемсөздің сынында пікір дұрыстығының үстіне пікірге берілген сурет, сұлулық жағы да тексеріледі. Көркем сөзді әрі сүлде, әрі сурет – екі жағынан да тексеруге тиіс болғандықтан, оның сынында мынандай сұраулар боларға керек». Қазақ әдебиеті теориясының басты терминдерін ұлттық ғылымның мүддесі тұрғысынан қазақша қалыптастырып берген түсініктерін А.Байтұрсынұлы сонау XX ғасырдың 20-жылдары анықтап берген екен. Бұл – өз алдына мойындалып отырған ғылыми факт, бірақ басты ой «Әдебиет танытқышта» ұсынылған ұлттық ғылымның жаңа концепциясында. Ол біздің бүгінгі сұранысымызды өтеуге керекті эстетикалық тұжырымдарға сай екені таңғалдыра түседі. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыштағы» басты ойлары: 1. Әдебиеттің өз даму заңдылықтары бар екені және олар тікелей саясатқа, идеологияға байланысты емес екені жөніндегі тұжырымдар. Яғни «сөз өнері» деген термин «халықтың ежелден келе жатқан әдебиеті» деген ұғымды білдіреді. Оны «ауызша», «жазбаша» деп бөлудің өзі ойдан шығарылғаны екені айтылады. Әдебиеттің ресми жазба түрі бар деп бөліпжару соцреализмнің ойлап шығарғаны болып шықты: бір әдебиетті жоғарылату үшін екіншісін төмендету керек болды. А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Ауыз шығарманы «ауыз сөз» деп қана атап, жазба шығарманы «сыпайы әдебиет» деп танушылар бар. Бірақ қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебіне жүріледі»1. 2. Әдебиетті өз категориялары арқылы түсіндіруге шақырады яғни «пән сөздері» басты міндет атқаруын басып айтады. Сонда зерттеу мағыналы болып шығып, зерттеушінің жалпылама көпсөзділіктен бас тартуына әкеледі. Бұл қағида дәлелсіз бос мақтаулардан да сақтандырады. 3. Көркемдік әлемнің құдіреті тікелей жазушының ішкі рухани бостандығымен байланысты екенін айтып, осы орайда Абайдың, Мағжанның шығармаларын мысал ретінде келтірудің бүгінгі мәні керемет емес пе? 4. «Әдебиет танытқыштағы» біз бүгін ұмытқан діндар дәуір жанрларының атаулары: мінәжат, намыс толғау деген түсініктердің өзі ой салады. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» (XIV-XVI ғғ.) еңбегі: «Хақ жолындағылар тарихы» деп аталса, оның соңы «Алла Тағалаға мінәжат айтумен» аяқталады. Совет кезінде діни деп тыйым салынған бұл мінәжат жанры туралы мәлімет А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» ғана кездеседі. Бұлар бізге бүгін қажетті әдеби талдаулардың үлгісі емес пе? 5. Зерттеушінің кітабына кең ауқымды ойлау қабілеті тән. «Біздің қазақ Европа әдебиетінен үлгі алмай, әдебиетін өз бетімен жетілдіргенде, қазақ айтыс өлеңдері алаңға түсе-түсе барып, алаң алданышына айналып, айтыс-тартыс түрге түсетіні даусыз еді. Үлгіні өзге жұрттан алғандықтан, алаң әдебиеті бізде төтеннен шығып қалды». Бүгінгі әдебиеттанудағы «синкретизм», «ти-

пология», «әдебиеттердің қарым-қатынасы», «сюжеттердің ұқсастығы» деген мәселелер туралы «Әдебиет танытқышта» А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Жер жүзіндегі жұрттардың түріндегі шығармалары бір-біріне көбінесе ұқсас келеді. Ондай ұқсас себебі: олар шыққан заманда халықтың бәрінің бір ананың қолында өскен балалар сияқты көрінгені, өнегесі, үлгісі бір болған». 6. А. Байтұрсынұлының пайымдауынша, көркемдік заңдылығы біреу ғана және ол барлық тілдегі әдебиеттерге ортақ. Демек, «адамның жан қоштау керегінен шыққан» әдебиет – «асыл сөз». Сондықтан, «Сөздің асыл болатын сырын білген адам сөзді сынай біледі». Өйткені: «Жүйрік аттың белгілі сипаттары сияқты асыл сөзде де белгілі сипаттар болады. Сөз сол сипаттарын дұрыс көрсетумен асыл болып шығады». Әдеби стиль, даралық стиль, көркемдік шеберлік категорияларын ғалым осылай таныта түседі. 7. Ресей ғалымы М.Бахтиннің «роман теориясы» бойынша дүниежүзілік әдебиетте роман – ең соңғы жанр, ол – сол тілдегі әдебиеттің жазу жүйесінің қорытылған нәтижесі ретіндегі жанр. Сондықтан роман өзіне дейінгі болған басты, керекті сөйлеу түрлерін жаңғыртып отыру қабілетіне ие. Демек, роман жанры осындай жан-жақты баяндау, жазу тәсілдерін, жазба естелігін, жадын (память жанра!) меңгеріп, өзінің оларды оята білу мүмкіндігіне орай басқа прозалық түрлерге әсер ете алады. М.Бахтиннің «романизация стиля» деген тұжырымымен біз 1970 жылдары танысып, таңғалып жүрсек, А.Байтұрсынұлы бұл қағиданы сонау ХХ ғасырдың 20-жылдары түсіндіріп кетіпті. Осы ретте жанр түрлерін жайылған аттарға теңеу де таза ұлттық қағидаға сай нақтылық болып табылады. А.Байтұрсынұлы қазақ прозасының өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты бұл құбылысты сол кезде былайша пайымдайды: «Ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме болып бөлінулері үлкен-кішілігінен ғана. Мазмұндау жүйесі бәрінде де бір, айтылу аудандарында айырма бар: ұлы әңгіме сөзі алыстан айдаған аттарша жайыла бастайды, ұзақ әңгіме жақыннан айдаған аттарша жайыла бастайды, ұсақ әңгіме мүше алып, оралып келе қоятын аттарша бастайды». Яғни басты мәселе «айтылу аудандарында» ғана екен. А.Байтұрсынұлы нақты теориялық айқындау береді: «Ұлы әңгіме жазушы көркемсөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек. Ұлы әңгіменің өресі қысқа, өрісі тарлау түрі ұзақ әңгіме деп аталады. Онан да шағындау түрі ұсақ әңгіме деп аталады»1. Романның көтеретін жүгін әңгімеге де артуға болады екен. М.Бахтиннің «романдық стиль – повесть, әңгіме мен басқа жанрларға да үстемдік етеді» деген әйгілі қағидасын А.Байтұрсынұлы 1926 жылы, Ресей ғалымынан әлдеқайда бұрын айтып, дәлелдеп қойған екен. 8. Романның стилінде қорытылып, жинақталатын ұлттық сөйлеу жүйесінің жанрлық түрлері туралы қағиданы («речевые жанры»), А.Байтұрсынұлының қазақ сөз өнерін талдай отырып айтқан пікірлерінен де ұшырастырамыз: «Ұлы әңгімеге жан беретін адамның ісі болғандықтан, мінезіне кейіп беретін тәрбие болғандықтан, тұрмысқа сарын беретін ұлы, кіші адамдардың ірілі-уақты істері болатындықтан, ол істер біріне-бірі ұласып, бір-біріне оралып, байланысып, шиеленісіп жатқандықтан, осының бәрін суреттеп шығару оңай емес. Мұны келістіріп, дұрыс пікірлеп, дұрыс суреттеп, уақиғаларды жақсы қиыстырып, сыйыстырып шығару көп жазушылардың қолынан келе бермейді. Ұлы әңгіме жазушы көркемсөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек». Демек, роман стилін жүйелей келе, А.Байтұрсынұлы оны «айтылу түріне қарай: әуезе, толғау, айтыс» деп жіктейді. Бұл атаулардың негізін де аша түседі: «Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқары ғаламда болған істі әңгіме қылады.

Әуезе – тысқы ғалам турасындағы сөз... Толғау – ішкергі ғаламның күйі. Толғау – іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілін, күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып, толғай алуда». Яғни «Сөйлеу жүйесінің мақсаты – сөйлеу жүйелерін меңгеріп, сөзден нендей нәрселер жасап шығаруға болатындығын көрсету», –

деп түйіндейді А.Байтұрсынұлы. Ата-бабадан келе жатқан ұлттық асыл сөз түрлерін әдебиеттанушы ғылымға бар қалпында енгізген. 9. Көркем туындыны талдағанда, оның ішіндегі осы көркемдікті тудыруға тікелей атсалысатын қатысу-шыларды А.Байтұрсынұлы былай деп анықтапты: «Асыл сөздің сипаттарын білу тыңдаушыға да қажет. Абайдан кейінгі сөзге талғау кіреді: айтушы да, тыңдаушы да сөзді талғайтын болды. Олай болғаны – Абай асыл сөздің нұсқаларын айқындап көрсеткенінің үстіне, аз да болса, асыл сөз сипаттарын айтып та, жұртты хабардар қылды. Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінде жақсы өлеңнің сипаттары да, қазақ ақындары мен тыңдаушыларының жоғарыда айтылған асыл сөзді танымайтын надандықтары да айтылып, мағлұмат берілген». 10. А.Байтұрсынұлының еңбек-терінен сыпайылық (корректность!) пен әдебиетті танытуға бейімделген жоғарғы этикалық деңгей есіп тұр. Талдаулар, жүйелеу тәсілдері осы ғылыми мақсатқа қызмет атқаруға бағындырылған. Оның тек «пән сөзінде» сөйлеуі мен әдебиет теориясының негізін салып кеткендігін біз бүгін мойындауымыз қажет. 11. А.Байтұрсынұлы әдебиет теориясының терминдерін, талдау жүйелерін қазақша күмбірлете сөйлетіп, ғылыми тілдің деңгейін сол кезде көтеріп тастағанын біз бүгін мақтаныш ете аламыз. «Пән сөздері» мен «сөз өнері» түсініктерін қалыптастырған әдебиетші басты тұжырымды былай анықтаған: «Сөз өнері адамның жан қоштау керегінен шыққан». Сондықтан: «Сөз өнері адам сапасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттен ойлау; көңіл ісі – түю, талғау». Көркем тіл, стиль туралы: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау»1. М.Әуезов А.Байтұрсынұлының ұлттық ғылымды қалыптастыруда ұлттық мүддені басты қағида етіп ұстанғаны туралы да айтқан болатын. А.Байтұрсынұлы ресми баян-дамаларында ұлттық ұстанымды да анықтап берген: «Первый всесоюзный тюркологи-ческий съезд» (Баку 26.II-6.III.1926) атты стенограмма жиылыстағы пікір таластың өрбуін көрсетеді. Мұнда А.Байтұрсынұлы тіл білімінің заңдылықтарына сай қажетті талдаулар жасау арқылы дұрыс жазудың негізін саралап береді. Профессор Щербаға сілтеме жасай отырып, түркі тілдерінің жазу тәртіптерін орыс тілі фонетикасымен салыстырып, қарастырады. Негізгі тақырып – «Как мы, казахские научные и литературные работники, строим терминологию для литературы народа, и во-вторых, какого принципа мы придерживаемся в выработке терминологии». Осы ретте ғалым бүгінгі дүниежүзілік әдебиеттануда компарати-вистика деп жүрген саланың да мәнін ашады: «Современная культура не есть создание какой-нибудь нации или расы, а результат совокупных усилий и навыков всего человечества. В культуре каждой нации, кроме собственного творения имеются заимствования, и на смешение их культуры влияют их отношения, которые различаются с точки зрения дружественного и неприязненного. Заимствования бывают и при покорении одной нации другой, и при мирном общении народов друг с другом. При этим сходные формы религии, обычаев, нравственности, общественной организации, сродность наклонностей, инстинктов, психологии и т.д. облегчают процесс заимствований и смешения культур»1. А.Байтұрсынұлы бұл тұжырымы қазіргі әлемдік әдебиеттану мен мәдениеттану ұстанып келе жатқан теориялық қағида екені айқын. Қазақ әліпбиін қалыптастырып, қазақ әдебиті мен тілтануға осыншама зор мұра қалдырған ақын, ғалым Ахмет Байтұрсынұлына Алла разы болсын.

ҚР БҒМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор м.а.

А.Ә. ЖАҢАБЕКОВА

ҚР БҒМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері, ҚазҰУ-дың PhD студенті

К.Қ. ПІРМАНОВА

ҚР БҒМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері, PhD докторы

Б.Д. КАРБОЗОВА

АБАЙ ТІЛІНІҢ ЖИІЛІК СӨЗДІГІ

Ұлы ақын, ағартушы, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, жазба әдебиеті мен қазақ әдеби тілінің негізін салушы, реформатор Абай Құнанбайұлы 2020 жылы 175 жасқа толады. Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 30 мамырда Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын атап өту туралы жарлыққа қол қойды.

Н.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласының [1] мазмұнында көтерілген қоғамдық сананы жаңғырту, қоғамның рухани әлемін көтеру, тарихи тұлғаларды тану, ұлттық код идеяларынан туындайтын қазақ халқының біртуар тұлғасы – Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасын зерттеу – таусылмас қазына, сарқылмас мұра екендігіде анық.

Абай шығармашылығы – әдебиеттану бойынша да, тілдік жағынан да жақсы зерттелген тақырыптардың бірі. М.Әуезов Абайтануды дербес ғылым саласы дәрежесіне көтерді [2]. Академик Р.Сыздық 1968 жылы «Абай шығармаларының тілі» атты еңбегінде ақын шығармалары тілінің тілдік ерекшеліктерін жан-жақты қарастырды [3]. Осындай еңбектермен қоса Абайдың 2 томдық шығармалары жинағының негізінде «Абай тілі сөздігі» Тіл білімі институтында 1968 жылы жарық көрген болатын [4]. Бұл сөздікте Абай қолданған сөздер тізімделіп, олардың мағыналары түсіндірілген және Абай шығармаларынан мысалдар келтірілген. Сонымен қатар бұл сөздікте сол сөздердің Абай шығармаларында қанша рет кездесетіні туралы индекс форматында сандық мәліметтер беріліп отырады. Яғни ұлы ақын қандай сөзді неше рет қолданғандығын көрсетеді. Алайда «Абай тілінің сөздігін» толыққанды жиілік сөздік деп тануға болмайды. Өйткені жиілік сөздіктер құрастыру технологиясында жиілік ақпаратты берудің неше түрлі жолдары (мәтінді қамту пайызы, абсолютті жиілік, қатынастық жиілік, реестр бойын қамту пайызы т.б.) мен жиілік сөздік түрлері (әліпбилі-жиілік сөздік, жиілікті-әліпбилі сөздік, кері әліпбилі-жиілік сөздік, үлестірімді жиілік сөздік) бар. Осы ретте Абай шығармаларының жиілік сөздігін аталған параметрлер бойынша құрастырып шығу тілші мамандар үшін ғана емес, жалпы Абайтанушылар үшін маңызды еңбек болмақ.

Ұлы Абай тілі жиілік сөздігі деректері қазақ тілі үшін аса құнды материалдар болып саналады. Өйткені бұл Жиілік сөздік Абайдың тіліндегі сөздердің сандық ақпараттарын ғана емес, Абай заманындағы қазақ жазба әдебиетінің статистикалық бейнесін, сондай-ақ тілдік, сөзқолданыс ерекшеліктерін танытатын болады деп санаймыз.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың толық шығармалар жинағы мәтіндерінің жиілік сөздігін құрастыру және Абай тілінің жиілік сөздігі бойынша Абай тіліне лингвостатистикалық талдау жасауда таптырмас еңбек.

Абай тілінің жиілік сөздігін жасауда:

– Абай Құнанбаевтың толық шығармалар жинағы мәтіндерін жинау және компьютер оқитын электрондық пішінге келтіру;

– Әліпбилі-жиілікті сөздік реестріндегі сөзформаларды автоматты немесе жартылай автоматты тәсілдермен негіз сөз (лексема) түріне келтіру және реестрлік бірліктерге морфологиялық (сөз табына қатысты) белгіленімдерді жартылай автоматты әдіспен енгізу;

– түбірге келтірілген және сөз таптары қойылған және тексеруден өткізіліп, өңделген әліпбилі-жиілік сөздіктен үш түрлі жиілік сөздік алу:

1) Әліпбилі-жиілікті сөздік;

2) Жиілікті-әліпбилі сөздік;

3) Кері-әліпбилі жиілік сөздіктерді компьютер көмегімен түзу (құрастыру).

– жиілік сөздіктер алуға негіз болатын мәтіндер ішінде мынадай стиль түрлері орын алады: Қара сөздер мәтіндерін көркем стильдің проза жанрына жатқызатын болсақ, ал ақынның өлеңдері мен поэмаларын поэзия жанрына жатқызуға болады. Сол сияқты, Ұлы ақынның басқа ұлт тілдеріндегі шығармаларды қазақ тіліне аударған еңбектері де орын алады. Біз бұларды, шартты түрде, аударма стилі деп атауды дұрыс көрдік. Сонымен, Ұлы Абай тілі шығармаларында проза, поэзия жанры және аударма мәтіндеріне қатысты 3 стильдік ерекшелік бар деп есептеп, салыстырмалы-статистикалық зерттеу тәсілін жүзеге асыру мақсатымен, жиілік сөздіктердің тағы бір түрін, яғни 4-ші «Үлестірімді әліпбилі-жиілік сөздік» деп аталатын түрін құрастыруды жөн көрдік;

– аталған төрт жиілік сөздіктердің түріне қарай, әрбіреуіне қатысты статистикалық мәліметтерді (абсолютті жиілік, қосынды абсолютті жиілік, қатынастық жиілік, қосынды қатынастық жиілік, әр сөздік бірлігінің және олардың топтарының реестр бойы мен мәтін көлемін қамту пайыздары) есептеп шығаратын компьютерлік бағдарлама жазу;

– алынған жиілік сөздіктер бойынша статистикалық сипаттама жазу;

– «Абай тілінің жиілік сөздігін» баспадан кітап түрінде және электрондық сөздік түрінде шығаруға болады.

Адамзаттық дүниетанымда сан мен сапаның диалектикалық бірлікте болып, бір-бірімен жарыспалы түрде өмір сүретіндігі табиғи заңдылық. Белгілі философ Аристотельдің ұғымдық-логикалық категориялар ретінде таныған сан мен сапа ұғымы уақыт пен кеңістік сияқты бірінсіз-бірі өмір сүре алмайды [5]. Барлық заттар мен құбылыстар сапалық болмысымен, екінші жағы сандық болмысымен айқындалады. Бір-біріне ұқсамайтын нәрселердің айырмашылығында – сапалық, ал бірбіріне ұқсас нәрселердің айырмашылығында – сандық сипат бар.

Сан ұғымы әмбебап логикалық-ұғымдық категория болумен қатар, белгілі бір ғылым салаларының да негізгі зерттеу нысандары болып табылады. Мысалы, математика, экономика, информатика т.б. Алайда қайсыбір мәселеде немесе ғылым саласында болмасын сан ұғымы ешқашан назардан тыс қалған емес. Тіпті есеп-қисаптан тыс жатқан қоғамдық ғылымдардың өзінде сандық мәліметтер келтіру сол ғылыми зерттеулердің шынайылығын, нақтылығын дәйектей түсетін бірден-бір фактор болып табылады. Ғылыми тұжырымдар жасауда сандық мәліметтер келтіру арқылы талдау жасауды «статистикалық талдау» деп атайды. Кез келген ғылым, білім салаларындағы ғылыми жаңалықтардың ашылуы статистикалық мәліметтерсіз мүмкін болмайды. Сондықтан қайсыбір нәрсенің болмыс-бітімін, яғни сапасын айқындау оның санына да байланысты. Статистикалық мәліметтердің тілдік зерттеулер үшін де маңызды екендігін тілші ғалымдар дәл таныған. Сандық мәліметтерді ғылыми зерттеулердің әдіс-тәсілі ретінде ғана пайдаланып қоймай, тіл білімінің арнайы жеке саласы ретінде де қалыптастырған. Тіл білімінің бұл саласы лингвостатистика, статолингвистика, лексикостатистика, квантитативтік лингвистика, қолданбалы лингвистика т.б. атаулармен белгілі.

Жиілік сөздіктер – тіл білімінің статистика саласының үлкен бір тарауы. Жиілік сөздіктер құрастырудың маңызы туралы «Қазақ тексінің статистикасы» атты жинақта былай делінген: «Тіл білімінің кейбір теориялық негізде және

практикалық мәселелерін шешуде лингвистикалық статистиканың атқаратын қызметі үлкен. Атап айтқанда, оның тіл заңдылықтарын ашып-білудің, шет тілі мен ана тілін оқыту методикасын ғылыми жолмен негіздеудің, бір тілден екінші тілге машинамен аударудың, базалық сөздік жасаудың, информациялық іздену проблемаларын статистикалық зерттеудің кілті десе боларлық» [6].

Түркі тілдері бойынша алғаш боп жиілік сөздіктер алуды бастаған қазақ тілші ғалымдары да әртүрлі стильдер мен белгілі бір автор шығармалары бойынша жиілік сөздіктер алуды сәтті орындап шықты. М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар тексінің жиілік сөздіктері [7], сонымен қатар, [8], публицистика тілінің [9], математика терминдерінің жиілік сөздіктері [10] жарық көрді. Жылдар салып 2016 жылы Е.Сағадиевтің тапсырмасы бойынша Тіл білімі институты лексикалық минимум жасауға қажетті «Жалпы білім берудегі жиілік сөздікті» құрастырып шықты [11]. Бұдан басқа Институтта Қолданбалы лингвистика бөлімі осы 70-жылдар қазақ тілінде жарық көрген әртүрлі жиілік сөздіктердің басын біріктіріп, «Қазақ тілінің жиілік сөздігін» қайта шығарды [12]. Бұдан кейін қазақ жазуын латын қарпіне көшіру қарсаңында жаңа емле мен қазақ әріптерін пернетақтада орналастыру мәселелерін шешуде практикалық құрал ретінде «Қазақ сөзформа құрылымымдық бірліктерінің жиілік сөздігі» (әріп, әріп тіркесі, буын, қосымша, сөз, сөзформа) жарық көрді [13], [14]. Бұл аталған жиілік сөздіктер Қолданбалы лингвистика бөлімінің осындай жиілік сөздіктер құрастыру бойынша үлкен тәжірибесі бар екендігін көрсетеді. Осындай ғылыми-практикалық бастам мен тәжірибеге сүйеніп, Абай тілінің жиілік сөздігін құрастыру биылғы Ұлы Абайдың 175 жылдығы аясында өте қажетті, нәтижелі өнімдердің бірі болатындығына сеніміміз мол.



https://www.neizvestniy-geniy.ru/cat/design/holst/1461364.html

Әлем тілдерінде ұлы жазушылар тілінің жиілік сөздіктері жарық көрген. Мысалы, М.Ю.Лермонтов тілінің жиілік сөздігі [15], Л.Н.Толстойдың «Война и мир» романының жиілік сөздігі [16], А.П.Чехов әңгімелерінің жиілік сөздігі [17], Марк Дэвистің «Испан тілінің жиілік сөздігі» [18] сияқты шетел және орыс тілінде де жазушы тілінің жиілік сөздіктері жарық көрген. Қазақ тілінде жарық көрген жекелеген жазушылар тілінің жиілік сөздіктері көп емес. Сондықтан жазушы тілінің сөзқолданыс ерекшеліктерін танып-білу үшін қазақ тілінде де Абай сияқты ұлы тұлғалардың тілінің жиілік сөздігін қазіргі заманауи жиілік сөздіктер талабына сәйкес құрастыру қолданбалы тіл білімінің аса маңызды мәселелерінің бірі деп санаймыз.

Осы айтылған жайттар бойынша зерттелетін «Абай тілінің жиілік сөздігі» маңызды әрі жаңалығының негіздемесі бар еңбек болады деп санаймыз.

Қазіргі кезде қазақ лексикологиясының аса бір маңызды мәселесінің бірі – қазіргі қазақ тілінің қолданыстағы лексикалық жүйесінің шекарасын айқындау. «Жиілік сөздіктер», ең алдымен, жиі қолданыстағы сөздік қорымыздың шекарасын анықтап алу үшін өте қажет.

Қазақ тіліндегі сөздердің жиілік сөздіктерінің статистикалық деректері қазақ тілінің лексикалық құрамын жан-жақты зерттеуде салыстырмалы талдауды жүзеге асыруға, сөз табына қатысты нақты фактологиялық мәліметтер беруге, тұтастай алғанда, қазақ тілінің көптеген теориялық мәселелерін шешуге мүмкіндік туғызады.

Жиілік сөздіктің «жиілікті-әліпбилі» деп

аталатын түрінде жиі қолданыстағы сөздер алдымен сөздіктің басында орналасатындықтан, бұл сөздерді қазақ тілінің қарым-қатынас жасау кезіндегі жиі қолданылатын сөздер ретінде тануға болады. Ал бұл жалпы алғанда тілді оқытуда, әртүрлі лексикалық минимум сөздіктер құрастыруда негізгі құрал қызметін атқарады деуге толық негіз бар. Яғни коммуникативтік актіні ұйымдастырудың негізгі лексикалық қоры болып табылады. Сонымен қатар сөзқолданыс жиіліктерін әртүрлі стильдер, жанрлар, әртүрлі авторлар бойынша айқындауға болады. Мәселен, әрбір стильге тән сөзқолданыс ерекшеліктерін немесе белгілі бір автордың сөз қолдану шеберлігін айқындауға да септігін тигізеді. Белгілі бір кезеңдер бойынша да статистикалық ақпараттар береді. Абай Құнанбайұлының сөз қолдану ерекшелігін таныту арқылы бір тарихи кезеңдегі тілдік ерекшеліктерді сипаттайтын болады.

Кері-әліпбилі жиілік сөздіктер морфологиялық категорияларды зерттеу үшін өте құнды материалдарды түгел және тез табуға мүмкіндік туғызады. Бұл сөздіктен зерттеуге алынған мәтіндердегі сөз тудырушы және сөз түрлендіруші морфемалардың өнімді не өнімсіз екендігін анықтау үшін, терминдер мен кірме сөздерге жалғанған қосымшалардың құрылымын талдау үшін бағалы-бағалы тілдік деректерді алу әрі оңай, әрі ыңғайлы. Кері-әліпбилі жиілік сөздіктің әрбір сөз табының және сол сөз табына қатысты әрбір жұрнақтың (жалғаудың, олардың нұсқаларының) қолданылу жиіліктерін анықтауға мүмкіндігі мол.

«Абай тілінің жиілік сөздігі» қазақ тілі лексикасының статистикалық құрылымын анықтауға қажетті құрал қызметін атқарады. Қазақ тіліндегі сөздердің сөзқолданыстағы жиілігін анықтау арқылы көптеген ақпараттар алып, тілдік заңдылықтарды анықтауға болады. Абай тілінің жиілік сөздігі Абай тілінде қолданылған лексикалық қабат, ондағы кітаби сөздер, кірме сөздер, төл сөздер, Абайдың өзіне ғана тән окказионал қолданыстар және олардың қанша рет қолданғаны арқылы Абай тіліне тән актив және пассив сөздер қабаты туралы білуге болады. Абай, ол – бір өзі-ақ қазақ тілінің, қазақ әдебиетінің, қазақ философиясының діңгегі. Сондықтан Абай тілінің жиілік сөздігін жасау әсіресе биылға 175 жылдығы тұсында үлкен жаңалық болатыны анық.

Әдебиеттер

1 Назарбаев Н. «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласы// https://www.akorda.kz/

2 Әуезов М. «Абай жолы» роман-эпопеясы. – Алматы, 1942-1956 жж.

3 Сыздық Р.Абай шығармаларының тілі. – Алматы, 1968.

4 Абай тілі сөздігі. – Алматы, 1968. – 734-б.

5 Философиялық сөздік/бас ред. Р. Н. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 525 б.

6 Қазақ тексінің статистикасы. – Алматы, 1973. – 731 б.

7 Бектаев Қ.Б., Жұбанов А.Қ., Мырзабеков С., Белботаев А.Б. М.Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі. – Алматы, 1979. –334-б.

8 Бектаев Қ. Қазақ ертегілері тілінің алфавитті-жиілік сөздігі / Қазақ тексінің статистикасы. – Алматы, 1973. – 731-б.

9 Ахабаев А. Қазіргі қазақ газеттері тілінің алфавитті-жиілік сөздігі /Қазақ тексінің статистикасы. – Алматы, 1973. – 731-б.

10 Белботаев А. Математика тексінің алфавитті-жиілік сөздігі / Қазақ тексінің статистикасы. – Алматы, 1973. – 731-б.

11 Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы, 2016. – 1472 б.

12 Жұбанов А., Жаңабекова А., Карбозова Б., Қожахметова А. Қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 665 б.

13 Қазақ сөзформа құрылымының жиілік сөздігі. – Алматы, 2017 - 552 б.

14 Жұбанов А., Тоқмырзаев Д., Жаңабекова А. Қазақ жазуын латын қарпіне көшірудің статистикалық негіздері (жинақ). – Алматы, 2017. – 160 б.

15 Частотный словарь языка М. Ю. Лермонтова. – М.: Сов. Энцикл., 1981. – С. 717 – 774.

16 Частотный словарь романа Л.Н. Толстого «Война и мир». – Тула: Тул. ГПИ, 1978. – 380 с.

17 Гребенников А.О. Частотный словарь рассказов А.П. Чехова – СПб.: СПбГУ, 1999. – 120 с.

18 Марк Дэвис Испан тілінің жиілік сөздігі. – Нью-Йорк, 572 р.

QR BǴM ǴK A.Baıtursynuly atyndaǵy Til bilimi ınstıtýtynyń bas ǵylymı qyzmetkeri, fılologıa ǵylymdarynyń doktory, profesor m.a.
A.Á. JAŃABEKOVA

QR BǴM ǴK A.Baıtursynuly atyndaǵy Til bilimi ınstıtýtynyń ǵylymı qyzmetkeri, QazUÝ-dyń PhD stýdenti
K.Q. PIRMANOVA

QR BǴM ǴK A.Baıtursynuly atyndaǵy Til bilimi ınstıtýtynyń aǵa ǵylymı qyzmetkeri, PhD doktory
B.D. KARBOZOVA

ABAI TILINIŃ JIILIK SÓZDIGI

Uly aqyn, aǵartýshy, kompozıtor, aэdarmashy, saıası qaıratker, jazba бdebıeti men qazaq бdebı tiliniń negizin salэshy, reformator Abaı Qunanbaıuly 2020 jyly 175 jasqa tolady. Qazaqstan prezıdenti Qasym-Jomart Toqaev 30 mamyrda Abaı Qunanbaıulynyń 175 jyldyq mereıtoıyn atap ytэ tэraly jarlyqqa qol qoıdy.

N.Nazarbaevtyń «Rэhanı jańǵyrý: bolashaqqa baǵdar» maqalasynyń [1] mazmunynda kyterilgen qoǵamdyq sanany jańǵyrtý, qoǵamnyń rэhanı бlemin kyterэ, tarıhı tulǵalardy tanэ, ulttyq kod ıdeıalarynan tэyndaıtyn qazaq halqynyń birtэar tulǵasy – Uly Abaıdyń shyǵarmashylyq murasyn zertteэ – taэsylmas qazyna, sarqylmas mura ekendigidi anyq.

Abaı shyǵarmashylyǵy – бdebıettanэ boıynsha da, tildik jaǵynan da jaqsy zerttelgen taqyryptardyń biri. M.Бэezov Abaıtanэdy derbes ǵylym salasy dбrejesine kyterdi [2]. Akademık R.Syzdyq 1968 jyly «Abaı shyǵarmalarynyń tili» atty eńbeginde aqyn shyǵarmalary tiliniń tildik erekshelikterin jan-jaqty qarastyrdy [3]. Osyndaı eńbektermen qosa Abaıdyń 2 tomdyq shyǵarmalary jınaǵynyń negizinde «Abaı tili syzdigi» Til bilimi ınstıtэtynda 1968 jyly jaryq kyrgen bolatyn [4]. Bul syzdikte Abaı qoldanǵan syzder tizimdelip, olardyń maǵynalary tъsindirilgen jбne Abaı shyǵarmalarynan mysaldar keltirilgen. Sonymen qatar bul syzdikte sol sózderdiń Abaı shyǵarmalarynda qansha ret kezdesetini tэraly ındeks formatynda sandyq mбlimetter berilip otyrady. Iaǵnı uly aqyn qandaı syzdi neshe ret qoldanǵandyǵyn kyrsetedi. Alaıda «Abaı tiliniń syzdigin» tolyqqandy jiilik syzdik dep tanýǵa bolmaıdy. Уıtkeni jiilik syzdikter qurastyrэ tehnologıasynda jiilik aqparatty berýdiń neshe tъrli joldary (mбtindi qamtэ paıyzy, absolъtti jiilik, qatynastyq jiilik, reestr boıyn qamtэ paıyzy t.b.) men jiilik syzdik tъrleri (бlipbıli-jiilik syzdik, jiilikti-бlipbıli syzdik, keri бlipbıli-jiilik syzdik, ъlestirimdi jiilik syzdik) bar. Osy rette Abaı shyǵarmalarynyń jiilik syzdigin atalǵan parametrler boıynsha qurastyryp shyǵý tilshi mamandar ъshin ǵana emes, jalpy Abaıtanýshylar úshin mańyzdy eńbek bolmaq.

Uly Abaı tili jiilik syzdigi derekteri qazaq tili ъshin asa qundy materıaldar bolyp sanalady. Уıtken bul Jiilik syzdik Abaıdyń tilindegi sózderdiń sandyq aqparattaryn ǵana emes, Abaı zamanyndaǵy qazaq jazba ádebıetiniń statıstıkalyq beınesin, sondaı-aq tildik, syzqoldanys erekshelikterin tanytatyn bolady dep sanaımyz.

Qazaqtyń uly aqyny Abaı Qunanbaevtyń tolyq shyǵarmalar jınaǵy mátinderiniń jiilik syzdigin qurastyrэ jбne Abaı tiliniń jiilik syzdigi boıynsha Abaı tiline lıngvostatıstıkalyq taldaэ jasaýda taptyrmas eńbek.

Abaı tiliniń jıilik sózdigin jasaýda:

– Abaı Qunanbaevtyń tolyq shyǵarmalar jınaǵy mбtinderin jınaэ jбne kympъter oqıtyn elektrondyq pishinge keltirэ;

– Бlipbıli-jıilikti syzdik reestrindegi syzformalardy avtomatty nemese jartylaı avtomatty tбsildermen negiz syz (leksema) tъrine keltirэ jбne reestrlik birlikterge morfologıalyq (syz tabyna qatysty) belgilenimderdi jartylaı avtomatty бdispen engizэ;

– tъbirge keltirilgen jбne syz taptary qoıylǵan jбne tekserэden ytkizilip, óńdelgen бlipbıli-jıilik syzdikten ъsh tъrli jıilik syzdik alэ:

1) Бlipbıli-jıilikti syzdik;

2) Jıilikti-бlipbıli syzdik;

3) Keri-бlipbıli jıilik syzdikterdi kympъter kymegimen tъzэ (qurastyrэ).

– jıilik syzdikter alýǵa negiz bolatyn mбtinder ishinde mynadaı stıl tъrleri oryn alady: Qara syzder mбtinderin kyrkem stıldiń proza janryna jatqyzatyn bolsaq, al aqynnyń óleńderi men poemalaryn poezıa janryna jatqyzýǵa bolady. Sol sıaqty, Uly aqynnyń basqa ult tilderindegi shyǵarmalardy qazaq tiline aýdarǵan eńbekteri de oryn alady. Biz bulardy, shartty tъrde, aэdarma stıli dep ataэdy durys kyrdik. Sonymen, Uly Abaı tili shyǵarmalarynda proza, poezıa janry jбne aэdarma mбtinderine qatysty 3 stıldik erekshelik bar dep eseptep, salystyrmaly-statıstıkalyq zertteэ tбsilin jъzege asyrэ maqsatymen, jıilik sózdikterdiń taǵy bir tъrin, ıaǵnı 4-shi «Ъlestirimdi бlipbıli-jıilik syzdik» dep atalatyn tъrin qurastyrэdy jyn kyrdik;

– atalǵan tyrt jıilik sózdikterdiń tъrine qaraı, бrbireэine qatysty statıstıkalyq mбlimetterdi (absolъtti jıilik, qosyndy absolъtti jıilik, qatynastyq jıilik, qosyndy qatynastyq jıilik, бr syzdik birliginiń jбne olardyń toptarynyń reestr boıy men mбtin kylemin qamtэ paıyzdary) eseptep shyǵaratyn kympъterlik baǵdarlama jazэ;

– alynǵan jıilik syzdikter boıynsha statıstıkalyq sıpattama jazэ;

– «Abaı tiliniń jıilik syzdigin» baspadan kitap tъrinde jбne elektrondyq syzdik tъrinde shyǵarýǵa bolady.

Adamzattyq dъnıetanymda san men sapanyń dıalektıkalyq birlikte bolyp, bir-birimen jaryspaly tъrde ymir sъretindigi tabıǵı zańdylyq. Belgili fılosof Arıstoteldiń uǵymdyq-logıkalyq kategorıalar retinde tanyǵan san men sapa uǵymy эaqyt pen keńistik sıaqty birinsiz-biri ymir sъre almaıdy [5]. Barlyq zattar men qubylystar sapalyq bolmysymen, ekinshi jaǵy sandyq bolmysymen aıqyndalady. Bir-birine uqsamaıtyn nárselerdiń aıyrmashylyǵynda – sapalyq, al bir-birine uqsas nárselerdiń aıyrmashylyǵynda – sandyq sıpat bar.

San uǵymy бmbebap logıkalyq-uǵymdyq kategorıa bolэmen qatar, belgili bir ǵylym salalarynyń da negizgi zertteэ nysandary bolyp tabylady. Mysaly, matematıka, ekonomıka, ınformatıka t.b. Alaıda qaısibir mбselede nemese ǵylym salasynda bolmasyn san uǵymy eshqashan nazardan tys qalǵan emes. Tipti esep-qısaptan tys jatqan qoǵamdyq ǵylymdardyń yzinde sandyq mбlimetter keltirэ sol ǵylymı zertteýlerdiń shynaıylyǵyn, naqtylyǵyn dбıektei tъsetin birden-bir faktor bolyp tabylady. Ǵylymı tujyrymdar jasaэda sandyq mбlimetter keltirэ arqyly taldaэ jasaэdy «statıstıkalyq taldaэ» dep ataıdy. Kez kelgen ǵylym, bilim salalaryndaǵy ǵylymı jańalyqtardyń ashylэy statıstıkalyq mбlimettersiz mъmkin bolmaıdy. Sondyqtan qaısibir nárseniń bolmys-bitimin, ıaǵnı sapasyn aıqyndaэ onyń sanyna da baılanysty. Statıstıkalyq málimetterdiń tildik zertteэler ъshin de mańyzdy ekendigin tilshi ǵalymdar dбl tanyǵan. Sandyq mбlimetterdi ǵylymı zertteýlerdiń бdis-tбsili retinde ǵana paıdalanyp qoımaı, til biliminiń arnaıy jeke salasy retinde de qalyptastyrǵan. Til biliminiń bul salasy lıngvostatıstıka, statolıngvıstıka, leksıkostatıstıka, kvantıtatıvtik lıngvıstıka, qoldanbaly lıngvıstıka t.b. ataэlarmen belgili.

Jıilik syzdikter – til biliminiń statıstıka salasynyń ъlken bir taraэy. Jıilik syzdikter qurastyrýdyń mańyzy tэraly «Qazaq teksiniń statıstıkasy» atty jınaqta bylaı delingen: «Til biliminiń keıbir teorıalyq negizde jбne praktıkalyq mбselelerin sheshэde lıngvıstıkalyq statıstıkanyń atqaratyn qyzmeti ъlken. Atap aıtqanda, onyń til zańdylyqtaryn ashyp-bilýdiń, shet tili men ana tilin oqytэ metodıkasyn ǵylymı jolmen negizdeýdiń, bir tilden ekinshi tilge mashınamen aýdarýdyń, bazalyq syzdik jasaýdyń, ınformasıalyq izdenэ problemalaryn statıstıkalyq zertteýdiń kilti dese bolarlyq» [6].

Tъrki tilderi boıynsha alǵash bop jıilik syzdikter alэdy bastaǵan qazaq tilshi ǵalymdary da бrtъrlistılder men belgili bir avtor shyǵarmalary boıynsha jıilik syzdikter alэdy sбtti oryndap shyqty. M.Áýezovtiń 20 tomdyq shyǵarmalar teksiniń jıilik syzdikteri [7], sonymen qatar, [8], pэblısıstıka tiliniń [9], matematıka termınderiniń jıilik syzdikteri [10] jaryq kyrdi. Jyldar salyp

2016 jyly E.Saǵadıevtiń tapsyrmasy boıynsha Til bilimi ınstıtэty leksıkalyq mınımэm jasaýǵa qajetti «Jalpy bilim berэdegi jıilik syzdikti» qurastyryp shyqty [11]. Budan basqa Instıtэtta Qoldanbaly lıngvıstıka bylimi osy 70-jyldar qazaq tilinde jaryq kyrgen бrтъrli jıilik sózdikterdiń basyn biriktirip, «Qazaq tiliniń jıilik syzdigin» qaıta shyǵardy [12]. Budan keıin qazaq jazэyn latyn qarpine kyshirэ qarsańynda jańa emle men qazaq бripterin pernetaqtada ornalastyrэ mбselelerin sheshэde praktıkalyq qural retinde «Qazaq syzforma qurylymymdyq birlikteriniń jıilik syzdigi» (бrip, бrip tirkesi, bэyn, qosymsha, syz, syzforma) jaryq kyrdi [13], [14]. Bul atalǵan jıilik syzdikter Qoldanbaly lıngvıstıka bóliminiń osyndaı jıilik syzdikter qurastyrэ boıynsha ъlken тбjirıbesi bar ekendigin kyrsetedi. Osyndaı ǵylymı-praktıkalyq bastam men тбjirıbege sъıenip, Abaı tiliniń jıilik syzdigin qurastyrэ bıylǵy Uly Abaıdyń 175 jyldyǵy aıasynda yte qajetti, nбtıjeli ónimderdiń biri bolatyndyǵyna senimimiz mol.

Бlem tilderinde uly jazэshylar tiliniń jıilik syzdikteri jaryq kyrgen. Mysaly, M.Iэ.Lermontov tiliniń jıilik syzdigi [15], L.N.Tolstoıdyń «Voına ı mır» romanynyń jıilik syzdigi [16], A.P.Chehov áńgimeleriniń jıilik syzdigi [17], Mark Devıstiń «Ispan tiliniń jıilik syzdigi» [18] sıaqty shetel jбne orys tilinde de jazэshy tiliniń jıilik syzdikteri jaryq kyrgen. Qazaq tilinde jaryq kyrgen jekelegen jazэshylar tiliniń jıilik syzdikteri kyp emes. Sondyqtan jazэshy tiliniń syzqoldanys erekshelikterin tanyp-bilэ ъshin qazaq tilinde de Abaı sıaqty uly tulǵalardyń tiliniń jıilik syzdigin qazirgi zamanaэı jıilik syzdikter talabyna sбıkes qurastyrэ qoldanbaly til biliminiń asa mańyzdy máseleleriniń biri dep sanaımyz.

Osy aıtylǵan jaıttar boıynsha zertteletin «Abaı tiliniń jıilik syzdigi» mańyzdy бri jańalyǵynyń negizdemesi bar eńbek bolady dep sanaımyz.

Qazirgi kezde qazaq leksıkologıasynyń asa bir mańyzdy máselesiniń biri – qazirgi qazaq tiliniń qoldanystaǵy leksıkalyq júıesiniń shekarasyn aıqyndaэ. «Jıilik syzdikter», eń aldymen, jıi qoldanystaǵy syzdik qorymyzdyń shekarasyn anyqtap alэ ъshin yte qajet.

Qazaq tilindegi sózderdiń jıilik sózdikteriniń statıstıkalyq derekteri qazaq tiliniń leksıkalyq quramyn jan-jaqty zertteэde salystyrmaly taldaэdy jъzege asyrýǵa, syz tabyna qatysty naqty faktologıalyq mбlimetter berэge, tutastaı alǵanda, qazaq tiliniń kyptegen teorıalyq mбselelerin sheshýge múmkindik týǵyzady.

Jıilik sózdiktiń «jıilikti-бlipbıli» dep atalatyn tъrinde jıi qoldanystaǵy syzder aldymen sózdiktiń basynda ornalasatyndyqtan, bul syzderdi qazaq tiliniń qarym-qatynas jasaэ kezindegi jıi qoldanylatyn syzder retinde tanýǵa bolady. Al bul jalpy alǵanda tildi oqytэda, бrтъrli leksıkalyq mınımэm syzdikter qurastyrэda negizgi qural qyzmetin atqarady deэge tolyq negiz bar. Iaǵnı komэnıkatıvtik aktini uıymdastyrýdyń negizgi leksıkalyq qory bolyp tabylady. Sonymen qatar syzqoldanys jıilikterin бrтъrli stılder, janrlar, бrтъrli avtorlar boıynsha aıqyndaýǵa bolady. Mбselen, бrbir stılge тбn syzqoldanys erekshelikterin nemese belgili bir avtordyń syz qoldanэ sheberligin aıqyndaýǵa da septigin tıgizedi. Belgili bir kezeńder boıynsha da statıstıkalyq aqparattar beredi. Abaı Qunanbaıulynyń syz qoldanэ erekshеligin tanytэ arqyly bir tarıhı kezeńdegi tildik erekshelikterdi sıpattaıtyn bolady.

Keri-бlipbıli jıilik syzdikter morfologıalyq kategorıalardy zertteэ ъshin yte qundy materıaldardy тъgel jбne tez tabýǵa mъmkindik týǵyzady. Bul syzdikten zertteэge alynǵan mбtinderdegi syz тэdyrэshy jбne syz тъrlendirэshi morfemalardyń ynimdi ne ynimsiz ekendigin anyqtaэ ъshin, termınder men kirme syzderge jalǵanǵan qosymshalardyń qurylymyn taldaэ ъshin baǵaly-baǵaly tildik derekterdi alэ бri ońaı, бri yńǵaıly. Keri-бlipbıli jıilik sózdiktiń бrbir syz tabynyń jбne sol syz tabyna qatysty бrbir jurnaqtyń (jalǵaýdyń, olardyń nusqalarynyń) qoldanylý jıilikterin anyqtaýǵa múmkindigi mol.

«Abaı tiliniń jıilik syzdigi» qazaq tili leksıkasynyń statıstıkalyq qurylymyn anyqtaýǵa qajetti qural qyzmetin atqarady. Qazaq tilindegi sózderdiń sózqoldanystaǵy jıiligin anyqtaэ arqyly kyptegen aqparattar alyp, tildik zańdylyqtardy anyqtaýǵa bolady. Abaı tiliniń jıilik syzdigi Abaı tilinde qoldanylǵan leksıkalyq qabat, ondaǵy kitabı syzder, kirme syzder, tyl syzder, Abaıdyń yzine ǵana тбn okazıonal qoldanystar jбne olardyń qansha ret qoldanǵany arqyly Abaı tiline тбn aktıv jбne pasıv syzder qabaty тэraly bilэge bolady. Abaı, ol – bir yzi-aq qazaq tiliniń, qazaq ádebıetiniń, qazaq fılosofıasynyń dińgegi. Sondyqtan Abaı tiliniń jıilik syzdigin jasaэ бsirese bıylǵa 175 jyldyǵy tusynda ъlken jańalyq bolatyny anyq.

Сурет: http://wholesale.paintingofrussia.com/gallery.php?section=artworks&tag=birch&sold=yes&page=5 &view=all

Ədebıetter

1 Nazarbaev N. «Rəhanı jańǵyrý: bolashaqqa baǵdar» maqalasy// https://www.akorda.kz/

2 Бэezov M. «Abaı joly» roman-epopeıasy. – Almaty, 1942-1956 jj.

3 Syzdyq R.Abaı shyǵarmalarynyń tili. – Almaty, 1968.

4 Abaı tili syzdigi. – Almaty, 1968. – 734-b.

5 Fılosofıalyq syzdik/bas red. R. N. Nurǵalıev. – Almaty: Qazaq ensıklopedıasy, 1996. – 525 b.

6 Qazaq teksiniń statıstıkasy. – Almaty, 1973. – 731 b.

7 Bektaev Q.B., Jubanov A.Q., Myrzabekov S., Belbotaev A.B. M.Áýezovtiń «Abaı joly» romanynyń jiilik syzdigi. – Almaty, 1979. –334-b.

8 Bektaev Q. Qazaq ertegileri tiliniń alfavıtti-jiilik syzdigi / Qazaq teksiniń statıstıkasy. – Almaty, 1973. – 731-b.

9 Ahabaev A. Qazirgi qazaq gazetteri tiliniń alfavıtti-jiilik syzdigi /Qazaq teksiniń statıstıkasy. – Almaty, 1973. – 731-b.

10 Belbotaev A. Matematıka teksiniń alfavıtti-jiilik syzdigi / Qazaq teksiniń statıstıkasy. – Almaty, 1973. – 731-b.

11 Jalpy bilim berədegi qazaq tiliniń jiilik syzdigi. – Almaty, 2016. – 1472 b.

12 Jubanov A., Jańabekova A., Karbozova B., Qojahmetova A. Qazaq tiliniń jiilik syzdigi. – Almaty: «Qazaq tili» baspasy, 2016. – 665 b.

13 Qazaq syzforma qurylymynyń jiilik syzdigi. – Almaty, 2017 - 552 b.

14 Jubanov A., Toqmyrzaev D., Jańabekova A. Qazaq jazəyn latyn qarpine kóshirýdiń statıstıkalyq negizderi (jinaq). – Almaty, 2017. – 160 b.

15 Chastotnyı slovбrıazyka M. Iэ. Lermontova. – M.: Sov. Ensıkl., 1981. – S. 717 – 774.

16 Chastotnyı slovбr romana L.N. Tolstogo «Voına ı mır». – Təla: Təl. GPI, 1978. – 380 s.

17 Grebennıkov A.O. Chastotnyı slovбr rasskazov A.P. Chehova – SPb.: SPbGЭ, 1999. – 120 s.

18 Mark Devıs Ispan tiliniń jiilik syzdigi. – Nъ-Iork, 572 r.

Жылбек ЖАҢАБАЙ

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, құқық кафедрасының қауымдастырылған профессоры, заң ғылымдарының кандидаты

АБАЙ КҮНІ
(эссе)

Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласынан

2020 жыл – ұлт санасында жер жаһанды жайлаған әлемдік пандемиямен қатар, Ұстаз Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыздың туғанына 1150 және қазақтың айнасы, адамзаттың бауыры Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуымен есте қалатыны белгілі.

Жыл басында президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласының жарық көрді. Мемлекет басшысының хакім Абайды қазақтың құт-берекесіне теңеуін қазақ елі жылы қабылдады. Мақалада: «Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі» деп бағамдаған болатын. Осы жыл тұтас бір Абай мұрасына арналатынын сөз еткен мемлекет басшысы «басты мақсатымыз бүкіл халықтың ұлт ұстазы алдындағы өзіндік бір есеп беруі іспеттес болуы тиіс деп білемін» деген болатын.

Қалың ел қазақтың Бас ақынының алдындағы бір ізгі ісі есепке алынды десек те болады. Тәуелсіз Қазақстанның күнтізбесінде 10 тамыз «Абай күні» деп белгіленді. Бұл күн жылдың 364 күнінде қылған хәрекетіміздің бір күндік есеп күніне айналады деген сенімдеміз. Абай аруағы қабыл еткей!

Ел ордасында хәкім Абай рухына тағзым етіліп, ескерткішіне қызыл раушаннан гүл шоқтары қойылды. Мұндай шара еліміздің барлық қалаларында жалғасын тапқанды.

Қаламыздағы шара мемлекеттік хатшы

Қырымбек Көшербаев мырзаның қатысуымен жүзеге асты. Пандемияның жағдайында қатаң хаттамалық ережеге сәйкес ұйымдастырылды. Елге елеулі тұлғалардан тек академик Ғарифолла Есім қатысты.

Ғарифолла Есім – мемлекет, қоғам қайраткері. Ол алты жыл сенаторлық қызметте болған ғалым, академик, абайтанушы. Жазушы Абай Құнанбайұлының туғанына 150 жыл толуы қарсаңында 1994 жылы «Абай дүниетанымындағы Алла мен Адам болмысы» тақырыбында докторлық диссертациясы қорғаған. Ғалымның «Хакім Абай» еңбегі пәлсапалық герменевтиканың жоғарғы шеберлік бағамына ие. Абайдың ойшылдығын пәлсапа деп дәлелдеген алғашқы ғалым. Абай философия дегенді қолданбаған, ол философияны атеистік ілім деп қабылдаған.

Әрине, біздің айтайын дегеніміз, бір қазақтың назарында болса, басқа біреуінің түйсігіне жете қоймаған ақпараттың көзі болмақшы. Сондықтан тарихқа айналып үлгерген мәнді сәттерге қайта бір үңілейікші.

2012 жылы Қазақстан Республикасының Сенатының сенаторы, әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі болған Ғарифолла Есім өзі білім алып, өсіп-өнген қасиетті шаһар Семей қаласынан кіндік қаны тамған жері Аққулыға қоладан Абай бейнесін орнатады.

Аққулы –киелі мекен. Мекеннің киелілігіне арнап, академик «Ақ өлең – аққулы мекен» деген роман-эссесін де арнағанды. Роман –эссе қазақ жерін Ресейдің отаршылдық саясатын жүргізген заманында ел тағдырының басынан өткерген қиын-қыстау жағдай сөз етіледі. Орыс отаршылары әп-әсем болып жайқалған көл айналасындағы елдің берекесін қашырып, бақ-құтына қол сұққандығы айтылады. Сөйтіп автордың өзі айтқанындай, Аққулы мекеннің ырғағы қалып, ұйқасы кеткен жағдайға душар болады. Оны кітаптың эпиграф бөлімінде ғалым: «Өмір деген – ақ өлең, ырғағы бар, ұйқасы жоқ» деген метафорамен жеткізгенді. Ақ өлеңнің ұйқассыз болуы жанр шарты. Ал Аққулы халқының күнделікті өмір тіршілігінің ырғағына қалайша ұйқастық әкеле аламын деген ғалымның басты мақсатына айналғанды. Бір мәселенің сегіз шешімінің бар екендігін білетін ғалым ол сұрақтың дұрыс шешімін тапқанға ұқсайды. Ол Аққулыға Абай мүсінін орнату керек деген жөнге санайды. Мәселе, мүсінде емес қой. Ғалымның негізгі ой-ұшы хәкім Абайдың рухымен Аққулы мекенін рухтандырып, Аққулының құт-берекесін қайтару еді. Ғалым бір сөзінде: Абайдың хакімдігі өзінің қара сөздерімен ойға өріс берген десе, онысы Абайдың өзі қазақтың құт-берекесі дегені емес пе?. Өсіп-өнемін деген кісі сол өрістен қана керегін ала алады дегенге саяды демекпіз. Бұл дегеніңіз екі қасиетті мекен, Аққулы мен Семей өңірінің өмірлерін ұйқастыққа келтіру еді. Өйткені екі киелі мекен ғалымның өмір жолы, шығармашылық өрісінің өзегіне айналғанды.

Аққулыда Абай мүсінінің тікейтілуін бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жазды. Соның біріне тоқталайық. BAQ.KZ деп аталатын ғаламтор бетінде (15 тамыз 2012 жылғы шығарылым) «Аққулыда Абай мүсіні» деген тақырыппен жарық көрген мақала көзге түседі. Онда «Өткен жұма күні көршілес Павлодар облысының Лебяжі ауданының орталығы Аққу ауылында хакім ақынның туған күніне орай «Абай күні» өткізілді. Оған басты себепші болған да, осы бір игілікті істі ақырына жеткізіп, нүктесін қойған да Сенатор-академик» делінген. Шараға сол кездегі Павлодар облысының әкімі Ерлан Арын, сенатор Сәрсенбай Еңсегенов, Астана қаласындағы Суретшілер Одағы басқармасының төрағасы Қоңыр Мұхамедиев, Семей қаласының әкімі Айбек Кәрімов т.б өзге беделді тұлғалар қатысты. Шараны тап-түйнақтай етіп өткізген, сол кездегі аудан әкімі Айзада ханым. Ескерткіштің ашылу сән-салтанатында терең ойға ерік беріп, «мына жер ертеректе Аққулы атанған, ендеше кешегі айдын шалқар көлімізді қалпына келтіріп, оған киелі аққудың оралуына мүмкіндік жасай білсек, жерге құт, елге бақ келеді» деген ғалым Ғарифолла Есім, Аққулы жеріндегі Абай бейнесінің бой көтерілуін құт-берекеге балап, осы күн, Абайдың туған күні (10 тамыз), «Абай күні» деп белгіленсе екен деп, өз ұсынысын жеткізе отыра, асқақ арманының қуатшыл

екендігін көрсетті. Расын айтқанда, міне, араға 8 жыл салынып, үкімет қаулысымен «10 тамыз – Абай күні» болып бекітіліп, Тәуелсіз Қазақстанның күнтізбесінен ойып тұрып, оймақтай орынға иеленді. «Құтты болсын!» деп, дүйім қалың қазақты шын жүректен құттықтаймыз дегіміз келеді.

*****

10 тамыз 2020 жыл. Аздаған күңірейген бұлт болмаса, күн шуағы нұрын еріксіз төккелі тұр. Сарыарқаның самал желі бұл мекенге әбден сіңісіп кеткен. Желсіз Елорданы елестету мүмкін еместі. Дегенмен табиғатқа мін таға алмаспыз. Әттең, «Қорғансыздың күні» шығармасындағы кемеңгер Мұхтар Әуезовтің шеберлікпен табиғатты суреттеуіне не жетсін деп таң қалғаннан амалымыз қалмас.

Ел Орда. Есілдің сол жағалауы. Бір-біріне ұқсамайтын зәулім-зәулім ғимараттар ортасы. Ұстаз үйінің алдында бір топ шәкірттер болып күтудеміз. Келісілген уақыт 11.00. Ұстаз уақытқа өте жауапты қарайды. Уақытпен есептеспеген адам – кедей адам деп талай ретті қайталайтын. Бізді де соған баулиды. Міне, өзі де шығып келеді. Қолында бірнеше сый-кәделік қорапшалары бар. Алдынан жүгіріп шығып, алақандарымызды кеуде жағымызға тигізе сәлемдесіп, қорапшаларды өз қолдарымызға алдық. Ішінде ұстазымыздың қап-қалың болып тұрған «Ғұлама-наме» трилогиясы. Әр кітаптың бұрыш жақ бөлігіне кісі есімдері жазылған. Түсінікті. Бұл Абай күнінде сыйлануы керекті сый-кәде. Абай күнінде жақсы кітаптан асқан сый болмас.

«Ғұлама-наме» трилогиясы хақында бірер сөз айтсақ. Трилогия 640 беттік үш бөлімнен тұрады. Бірінші – хакім Абайға, екінші – данышпан Шәкәрімнің Ар біліміне, соңғы бөлім – кемеңгер Мұхтарға арналған. «Абай, Шәкәрім, Мұхтар қазақтың төл мәдениеті тарихындағы «бір сөйлем секілді» құбылыс. Абай сөйлем бастауышы болса, Мұхтар мұрасы – баяндауыш, Шәкәрімнің «Ар білімі» сөйлемдегі ойдың – анықтаушысы. Біртұтас ғажап әлем – қазақтың ғұламалық әлемі» дейді академик Ғарифолла Есім.

Әне-міне дегенше Есілдің оң жағалауына да келіп жеттік. Хакім Абайдың еңселі ескерткішінің бір жаны қала болыстарының мекені, бір жаны мемлекеттік басқару академиясы. Осы екі аралықта алыстан-ақ Абай бейнесі аспанмен таласып тұрғанын көру қиын емес. Кәміл мұсылман хәрекетін оң қылыққа balаған хәкімге де орын оң жақтан бұйырған екен деп қаласын. Көліктен түсе сала, хакім тұрған орынға қарай бет алдық. Ұстаздың жүрісі баяу, ойы тереңге сүңгуде. Хәрекеті бір толғаныстың барына меңзейді. Түсінікті жәйт. Толғаныс Абайға терең бойлағаннан шығып жатыр. Хакім Абай:

Қаны қара бір жанмын, жаны жара
Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

-деп еді ғой. Міне, бүгінде сол мың миллион болып, тағзым етіліп, қазақтың құт - берекесінің ұйытқысына айналды.

«Бауырлар тектен-текке қан төкпейді, жауықпайды. Мәселе, хакім Абайды таңдауда, Абай жолына түсуде! «Абай жолы –қазақ болу жолы! Абай жолы – немеренің немересі қазақ болып, Абай тілінде, яғни қазақ тілінде сөйлесіп, ұғысып Ұлы Далаға иелік ету жолы! Абай жолы – Еркін Ер қазақтың жолы!» деп, 30 жылдан аса ғұмырын хакім Абай даналығына арнаған ғалымның толғанысында терең өмірлік мән, хакім алдындағы адалдық, асқақ арман жатқандығы аян. Ендеше, хакім Абайды ұлықтаған ұлы күн, «Абай күні» қазақтың сана болмысында сақталынған құтты күн болсын! -демекпіз.

Жетібай РАҚЫМБЕРДІ

Алматы қаласы, Медеу ауданы, №19 жалпы білім беретін мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

АБАЙ ТАНЫМЫНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗДЫҚ

Абай – қазақ халқының көгіне жарық жұлдыздай болып жанған шамшырақ. Психологияда адамның жаны жалғызсырайтын шақ – рухани жетімсіздігінде делінеді. Шынында, Абай рухани жетім болды. Оның жанын түсініп, жүрегіне жалау болар зиялы замандас, қаумалаған қарындас, өз үнімен сарындас, көңіліне жақындас адам болмады. Абай – поэзияның пайғамбары еді. Бірақ ақиқат пайғамбар болғанымен, жанына медеу болып, құран сөздеріндей жазылған жырларын ұғынар адам болмады. Тек пайғамбардың жанында жүрген сахабалар секілді Әсет, Әбіш, Ақылбай, Мағауия, Шәкәрім тәрізді шәкірттері ғана болды. Ақынжанды адамға бұл – жұтаңдық. Абайдың жұмбағы да осы арнадан өрбиді:

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма, -

деуінде де үлкен мән бар. Оның жалғыздығы–жүрегінде. Ал жүрек – адам санасын билеп тұратын «жанды» құрылғы. Жұмбақтық, яғни жалғыздық – жүректе жасырынып тұрған наз, өкпе. Оның айналасында қыруар адам жүргенімен де, ол жалғыз болды.

Тыңдамаса еш адам, Өз жүрегім толғансын. Жүрегім, нені сезесің, Сенен басқа жан жоқ па. Бұл жерде өз жүрегін жақын досындай сырласуға шақырып, көк дөненнен жүйрік көңіліне тоқтау салып, өрекпіген жан дүниесін тыныштандырғысы келеді. Ақын бірқалыпты ырғақтан ауытқығанда, «...қайнап бір жүрек қылады әлек» деп, адам бойындағы көңіл-күйді айқындайды. Абайдың өзі айтқандай, «жұмбақ адамды түсіну үшін жүрекке үңілу керек екен, ең бастысы барлығын да жүрекпен қарау керек екен» /3.32/. Абайдың «Мені» - жүрегі. Абай өзінің 37-сөзінде: «Дүниеде жалғыз қалған адам –адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды?» деген.1-қарасөзінде: «Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретерсің, білмегеніңді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның несі бар? – дейді. Бұл жерде де, өзінің жалғыздығын қоғамнан көреді. «Шайтан» деген өлеңде:

Жапа-жалғыз білімнен бақ шықпайды,

Өлшеусіздің сыймасын бір сезбеген, - деп, өзің алған білім саған білім болып дарымайды, оны таратып, артқыларға үйретуің керек деген. Атам қазақ: «Жалғыздық құдайға ғана жарасады» деген. Абай да:

Жалғыздық – бір тәңірінің сыбағасы,
Өршілдікпен лағнетке болған душар, -

дейді. Немесе Лермонтовтың «Парусын» алайық.

Жалғыз жалау жалтылдап
Тұманды теңіз өрінде.

Несі бар туған жерінде? Абай неліктен жалғыз жалау дейді. Жалау өзі нәзік, жел тұрса, шыдамай, батып кетеді. Жалғыз, панасыз, бейкүнә жанды осы жалауға балай отырып, «жат жерде жүргендігін», амалсыздан, «бақ іздеп жүрмегендігін» айтады. Бір жерінде «тұманды» тіркесін алған. Тұман бар деген жерде, оның «барар жері мен басар тауы» да бұлыңғыр дегені. «Жүрегім» өлеңінде:

Досты қайдан табасың,
Кеңесерге адам жоқ.
Әрлі-берлі шабасың,

Жалғыздықтан жаман жоқ, - дей келе, өмірдегі ең қиын да қасіретті нәрсе – жалғыздық деп, жалғыздық – жалғандағы жаныңды жаудай жүдететін, жүректің жұдырығының жетегінде жұп-жұмыр жексұрын жәдігөйлілігімен жетімсірететін жаратқанның жазғаны дейді. Немесе «Сегіз аяқ» өлеңінде:

Атадан алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ;
Ағайын бек көп, Айтамын ептеп,

Сөзімді ұғар елім жоқ, - деп, ағайынның қиын-қыстау кезде, жапырақ-жүректің жауқазындай жарқындықтың жылы жүздерін жаныңа жаудырар жолдас пен бауырдың бәрі де жеткілікті, тек әттең, сөзімді ұғар, тыңдар бір жан жоқ деп налиды. Осылай өз адам дарына болсын деп бір ақыл айтсаң, олар оны түсінбей, өз бейшаралығымен, дүниеге деген парықсыз, сасық ниеттерімен қоғам қауымына масыл болып отыр дегенді айтпақ еді. Бірақ: Моласындай бақсының



Сурет: https://multiurok.ru/files/priezientatsiia-k-uroku-russkoi-litieratury-pushki.html

Жалғыз қалдым – тап шыным, - дейді. Жолдасы – Ербол, сүйенері – көзінің ағы мен қарасы – балалары Әбдірахман, Мағауиядан айырылды. Абайдағы жалғыздық – қоғамдағы рухани жалғыздық. Оның ғибратын тыңдар, бағалар еш жан болған емес. Ғалым Б.Омар: «Абайдағы «жүрек» - қайрат пен ақылға әміршілік қылатын, бүкіл жан-дүниені билейтін жүрек» /1.236/, - дегендей, Абай өлеңдерінде ыстық жүрек, ызалы жүрек, жылы жүрек, жас жүрек, ауру жүрек немесе қырық жамау жүрек деп ерекше сырсипат, жан-дүниесін айқын сезіндіретін көрініс – жан сырласы, жолдасы, мұңын шағар жалғыз досы. Ол «жүрегім менің қырық жамау» дейді. Сол қырық жамау жүректің сырын шешетін күшті жүрек керек. Бірде ол: Ызалы жүрек, долы қол, Улы сия, ащы тіл, - десе, бірде:

Тарылды көкірек,
Қысылды жүрек.

Ағызды қысып жасымды, - деген өлеңдері Абайдың заманынан асып туған бір адам болып, қаптап жатқан қараңғылықта тұншығып, қиянатқа шамданып, кемдікке ызаланғанын көрсетеді. Ақын жалғыздығының айнасы – оның жүрегі. Ақын А.Кеңшілікұлы: «бір Құдайдан басқаның бәрінің де уақыт-

ша екендігіне көзі жеткен ақын – жүрегінің түбіндегі жалғыздықтан ғана жұбаныш іздейді», - деген /2.157/. Рухани жетімсіздіктен барып ұлы ақынның трагедиясы басталады. Абайдың трагедиясы - өз жеке мүддесінен туған ой емес, оның трагедиясы – тоғышар мінез бен сасық ойдан түзілген халық болмысының кереғарлығы, көлденең қимылы.

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда?
Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда, - деп, алыс-жақынның қол ұшын бермей, исі қазақ дегендердің пайда табу үшін, бірдеңе жырып қалу үшін «жалған дос» болып жүргенін айта келіп,

Осы күнде, осы елде дәнеме жоқ
Мейір қанып, мәз болып қуанарлық, - деп, ұрлық-қарлық, ессіздік, ақымақтық, тентектік сияқты ел арасында келеңсіз оқиғалардың шарлап кеткенін айтады. Абай трагедиясы – озық ойлы арда азаматтың жаны мен парасатын ұғынатын қара халықтың надандығы. Абай өз атынан емес, адамзат атынан сөз айтады. Халқына бір жағынан налыса, бір жағынан аяйды, мүсіркейді. «Қайран жұртым» деп, жұрттың басынан бағы тайып, дәуренін өткенін сынап, «мұртының аузына ұстарасыз түскенін», «жаман мен жақсының парқын айыра алмағанын айтады. Тағылық, жабайы өмір кешіп, ненің ақ, ненің қара екенін ажырата алмай жүргендеріне мұңайса, ұртының бірі май, бірі қан, яғни біреулері бірбірімен араз, қас жау болса, біреулердің аузы бір екенін жайып салады. «Аузымен орақ орған өңкей қыртың», көрсеқызар, бір күні тыртың, бір күні бұртың, «бас-басына би болған өңкей қиқымдардың» елдің сиқын, берекетін бұзып, заманының зарлы да запыранды күйін күшейтіп, елге бүлік салып жүргендеріне өкініш білдіреді:

Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,
...баста ми, қолда малға талас қылған,
Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқың.
Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылпың,
Не түсер құр күлкіден жыртың-жыртың.
Ұғындырар кісіге кез келгенде,
Пыш-пыш демей қала ма ол да астыртын? – деп, трагедияның бастамасын күңіреніспен, налыспен, мұңайыспен жалғастырады. Абай трагедиясы – қалтарысы мол, халыққа деген өкпе-наздан, өкініш-аяныштан, налыс-мұңайыстан, ішкі жан-ашуынан, ұлттық мінез бен болмысқа ызасынан туған ауыр қасірет.

Әдебиеттер

1. Кеңшілікұлы А. Жалғыз досым – жүрегім. «Жұлдыз» журналы. №2, 2003.
2. Бітібаева Қ. Жүрегім менің қырық жамау // Сборник научных трудов научно-практической конференции. – Усть-Каменогорск, 1995.
3. Омарұлы Б. Зар заман ақындары және Абай // Қазіргі абайтанудың өзекті мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2002.

ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

Асай РӘМІШҰЛЫ

ДКҚ-ның Уланбатырдағы бөлімше бастығы. Моңғолия Ұлттық Онкология орталығының кеңесші дәрігері, доктор, профессор, Монғол еліне еңбек сіңірген дәрігер.

ТІЛІМІЗ БЕН ДІНІМІЗ – АЙЫМЫЗ БЕН КҮНІМІЗ

Бұрынғы заманда «Ел елу жылда, қазан жүз жылда жаңаратын» болса, қазір біздер ел бес жылда, қазан он жылда жаңаратын жүйрік заманда өмір сүріп отырмыз. Ұлтымыздың көкейтесті мәселелерінің біріне айналған ана тіліміз жөнінде де осыны айтуға болады.

Қазақстан тәуелсіздігін алған бастапқы жылдарда осы елдегі қандастарымыздың қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде қаншалықты дұрыс пайдаланатынына шетелде тұратын қандастарымыз нараулап, үрке, намыстана, тіпті жирене қарайтын, өз ішіндегі саналы, салиқалы ағайындар да аяусыз сынап-міней отырып, алыс шетелдегі 40-қа жуық елдерде тұратын қазақтар ортасынан Қытай мен Моңғолияда тұратын қазақтар ежелгі салт-дәстүрін, ана тілін қаз-қалпында сақтап келеді деп жер-суға сыйғызбай, қанын жерге тигізбей мақтайтын. Бәлки солай да шығар, басқалар үлгі алсын деп әсірелей мақтап айтқан да шығар.

Сол кездерде Қытайда қазақ тілінде 800-дей бастауыш, 200-дей орта мектеп жұмыс істеп, 7 баспадан қазақ тілінде кітаптар шығып, 6 жоғары оқу орнында қазақ филологиясы бойынша мамандар даярланып тұрғаны рас. Ал қазір ше? Сондағы 1000 мектеп қазақша сайрап, қазақ балаларына ана тілінде дәріс беріп отыр ма? Мешіт, медреселер жұмыс жүргізгенін былай қойып, мұсылман баласы құлшылығын еркін, ашық түрде жасай алып отыр ма?...

«Моңғолиядағы қандастарымызда ана тілі таза сақталған. Қазір ондағы 100 мыңдай қазақтар үшін «Баян-Өлгий баспасы қазақ тілінде кітаптар шығарып тұрады. «Шұғыла» журналы, «Жаңа өмір» және «Ғылым» атты газеттер шығады. Қазақ тілінде радио, теледидары бар. ол жерлерде ұлтжанды зиялы қауым қызмет істейді. Мұның бәрі де ол елдегі қазақтардың өз болмысын сақтауға игі ықпалын тигізіп отыр» деп Қазақстан баспасында осыдан он төрт жылдың алдында жазылған еді. Расында солай болатын. Онымен қоса қазақ тілінде сабақ жүргізетін қырық неше мектеп бары да рас.

Ал қазір ше, сол мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің сағаты азайған, сабақтардың көпшілігі әсіресе бастауыштан жоғарғы сыныптарда моңғол тілінде үйретіледі. Моңғол-

дың көне (ұйғыр) жазуын оқушыларға ұқтырып үйретудің өзі бір шет тілін білгізуден кем емес ауыр жүк. Мектеп бітіру емтиханының ең басты бір шарты-моңғол тілінің сынамасы, осының өзі аса бір қиын өткел. Сондықтан бұл елдегі қазақ балалары ана тілінде оқып білім алып жатыр деп ауыз толтыра айтып өтірік мақтанудың өзі ұят. Қазақ тілінде кітаптар шығарып тұратын баспа дедік пе? Баян-Өлгий аймағында бұрын болған ірі өндіріс, кәсіпорындардың 1990 жылдарда теріс қабылданған заңнамалардың кесірінен қулардың құлқынында кеткені секілді құрдымға кеткен үлкен мекеменің бірі сол баспа өндірісі еді. Аймақтық «Өркендеу» (Жаңа өмір) газетінің баспаханасы ретінде 1941 жылы орнаған бұл өндіріс 1970 жылдардан бір жүзден астам жұмыстаушылары, бір және екі қабат құрылысы бар, қазақ тіліндегі газетті аптасына үш дүркін, әдеби журналды мезгіл сайын, көптеген оқулықтар мен кітаптарды тасқа басып шығарып тұратын ел көлеміндегі мемлекеттік баспа комбинатынан кейінгі екінші дәрежелі өндіріс еді, өкіништісі өндірістің ежелгі қожайыны болған газет редакциясы бұл орнынан қуылып шықты да жүре келе газет, журналдар да шықпайтын болды. Қалталы азаматтар ғана бірер-жарым кітаптарын ел ордасы Уланбатырда шығартып алып, 1750 шақырымнан тасымалдап әкеліп тұрады.

Радиохабардың бары рас, осы аймақтың ғана аумағын қамтиды және жалғыз сағаттық. Күн сайын жергілікті уақиғалардан мәлімет береді, жарнама, құлақтандырулар, өлімжітімге байланысты қаралы хабарлар жиі жүріледі. Жұртшылық Қазақстанның телеарналарына көбірек назар аударады, бұған да тәуба, дей тұрғанмен орыс тіліндегілерін ұқпайды, әсіресе Қазақ елінде мемлекеттік қызметкерлердің орысша сөйлейтіндерін ұнатпайды. Оған күлер жеріміз де жоқ, «суын ішкен жердің салтын ардақтап» ресми шараларды ресми яғни мемлекеттік моңғол тілінде жүргізудің ешқандай сөкеттігі жоқ. Алайда еш кім мынауың теріс демесе де ұлттық мәдени-өнер, той-мереке шараларын қайсыбір билер мен бишігештердің моңғол тілінде жүргізетіні көңілге жақпайды. Бұл дегеніңіз бейне өз ұлтын менсінбей, ана тілінен жеріп өз отбасындағылармен моңғолша сөйлесетін моңғолданған дүбәра қазақ немесе өз отбасындағылармен орысша сөйлесетін орыстанған дүбәра (шала) қазақ іспетті.

Оны былай қойғанда жайшылықта және мәжілістерде, радиодан, теледидарда сөйлегенде, баспасөзде жазғанда біршама моңғол сөздерін өз сөзіміз деп біліп қолдана беру жайты жиі кездесуде. Мысалы, «зейнетақы тоқтату» деген сөзді жиі қолданатын адамдар бар. Айтпақ болғаны «зейнетақы белгілету». «Тогтоох» (белгілеу, қабылдау деген мағынаны білдіретін моңғолша) сөзін қолданғандықтан «тоқтату», «доғарту» деген кері мағына беретінін ескермейді. Сондай-ақ «жеті қонақтың ішінде үлгеру керек» дейтіндер бар. «Жеті тәулік», «жеті күн» немесе «бір апта», «бір жұма» дейтін қазақтың осы мағынаны білдіретін қалың сөзі бола тұра қазақтың «мейман», «қонақ» мағынасын білдіретін моңғолдың «хоног» сөзін қолданатынына ішің ашиды. Кейбір денсаулық мамандары радиодан «аурудың алдын алу үшін», «тазалық ережесін сақтамаса індетті жұқтыруына болады» деп сөйлеп жататыны болады. «Аурудың алдын алу» деу ауруды басқалардан бұрынырақ алып үлгіру деген мағына беріп тұрған жоқ па? Иә, моңғолша «урьдчилан сэргийлэх» деген сөзді «сақтану» деген мағынасымен алмай, сөзбе-сөз тәржімалап қолданғандықтан осындай кері ұғымға ұрынып отыр. «Жұқтыруына болады» деу де осындай. «Жұқтыруы ықтимал» деген мағынасымен қолданбаудан теріс түсінік беріп отыр.

Сайып келгенде, Қазақстандағы қазақ ағайындар аз мерзімде ана тілін жаппай толық игеріп алды деп асыра мақтамасақ та ашығын айту керек, ана тілінің маңыздылығын түсіне біліп, аз жылдар ішінде жақсы бетбұрыс жасады. Қай жеріне барсаң да ондағы ағайындармен жиырма жылдың алдындағыдай аудармашы іздеп қиналмай еркін сөйлесе аласың. Тым шапшаң жылдамдықпен болмағанымен ілгерілей, өрлей түсіп дамып барады. Анау айтыс ақындарын көрмейсің бе, басқа жақтан келген әріптестерін шаңына ілестірер емес. Ал мақтау алған Қытай мен

Моңғолдағы қазақтардың ана тіліміз тұрғысындағы аяқ алысы оларға қарағанда баяулап бара жатқан жоқ па?!..

Елге ел қосылып жатқан бастапқы ұлы көш жылдарында бәзбіреулер бәлки бір кесе шәй сұрап ішейін десе сөзін ұқтыра алмай ыза болғандықтан да шығар, «Қазақ бола тұра тілін білмегені несі, адыра қал, тойған соң сатылып орыстанып кеткен шоқыншылар, қазақ тілінің қасиеті атсын!» деп кіналап, қарғап та жіберетін. Сонда көпті көрген, көнтері болған көнекөз кариялар оған қарсы келіп былай дейтін: «Жоға, ол не дегенің, тойғандықтан емес еді ғой. Сен не білесің, олар не көрмеді. Орыс отарлап бастарына әңгіртаяқ ойнатты. Ұлт тағдырына жанын салғандарды айдады, жапты, атты, қит еткендерін аяусыз жазалады, саяси нәубетпен қырып салды, тірі қалғандарының аузына құлып салды. Қанды соғыстың өзінде қаншасы қасапқа түскенін білесің бе? Қауқары кетіп қаусаған қарттар қалды. Қайғымен қан жұтқан жесір аналар мен шиеттей жетім балалар қалған. Сол балалар тегін танып тілін үйренуге үлгере алды ма, үлгере алған жоқ, аш-жалаңаш жүріп, кім өзегін жалғарлық нан берсе соның айтқанына көніп, айдағанына жүріп орысшалап кете барған жоқ па, оларға не сын. Енді ерікті ел болып жатқанына да аллаға шүкір. Ештен кеш жақсы.Тағы да құл болмайын десе, бүгінгі жастар мен жасөспірімдер елдігін, ұлттығын сақтаймын десе мемлекеттік тілін-ана тілін ардақтап үйреніп те кетер».

Дей тұрғанмен қай елде болса да бірінде сақталып, байып, енді біреулерінде азып кедейленіп бара жатқан болса да үзілместен қазіргі азаттық дәуірге жеткен қазақтың қасиетті тілінің ұйытқысы болған алтын діңгек кімдер деді десеңіз сонау көркем сөз атасы болған ұлы бабалардан бері жалғасып келген жыраулар, дүлдүл ақындар, солардың ішінде қазақ қаламгерлері деп білемін.

Бала кезімізде қазақтың батырлық жырларын, Абайдың, Ақыттың өлеңдерін, «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» дастандарын жатқа айтатын, біреуден біреу дәптерге көшіріп жазып алып көпшілік бас қосқан ортада оқып беретін адамдар болушы еді. Біздің жерлесіміз, қазақ тіл, әдебиетінен қырықтай жыл дәріс берген мұғалім, Моңғолияға еңбек сіңірген ұстаз Ақтышхан Үркінұлы: «Біздер мектеп табалдырығын аттағанда Қазақстаннан шақырылып келіп сабақ берген мұғалім қыз Ғайша мен Күлжәміш бізге ән де үйретеді. «Гәкку» әнін шырқағанда ішек-сіленіз қатқанша күлеміз. Өйткені бұрын қазақтың қара өлеңін ғана білетін біздер үшін жаңа әндер таңсық еді» дейтін.

Иә Баян-Өлгийде қазақ мектеп 1928 жылы орнап, оған тыва мұғалім сабақ беріп көне моңғол жазуын үйреткен. 1931 жылдан бастап Қазақстаннан мұғалімдер келіп, қазақ балаларының сауатын қазақша ашқан. Одан кейін де тобымен ұстаздар келіп мұғалім даярлаған. Студенттер барып Алматыдан білім алатын болған. Сол кезден бастап оқулықтар да Қазақстаннан келіп тұрды. 1950 жылдардан көркем әдебиет кітаптары, 1960 жылдардан 1990 жылға дейін Қазақстанның дерлік барлық дүркінді баспалары үздіксіз келіп тұрды да одан бергі уақытта саябырлап қалды. Қайта соңғы жылдарда жолай кейбіреуі жылпостардың қолына түсіп кеткенімен аймақтық орталық кітапханаға он мыңға тарта кітаптың келіп түскені жұртшылықты қуантып отыр. Міне осылайша Моңғолия қазақтары ана тілін қаншалықты жақсы сақтаса, оған ата жұрт өркениеті мен көмегінің мол үлесі бар екенін мойындауға тиіспіз. Осы дәстүр жалғасын таба берсе екен деген тілектеміз. Назар аударатын бір мәселе Қазақстандықтардың латын қарпіне көше бастағандығы жаһандану кезіндегі оңтайлы қадам. Осыған байланысты Моңғолияның қазақтарына латын алфавитін үйретуге байланысты Қазақ еліндегі қатысты ұйымдар арнайы жоба жүзеге асырса екен дегенді ұсыныс етемін.

اساي ٴىرامىش ۇلى
د ق ق-نىڭ ۇلانباتىرداعى بولىمشە باستىعى.
مونعوليا ۇلتتىق ونكولوگيا ورتالىعىنىڭ كەڭەسشى دارىگەرى،
دوكتور،پروفەسسور، مونعول ەلىنە ەڭبەك سىڭىرگەن دارىگەر.

ٴتىلىمىز بەن ٴدىنىمىز ـ ايىمىز بەن كۇنىمىز

بۇرىنعى زاماندا «ەل ەلۋ جىلدا، قازان ٴجۇز جىلدا جاڭعاراتىن» بولسا، قازىر بىزدەر ەل بەس جىلدا، قازان ون جىلدا جاڭعاراتىن جۇيرىك زاماندا ٴومىر ٴسۇرىپ وتىرمىز. ۇلتىمىزدىڭ كوكەيتەستى ماسەلەرىنىڭ بىرىنە اينالعان انا ٴتىلىمىز جونىندە دە وسىنى ايتۋعا بولادى.

قازاقستان تاۋەلسىزدىگىن العان باستاپقى جىلداردا وسى ەلدەگى قانداستارىمىزدىڭ قازاق ٴتىلىن قارىم-قاتىناس قۇرالى رەتىندە قانشالىقتى دۇرىس پايدالاناتىنىنا شەتەلدە تۇراتىن قانداستارىمىز نارازىلىق، ۇركە، نامىستانا، ٴتىپتى جيرەنە قارايتىن، ٴوز ىشىندەگى سانالى، ساليقالى اعايىندار دا اياۋسىز سىناپ-مىنەي وتىرىپ، الىس شەتەلدەگى 40-قا جۋىق ەلدەردە تۇراتىن قازاقتار ورتاسىنان قىتاي مەن موڭعوليادا تۇراتىن قازاقتار ەجەلگى سالت-ٴداستۇرىن، انا ٴتىلىن قاز-قالپىندا ساقتاپ كەلەدى دەپ جەر-سۋعا سيعىزباي، قانىن جەرگە تيگىزبەي ماقتايتىن. بالكي سولاي دا شىعار، باسقالار ۇلگى السىن دەپ اسىرەلەي ماقتاپ ايتقان دا شىعار. سول كەزدەردە قىتايدا قازاق تىلىندە 800-دەي باستاۋىش، 200-دەي ورتا مەكتەپ جۇمىس ىستەپ، 7 باسپادان قازاق تىلىندە كىتاپتار شىعىپ، 6 جوعارى وقۋ ورنىندا قازاق فيلولوگياسى بويىنشا ماماندار دايارلانىپ تۇرعانى راس. ال قازىر شە؟ سونداعى 1000 مەكتەپ قازاقشا سايراپ، قازاق بالالارىنا انا تىلىندە ٴدارىس بەرىپ وتىر ما؟ مەشىت، مەدرەسەلەر جۇمىس جۇرگىزگەنىن بىلاي قويىپ، مۇسىلمان بالاسى قۇلشىلىعىن ەركىن، اشىق تۇردە جاساي الىپ وتىر ما؟...

موڭعولياداعى قانداستارىمىزدا انا ٴتىلى تازا ساقتالعان. قازىر ونداعى 100 مىڭداي قازاقتار ٴۇشىن «بايان-ولگيي باسپاسى قازاق تىلىندە كىتاپتار شىعارىپ تۇرادى. «شۇعىلا» جۇرنالى، «جاڭا ٴومىر» جانە «عىلىم» اتتى گازەتتەر شىعادى. قازاق تىلىندە راديو، تەلەديدارى بار. ول جەرلەردە ۇلتجاندى زيالى قاۋىم قىزمەت ىستەيدى. مۇنىڭ ٴبارى دە ول ەلدەگى قازاقتاردىڭ ٴوز بولمىسىن ساقتاۋعا يگى ىقپالىن تيگىزىپ وتىر» دەپ قازاقستان باسپاسىندا

وسىدان ون ءتورت جىلدىڭ الدىندا جازىلعان ەدى. راسىندا سولاي بولاتىن. ونىمەن قوسا قازاق تىلىندە ساباق جۇرگىزەتىن قىرىق نەشە مەكتەپ بارى دا راس.

ال قازىر شە، سول مەكتەپتەردە قازاق ءتىلى مەن ادەبيەتى ءپانىنىڭ ساعاتى ازايعان، ساباقتاردىڭ كوپشىلىگى اسىرەسە باستاۋىشتان جوعارعى سىنىپتاردا موڭعول تىلىندە ۇيرەتىلەدى. موڭعولدىڭ كونە (ۇيعىر) جازۋىن وقۋشىلارعا ۇقتىرىپ ۇيرەتۋدىڭ ءوزى ءبىر شەت ءتىلىن بىلگىزۋدەن كەم ەمەس اۋىر جۇك. مەكتەپ ءبىتىرۋ ەمتيحانىنىڭ ەڭ باستى ءبىر شارتى- موڭعول ءتىلىنىڭ سىناماسى، وسىنىڭ ءوزى اسا ءبىر قيىن وتكەل. سوندىقتان بۇل ەلدەگى قازاق بالالارى انا تىلىندە وقىپ ءبىلىم الىپ جاتىر دەپ اۋىز تولتىرا ايتىپ وتىرىك ماقتانۋدىڭ ءوزى ۇيات. قازاق تىلىندە كىتاپتار شىعارىپ تۇراتىن باسپا دەدىك پە؟ بايان-ولگيي ايماعىندا بۇرىن بولعان ءىرى ءوندىرىس، كاسىپورىنداردىڭ 1990 جىلداردا تەرىس قابىلدانعان زاڭنامالاردىڭ كەسىرىنەن قۇلاردىڭ قۇلقىنىندا كەتكەنى سەكىلدى قۇردىمعا كەتكەن ۇلكەن مەكەمەنىڭ ءبىرى سول باسپا ءوندىرىسى ەدى. ايماقتىق «وركەندەۋ» (جاڭا ءومىر) گازەتىنىڭ باسپاحاناسى رەتىندە 1941 جىلى ورناعان بۇل ءوندىرىس 1970 جىلداردان ءبىر جۇزدەن استام جۇمىسشىلارى، ءبىر جانە ەكى قابات قۇرىلىسى بار، قازاق تىلىندەگى گازەتتى اپتاسىنا ءۇش دۇركىن، ادەبي جۇرنالدى مەزگىل سايىن، كوپتەگەن وقۋلىقتار مەن كىتاپتاردى تاسقا باسىپ شىعارىپ تۇراتىن ەل كولەمىندەگى مەملەكەتتىك باسپا كومبيناتىنان كەيىنگى ەكىنشى دارەجەلى ءوندىرىس ەدى، وكىنىشتىسى ءوندىرىستىڭ ەجەلگى قوجايىنى بولعان گازەت رەداكتسياسى بۇل ورنىنان قۋىلىپ شىقتى دا جۇرە كەلە گازەت، جۇرنالدار دا شىقپايتىن بولدى. قالتالى ازاماتتار عانا بىرەر-جارىم كىتاپتارىن ەل ورداسى ۇلانباتىردا شىعارتىپ الىپ، 1750 شاقىرىمنان تاسىمالداپ اكەلىپ تۇرادى.

راديوحابارلىڭ بارى راس، وسى ايماقتىڭ عانا اۋماعىن قامتيدى جانە جالعىز ساعاتتىق. كۇن سايىن جەرگىلىكتى ۋاقيعالاردان مالىمەت بەرەدى، جارناما، قۇلاقتاندىرۋلار، ءولىم-جىتىمگە بايلانىستى قارالى حابارلار ءجيى جۇرىلەدى. جۇرتشىلىق قازاقستاننىڭ تەلەارنالارىنا كوبىرەك نازار اۋدارادى، بۇعان دا ءتاۋبا، دەيتۇرعانمەن ورىس تىلىندەگىلەرىن ۇقپايدى، اسىرەسە قازاق ەلىندە مەملەكەتتىك قىزمەتكەرلەردىڭ ورىسشا سويلەيتىندەرىن ۇناتپايدى. وعان كۇلەر جەرىمىز دە جوق، «سۇيىن ىشكەن جەردىڭ سالتىن اردا قتاپ» رەسمي شارالاردى رەسمي ياعني مەملەكەتتىك موڭعول تىلىندە جۇرگىزۋدىڭ ەشقانداي سوكەتتىگى جوق. الايدا ەش كىم مىناۋىڭ تەرىس دەمەسە دە ۇلتتىق

مادەني-ونەر، توي-مەرەكە شارالارىن قايسىبىر بيلەر مەن بيشىگەشتەردىڭ موڭعول تىلىندە جۇرگىزەتىنى كوڭىلگە جاقپايدى. بۇل دەگەنىڭىز بەينە ءوز ۇلتىن مەنسىنبەۋ، انا تىلىنەن جەرىپ ءوز وتباسىنداعىلارمەن موڭعولشا سويلەسەتىن موڭعولدانعان ءدۇبارا قازاق نەمەسە ءوز وتباسىنداعىلارمەن ورىسشا سويلەسەتىن ورىستانعان ءدۇبارا (شالا) قازاق ىسپەتتى. ونى بىلاي قويعاندا جايشىلىقتا جانە ماجىلىستەردە، راديودان، تەلەديداردا سويلەگەندە، باسپاسوزدە جازعاندا ءبىرشاما موڭعول سوزدەرىن ءوز ءسوزىمىز دەپ ءبىلىپ قولدانا بەرۋ جايتى ءجيى كەزدەسۋدە. مىسالى، «زەينەتاقى توقتاتۋ» دەگەن ءسوزدى ءجيى قولداناتىن ادامدار بار. ايتپاق بولعانى «زەينەتاقى بەلگىلەتۋ». «توگتووح» (بەلگىلەۋ، قابىلداۋ دەگەن ماعىنانى بىلدىرەتىن موڭعولشا) ءسوزىن قولدانعاندىقتان «توقتاتۋ»، «دوعارتۋ» دەگەن كەرى ماعىنا بەرەتىنىن ەسكەرمەيدى. سونداي-اق «جەتى قوناقتىڭ بىرىندە ۇلگەرۋ كەرەك» دەيتىندەر بار. «جەتى كۇن»، «جەتى تاۋلىك»، «ءبىر اپتا» نەمەسە «ءبىر جۇما» دەيتىن قازاقتىڭ وسى ماعىنانى بىلدىرەتىن قالىڭ ءسوزى بولا تۇرا قازاقتىڭ «مەيمان»، «قوناق» ماعىناسىن بىلدىرەتىن موڭعولدىڭ «حونوگ» ءسوزىن قولداناتىنىنا ءىشىڭ اشيدى. كەيبىر دەنساۋلىق ماماندارى راديودان «اۋرۋدىڭ الدىن الۋ ءۇشىن»، «تازالىق ەرەجەسىن ساقتاماسا ىندەتتى جۇقتىرۋىنا بولادى» دەپ سويلەپ جاتاتىنى بولادى. «اۋرۋدىڭ الدىن الۋ» دەۋ اۋرۋدى باسقالاردان بۇرىنىراق الىپ ۇلگىرۋ دەگەن ماعىنا بەرىپ تۇرعان جوق پا؟ ءيا، موڭعولشا «ۇردچيلان سەرگييلەح» دەگەن ءسوزدى «ساقتانۋ» دەگەن ماعىناسىمەن الماي، سوزبە-ءسوز ءتارجىمالاپ قولدانعاندىقتان وسىنداي كەرى ۇعىمعا ۇرىنىپ وتىر. «جۇقتىرۋىنا بولادى» دەۋ دە وسىنداي. «جۇقتىرۋى ىقتيمال» دەگەن ماعىناسىمەن قولدانباۋدان تەرىس تۇسىنىك بەرىپ وتىر. سايىپ كەلگەندە، قازاقستانداعى قازاق اعايىندار از مەرزىمدە انا ءتىلىن جاپپاي تولىق يگەرىپ الدى دەپ اسىرا ماقتاماساق تا اشىعىن ايتۋ كەرەك، انا ءتىلىنىڭ ماڭىزدىلىعىن تۇسىنە ءبىلىپ، از جىلدار ىشىندە جاقسى بەتبۇرىس جاسادى. قاي جەرىنە بارساڭ دا ونداعى اعايىندارمەن جيىرما جىلدىڭ الدىنداعىداي اۋدارماشى ىزدەپ قينالماي ەركىن سويلەسە الاسىڭ. تىم شاپشاڭ جىلدامدىقپەن بولماعانىمەن ىلگەرىلەۋ، ورلەۋ ءتۇسىپ دامىپ بارادى. اناۋ ايتىس اقىندارىن كورمەيسىڭ بە، باسقا جاقتان كەلگەن ارىپتەستەرىن شاڭىنا ىلەستىرەر ەمەس. ال ماقتاۋ العان قىتاي مەن موڭعولداعى قازاقتاردىڭ انا ءتىلىمىز تۇرعىسىنداعى اياق الىسى ولارعا قاراعاندا باياۋلاپ بارا جاتقان جوق پا؟..!

ٴولگە ٴول قوسىلىپ جاتقان باستاپقى ۇلى كوش جىلدارىندا بازبىرەۋلەر بالكي ٴبىر كەسە ٴشاي سۇراپ ىشەيىن دەسە ٴسوزىن ۇقتىرا الماي ىزا بولعاندىقتان دا شىعار، «قازاق بولا تۇرا ٴتىلىن بىلمەگەنى نەسى، ادىرا قال، تويعان سوڭ ساتىلىپ ورىستانىپ كەتكەن شوقىنشىلار، قازاق ٴتىلىنىڭ قاسيەتى اتسىن!» دەپ كىنالاپ، قارعاپ تا جىبەرەتىن. سوندا كوپتى كورگەن، كوتتەرى بولعان كونەكوز كارىيالار وعان قارسى كەلىپ بىلاي دەيتىن: «جوعا، ول نە دەگەنىڭ، تويعاندىقتان ەمەس ەدى عوي. سەن نە بىلەسىڭ، ولار نە كورمەدى. ورىس وتارلاپ باستارىنا اڭگىرتاياق وينااتتى. ۇلت تاعدىرىنا جانىن سالعانداردى ايدادى، جاپتى، اتتى، قيت ەتكەندەرىن اياۋسىز جازالادى، ساياسي ناۋبەتپەن قىرىپ سالدى، ٴتىرى قالعاندارىنىڭ اۋزىنا قۇلىپ سالدى. قاندى سوعىستىڭ ۇزىندە قانشاسى قاساپقا تۇسكەنىن بىلەسىڭ بە؟ قاۋقارى كەتىپ قاۋساعان قارتتار قالدى. قايعىمەن قان جۇتقان جەسىر انالار مەن شيەتتەي جەتىم بالالار قالعان. سول بالالار تەگىن تانىپ ٴتىلىن ۇيرەنۋگە ۇلگەرە الدى ما، ۇلگەرە العان جوق، اش-جالاڭاش ٴجۇرىپ، كىم ۇزەگىن جالعارلىق نان بەرسە سونىڭ ايتقانىنا كونىپ، ايداعانىنا ٴجۇرىپ ورىسشالاپ كەتە بارعان جوق پا، ولارعا نە سىن. ەندى ەركىندى ەل بولىپ جاتقانىنا دا اللاعا شۇكىر. ەشتەن كەش جاقسى.تاعى دا قۇل بولمايىن دەسە، بۇگىنگى جاستار مەن جاسوسپىرىمدەر ەلدىگىن، ۇلتتىعىن ساقتايمىن دەسە مەملەكەتتىك ٴتىلىن-انا ٴتىلىن ارداقتاپ ۇيرەنىپ تە كەتەر».

دەيتۇرعانمەن قاي ەلدە بولسا دا بىرىندە ساقتالىپ، بايىپ، ەندى بىرەۋلەرىندە ازىپ كەدەيلەنىپ بارا جاتقان بولسا دا ۇزىلمەستەن قازىرگى ازاتتىق داۋىرگە جەتكەن قازاقتىڭ قاسيەتتى ٴتىلىنىڭ ۇيتقىسى بولعان التىن دىڭگەك كىمدەر ەدى دەسەڭىز سوناۋ كوركەم ٴسوز اتاسى بولعان ۇلى بابالاردان بەرى جالعاسىپ كەلگەن جىراۋلار، ٴدۇلدۇل اقىندار، سولاردىڭ ىشىندە قازاق قالامگەرلەرى دەپ بىلەمىن.

بالا كەزىمىزدە قازاقتىڭ باتىرلىق جىرلارىن، اڭىزدىڭ، اقتىنىڭ ولەڭدەرىن، «ەڭلىك-كەبەك»، «قالقامان-مامىر» داستاندارىن جاتقا ايتاتىن، بىرەۋدەن بىرەۋ داپتەرگە كوشىرىپ جازىپ الىپ كوپشىلىك باس قوسقان ورتادا وقىپ بەرەتىن ادامدار بولۋشى ەدى. ٴبىزدىڭ جەرلەسىمىز، قازاق ٴتىل، ادەبيەتىنەن قىرىقتاي جىل ٴدارىس بەرگەن مۇعالىم، موڭعولياعا ەڭبەك سىڭىرگەن ۇستاز اقتىشحان ۇركىن ۇلى: «بىزدەر مەكتەپ تابالدىرىعىن اتتاعاندا قازاقستاننان شاقىرىلىپ كەلىپ ساباق بەرگەن مۇعالىم قىز عايشا مەن كۇلجامىش بىزگە ٴان دە ۇيرەتەدى. «گاككۋ» ٴانىن شىرقاعاندا ىشەك-

سىلەمىز قاتقانشا كوّلەمىز. ويتكەنى بوّرىن قازاقتىڭ قارا ولەڭىن عانا بىلەتىن بىزدەر ءوّشىن جاڭا اندەر تاڭسىق ەدى» دەيتىن.

ءيا بايان-ولگييدە قازاق مەكتەپ 1928 جىلى ورناپ، وعان تىڭا مۇعالىم ساباق بەرىپ كونە موڭعول جازۋىن ۇيرەتكەن. 1931 جىلدان باستاپ قازاقستاننان مۇعالىمدەر كەلىپ، قازاق بالالارىنىڭ ساۋاتىن قازاقشا اشقان. ودان كەيىن دە توبىمەن ۇستازدار كەلىپ مۇعالىم دايارلاعان. ستۋدەنتتەر بارىپ الماتىدان ءبىلىم الاتىن بولعان. سول كەزدەن باستاپ وقۋلىقتار دا قازاقستاننان كەلىپ تۇردى. 1950 جىلداردان كوركەم ادەبيەت كىتاپتارى، 1960 جىلداردان 1990 جىلعا دەيىن قازاقستاننىڭ دەرلىك بارلىق دۇركىندى باسپالارى ۇزدىكسىز كەلىپ تۇردى دا ودان بەرگى ۋاقىتتا سايابىرلاپ قالدى. قايتا سوڭعى جىلداردا جولاي كەيبىرەۋى جىلپوستاردىڭ قولىنا ءتۇسىپ كەتكەنىمەن ايماقتىق ورتالىق كىتاپحاناعا ون مىڭعا تارتا كىتاپتىڭ كەلىپ تۇسكەنى جۇرتشىلىقتى قۋانتىپ وتىر. مىنە وسىلايشا موڭعوليا قازاقتارى انا ءتىلىن قانشالىقتى جاقسى ساقتاسا، وعان اتا جۇرت وركەنيەتى مەن كومەگىنىڭ مول ۇلەسى بار ەكەنىن مويىنداۋعا ءتيىسپىز. وسى ءداستۇر جالعاسىن تابا بەرسە ەكەن دەگەن تىلەكتەمىز. نازار اۋداراتىن ءبىر ماسەلە قازاقستاندىقتاردىڭ لاتىن قارپىنە كوشە باستاعاندىعى جاھاندانۋ كەزىندەگى وڭتايلى قادام. وسىعان بايلانىستى موڭعوليانىڭ قازاقتارىنا لاتىن ءالفاۋيتىن ۇيرەتۋگە بايلانىستى قازاق ەلىندەگى قاتىستى ۇيىمدار ارنايى جوبا جۇزەگە اسىرسا ەكەن دەگەندى ۇسىنىس ەتەمىن.

«МЕН – ТАРИХ ТӘЛКЕГІМЕН ӨЗ АТАЖҰРТЫНАН АЛАСТАЛҒАН ҚАЗАҚТЫҢ ҰРПАҒЫМЫН»

Францияның Крей қаласының орынбасар мэрі, қазақ қызы Иешім Мақмұдқызы Савашпен сұхбат.

- Саваш Иешім, сіздің есім-сойыңыз жуықта әлемдік ақпаратта, әсіресе, қазақ, түрік, француз тілді медияда жиі айтылды. Бүгінгідей алмағайып тұста өрімдей жас қазақ қызының Франция секілді елдің саясат сахнасына көрініс беруі қазақ қандастары үшін мақтаныш сезімін ұялатты. Сіз мұны қалай қабылдадыңыз?

- Біріншіден, маған осындай қамқорлық көрсеткені үшін барша қазақ халқына алғыс айтамын. Менің Париж аймағының Крей қаласының орынбасар мэрі болып сайлануыма байланысты Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдарында шығуым күтпеген жағдай, әрі құрмет болды. Бұл мені таң қалдырды, әрі мақтаныш және туған халқыма деген махаббатымды тіптен күшейте түсті.

- Сайланған аумақ, қазіргі қызметіңіз туралы тарқатып айтсаңыз?

- 2014 жылы мен қалалық кеңесте халықаралық қатынастар жөніндегі кеңесші болып сайландым. 2020 жылғы маусымдағы сайлауда жеңіске жеткен соң мені мэрдің мәдениет жөніндегі орынбасары етіп тағайындады. Сонымен қатар, мен мәдениетке және оның аймақтағы дамуына қатысты барлық мәселелерге жауап беремін.

- Сіздің саясатқа бет бұруыңыздың себебі мен құпиясы неде? Бұл таңдау неден туындады?

- Мен 18 жасымнан бастап саясатқа және оның барлық нәрселеріне қызығушылық таныттым. Мен 19 жасымда жастар кеңесіне сайландым және жастарға арналған жобалар жасап, олардың орындалатындығын көру мен үшін амбиция болды. Жастар болашақты бейнелейді, оларға құралдар мен қажетті күш беру ертеңгі әлемді құру үшін қажет. Биылғы жергілікті сайлау індетке байланысты ұзаққа созылды. Бірінші туры 15-наурызда өтсе де, карантин бөгет болды, екінші сатысына 28-шілдеде кезек келді.

- Естуімізше, аталарыңыз Бұланай тау сілемдерін көктей өтіп, Анадолыдан қоныс тапқан қасіретті көштің сапында болған екен? Өз жұртыңыз, нағашы жұртыңыз туралы өз аузыңыздан тарқатып айтып берсеңіз?

- Менің шыққан жұртым – Алтайдан,

XIX ғасырдың соңында Қазақстанның Зайсан өңірінен Шыңжаңға қоныс аударған керей тайпасының адамдары. Өз жұртым 12 ата Абай керейдің бірі Қарақас руы, Алтайда өскен іргелі ел. Бұл рудан ел басқарған Ақтеке, Халел би, Қаптағай, Арқалық, Қаби, Құрман, Сайып, Рахат, Бүркітбай сияқты жер қорғаған батырлар, бақсы оқымыстылар көп шыққан. Осыдан екі жыл бұрын қарақастар жиналып, Зайсанда Қаптағай батыр бабамызға ас берді, Анадолыда да жалғасты. Бұл істе Илияс Сақа мен Серік сияқты жандар үлкен қолдау көрсетті. Ыстанбұлдың Зейтінбұрны ауданы әкімінің орынбасары болған Илияс Сақа көкемнің жолымен жүріп келемін. Арғы атам Сатыпалды Жеңсікбайұлы атақты Зұқа батыр әулетімен етене байланыста болған. Ел басына күн туған заманда үй іші бір жақта, өзі бір жақта қалған. Балалары

Гималай асқан көшпен Түркияға жеткен. Атам Әутай, ағасы Рахымберді, інісі Шәпи Анадолыға жеткен. Рақымберді атам 40 жылдан кейін әкесіне барып жолыға алды. Ол атамның ұлы Иса Қалқан көп жыл Францияда тұрған кәсіпкер, қазір Ыстанбұлдағы Қожа Ақымет Иасауи қорын басқарады.

Өз әжем Малақай әйгілі Оспан батырдың туысы, тоқсанды алқымдады, Ізмір тарапында Салихлы ауданында тұрады.

Нағашы жағынан мен әйгілі Зуқақажы Сәбитұлының тікелей жиеншарымын, яғни шөбере жиенімін. Оның әкесі де Уфада оқыған оқымысты. Барша қазаққа мәлім, нағашалырым да Зайсан өңірінен 1891 жылдары арғы бетке ауған. Дін таратқан қажы бабам XX ғасырдың басында Манж-Цин, кейін гоминдан езгісіне деспоттық үстемдікке қарсы тұрды және қандастарын өз қарамағына қорғауына алды. Қапыда қаза болған соң үлкен ұлы Солтаншәріп елді басқарды, көштің басшыларының бірі ретінде Анадолыға елін алып өтті. Зуқаның бесінші ұлы Шәми – туған менің нағашы атам. XIX ғасырда Ыстанбұлдағы ескі қонақүй мұрағатынан Зұқа атамның фотосуретін тауып алғанда танып куәландырған, артынан той жасаған да Шәми атам. Нағашы апам Қабира Сағынғанқызы Ыстанбұлда, жасы 90-ға келді. Венада тұратын нағашым Қызырхан Чолпан Атажұртқа жиі қатынап тұрады, сыйласатын жекжаттары да көп.

Демек, менің аталарым мен апаларым аса көрнекті тұқымнан, ел мен жер үшін күрескен күрескер жандар.

- Қазақ оқырмандары өзіңіздің өскен ортаңыз туралы білгісі келеді?

- Мен – тарих тәлкегімен өз Атажұртынан аласталған қазақтың ұрпағымын. Аталарым XX ғасырдың ортасында Анадолы жеріне қоныстанған. Өзім Францияда дүниеге келдім, балалық шағым Париж аймағында өтті. Менің 13 жасымда Крейлге көшіп келдік. Лицейді бітірген соң Технология инситутында жергілікті өзін-өзі басқару мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін, кейін Ұлттық жоғары біліктілік және білім беру институтында (Institut National Supйrieur du Professorat et de l'Йducation) білім магистрі дәрежесін тамамдадым.

- Исламдық-түркілік өркениет пен еуропалық-христиандық өркениет үйлесімі Сіздің бойыңыздан қалай көрініс тапты?

- Менің дінім немесе шыққан тегім ешқашан ешнәрсеге кедергі келтірген емес. Керісінше, өзімнің артықшылық тұстарымды мақсаттарым үшін пайдалануға тырысамын. Францияда әртүрлілікті ұсынудың нақты әлеуеті бар, өйткені әртүрлілік - бұл актив, яғни белсенділік болып табылады. Франция - зайырлы ел, сондықтан ешқашан өз дінімді ұстануға немесе өзімнің стандарттарым бойынша өмір сүруге қатысты проблема болған емес.

- Қазақ ұрпағы ретінде сізге қазақ тілі, қазақ мәдениеті не берді? Қазақ дәстүр салты, менталитеті туралы пайымыңыз, көзқарасыңыз қалай?

- Отбасымызда қазақ мәдениетіне, ән-күйіне ерекше қызығушылық бар. Тұтыну бұйымдарын барынша қазақы стилде болуым қалаймыз. Түркиядағы туысқандарымыз, қос әжемнің сондай-ақ арттағы елден келген ағайындар сыйлаған бұйымдар ерекше қастерлі. Тілдік орта болмағансың оны игеру өте қиын болатынын білесіздер. Әкем Мақмұд көп жыл кәсіпкерлікпен айналысты, қазір Париждегі қазақ мәдениет орталығының жетекшісі. Анам Әмина қолы бос уақытта қазақша үйренем деушілерге тіл үйретумен айналысады. Артымнан ерген Ясин есімді інім Дилара есімді сіңлім бар, сіңлім университетте оқиды, інім мамандығы бойынша еңбек етеді.

- Еңбек жолыңыз қайдан басталды? Саясатқа аяқ басуыңыздың басты себебі неде?

- Жергілікті басқару мамандығын алғаннан кейін, қала өмірімен байланысты барлық нәрсені жақсы түсіну үшін біліктілігімді ұштағым келді. Содан кейін мен оқытушылық бойынша магистратураны бітірдім, мұғалім ретінде конкурсқа түстім. Менің де мұғалім болғаныма 3 жыл болды.

- Саясатта таңдаған бағытыңызға қысқаша тоқталсаңыз?

- Менің саяси таңдауыма қатысты десеңіз, 2014 жылы Социалистік партияға кірдім, социалистік болу - әлемге бұрынғыдай қанағаттанып қана қоймай, қоғамды өзгерткіңіз келеді. Социалистік идея әділетсіздікке қарсы көтерілістен де, жақсы өмір үшін күреске де байланысты. Социалистік іс-әрекеттің мақсаты - адамның толық эмансипациясы.

- Бұл жолғы жетістіңізге жету жолында қандай әрекет жасадыңыз? Өзгеше бағдарлама ұсындыңыз ба?

- Жаңа қызметіңізге кіріскелі қандай қиындықтар, ауыртпалықтармен бетпе-бет келуге тура келді?

- Со жақтың тұрғыны, жас саясаткер ретінде Еуро-Одақтың болашағы, жалпы батыс әлемінің, соның ішін де Францияның алдағы онжылдықтағы саяси, экономикалық, интеграциялық жай-күйін қалай елестетесіз?

- Болашақтағы жоспарларыңызбен бөліссеңіз?

- Менің болашаққа жоспарларым өте қарапайым. Мен өз қаламның тұрғындарының талаптарын жүзеге асыра отырып, олардың Крейлде өмір сүретіндіктерін мақтан еткім келеді. Қала келбетін арттырғым келеді және сол арқылы жастардың сол жерде өз бақыттарын табуына мүмкіндік жасау. Сондай-ақ адамдарға толыққанды дамуға мүмкіндік беретін мәдениетке, білімге және оқуға қол жеткізуді қалаймын.

- Франциядағы қазақ немесе түрік диаспорасымен байланысыңыз бар ма?

- Франциядағы түрік диаспорасы Еуропаның басқа елдерімен салыстырғанда онша көп деуге келмейді. Дегенмен мен үшін тіл, діл жағынан жаныма жақын келетін түрік тілі мен мәдениеті мен үшін де мәдени-коммуникативті кеңістік десем болады. Отбасымызбен Франциядағы қазақ, түркі диаспорасының түрлі шараларына белсенді араласып тұрамыз. Әкем Мақмұт жоғарыда айтқанымдай, мәдени орталыққа төрағалық етеді. Анам Әмине қазақ тілін үйренем деушілерге тіл курсын жүргізіп тұрады. Қазақ қызы ретінде ана тілін игеру менің бір міндетім ретінде жоспарымда тұр. Осы жолғы сайлауда кімсің? деген сауалдан кейін, ең бастысы Атажұртымда осындай ерекше қолдауға ие болуым маған үлкен міндет жүктеді. Мен қазақша үйренем деп мақсат етіп қойдым. Қазақстанның бір қаласымен Крейлді бауырлас қала етсем деген ұсыныс жасамақ ойдамын. Осылай өзімнің кім екенімді Атажұртымды, оның мәдениеті мен жетістігін таныту, насихаттау арқылы танытсам деген жоспарым бар.

- Қазақстанда болдыңыз ба? Қазақ жастарымен, қандастармен байланысыңыз қаншалықты?

- Қазіргі ғаламдану заманында ниеттес, мүдделес достар табудың жолы оңай. Өкінішке орай, Қазақстанда әлі бола алмадым. 2016 жылы нағашы бабам, Алтай қазақтарының ұлт азаттық қозғалысының ірі тұлғасы Зұқа Атамның Алматыда өткен тойына атаанаммен еріп бару ойымда болып еді, уақыт мүмкіндік бермеді. Қазақ қандастармен байланысым баршылық, әзір көбіне виртуалдық сипатта. Сәтін салғанда Атажұртқа барып, топырағына аунап қайту жоспарымда бар.

- Атажұртқа тілегіңіз

- Әрине, менің ата-бабаларым халқының болашағы үшін жан берген, азаттықты аңсап Бұланай-Гималай жоталарын көктеп өткендер. Сондықтан да азаттық, еркіндік деген мен үшін де аса қастерлі ұғым. Айтарым Қазақ Елінің болашағы баянды болса екен деп тілеймін. Туған халқымның мәртебесі асқақ, адамдары бақытты, бақуатты, саламатты болуын тілеймін. Бұған әрбір азамат, жастар өзінің шама-шарқынша үлестерін қосса, әр ауыл, қала өздеріне қолайлы білім, іскерлік, мәдени, иманы ортасын қалыптастыруға атсалысуын қалар едім. Бұл әрбір жанға адами әрі азаматтық парыз деп санаймын

- Уақыт бөліп, сұқбат бергеніңізге рахмет! Сізге өмірде, саясатты армандаған ойларыңызға жете беруге тілектеспіз!

- Арнайы көңіл бөлгендеріңіз үшін «Туған тіл» басылымына шексіз алғыс айтамын!

Сұқбатты жүргізген Бабақұмар Хинаят

«MEN – TARIH TÁLKEGİMEN ÓZ ATAJURTYNAN ALASTALǴAN QAZAQTYŃ URPAǴYMYN»

Fransıanyń Kreı qalasynyń orynbasar meri, qazaq qyzy Ieshim Maqmudqyzy Savashpen suhbat.

- Savash Ieshim, sizdiń esim-soıyńyz jəyqta бlemdik aqparatta, бsirese, qazaq, tъrik, fransəz tildi medıada jıi aıtyldy. Въgingideı almaǵaıyp tusta yrimdeı jas qazaq qyzynyń Fransıa sekildi eldiń saıasat sahnasyna kyrinis berэi qazaq qandastary ъshin maqtanysh sezimin uıalatty. Siz muny qalaı qabyldadyńyz?

- Birinshiden, maǵan osyndaı qamqorlyq kyrsetkeni ъshin barsha qazaq halqyna alǵys aıtamyn. Meniń Parıj aımaǵynyń Kreı qalasynyń orynbasar meri bolyp saılanэyma baılanysty Qazaqstannyń buqaralyq aqparat quraldarynda shyǵýym kъtpegen jaǵdaı, бri qurmet boldy. Bul meni tań qaldyrdy, бri maqtanysh jбne týǵan halqyma degen mahabbatymdy tipten kъsheıte tъsti.

- Saılanǵan aэmaq, qazirgi qyzmetińiz tэraly tarqatyp aıtsańyz?

- 2014 jyly men qalalyq keńeske halyqaralyq qatynastar jynindegi keńesshi bolyp saılandym. 2020 jylǵy maýsymdaǵy saılaэda jeńiske jetken soń meni merdiń mбdenıet jynindegi orynbasary etip taǵaıyndady. Sonymen qatar, men mбdenıetke jбne onyń aımaqtaǵy damэyna qatysty barlyq mбselelerge jaэap beremin.

- Sizdiń saıasatqa bet burýyńyzdyń sebebi men qupıasy nede? Bul tańdaý neden tэyndady?

- Men 18 jasymnan bastap saıasatqa jбne onyń barlyq nбrselerine qyzyǵýshylyq tanyttym. Men 19 jasymda jastar keńesine saılandym jбne jastarǵa arnalǵan jobalar jasap, olardyń oryndalatyndyǵyn kyrэ men ъshin ambısıa boldy. Jastar bolashaqty beıneleıdi, olarǵa quraldar men qajetti kъsh berэ erteńgi бlemdi qurэ ъshin qajet. Bıylǵy jergilikti saılaэ indetke baılanysty uzaqqa sozyldy. Birinshi tэry 15-naэryzda ytse de, karatın byget boldy, ekinshi satysyna 28-shildede kezek keldi.

- Estэimizshe, atalaryńyz Bulanaı taэ silemderin kyktэı ytip, Anadolydan qonys tapqan qasiretti kóshtiń sapynda bolǵan eken? Уz jurtyńyz, naǵashy jurtyńyz tэraly yz aýzyńyzdan tarqatyp aıtyp berseńiz?

- Meniń shyqqan jurtym – Altaıdan, HİH ǵasyrdyń sońynda Qazaqstannyń Zaısan óńirinen Shyńjanǵa qonys aýdarǵan kereı taıpasynyń adamdary. Уz jurtym 12 ata Abaı kereıdiń biri Qaraqas rэy, Altaıda ysken irgeli el. Bul rэdan el basqarǵan Aqteke, Halel bı, Qaptaǵaı, Arqalyq, Qabı, Qurman, Saıyp, Rahat, Въrkitbaı sıaqty jer qorǵaǵan batyrlar, baqsy oqymystylar kyp shyqqan. Osydan eki jyl buryn qaraqastar jınalyp, Zaısanda Qaptaǵaı batyr babamyzǵa as berdi, Anadolyda da jalǵasty. Bul istet Ilıas Saqa men Serik sıaqty jandar ъlken qoldaэ kyrsetti. Ystanbuldyń Zeıtinburny aэdany ákiminiń orynbasary bolǵan Ilıas Saqa kókemniń jolymen júrip kelemin.

Arǵy atam Satypaldy Jeńsikbaıuly ataqty Zuqa batyr бэletimen etene baılanysta bolǵan. El basyna kъn týǵan zamanda эı ishi bir jaqta, yzi bir jaqta qalǵan. Balalary Gımalaı asqan kyshpen Túrkıaǵa jetken. Atam Бэtaı, aǵasy Rahymberdi, inisi Shбpı Anadolyǵa jetken. Raqymberdi atam 40 jyldan keıin бkesine baryp jolyǵa aldy. Ol atamnyń uly Isa Qalqan kyp jyl Fransıada turǵan kбsipker, qazir Ystanbuldaǵy Qoja Aqymet Iasaэı qoryn basqarady.

Уz бjem Malaqaı бıgili Ospan batyrdyń tэysy, toqsandy alqymdady, İzmir tarapynda Salıhly aэdanynda turady.

Naǵashy jaǵynan men бıgili Zэqaqajy Sábıtulynyń tikeleı jıensharymyn, ıaǵnı shybere jıenimin. Onyń бkesi deЭfada oqyǵan oqymysty. Barsha qazaqqa mбlim, naǵashalyrym da Zaısan óńirinen 1891 jyldary arǵy betke aýǵan. Din taratqan qajy babam HH ǵasyrdyń basynda Manj-Sın, keıin gomından ezgisine despottyq ъstemdikke qarsy turdy jбne qandastaryn yz

qaramaǵyna qorǵaýyna aldy. Qapyda qaza bolǵan soń ъlken uly Soltanshбrip eldi basqardy, kóshtiń basshylarynyń biri retinde Anadolyǵa elin alyp ytti. Zýqanyń besinshi uly Shбмı – týǵan meniń naǵashy atam. HİH ǵasyrda Ystanbuldaǵy eski qonaqъı muraǵatynan Zuqa atamnyń fotosэretin taэyp alǵanda tanyp kýálandyrǵan, artynan toı jasaǵan da Shбмı atam. Naǵashy apam Qabıra Saǵynǵanqyzy Ystanbulda, jasy 90-ǵa keldi. Venada turatyn naǵashym Qyzyrhan Cholpan Atajurtqa jıi qatynap turady, syılasatyn jekjattary da kyp.

Demek, meniń atalarym men apalarym asa kyrnekti tuqymnan, el men jer ъshin kъresken kъresker jandar.

- Qazaq oqyrmandary ózińizdiń ysken ortańyz týraly bilgisi keledi?

- Men – tarıh tбlkegimen yz Atajurtynan alastalǵan qazaqtyń urpaǵymyn. Atalarym HH ǵasyrdyń ortasynda Anadoly jerine qonystanǵan. Уzim Fransıada dъnıege keldim, balalyq shaǵym Parıj aımaǵynda ytti. Meniń 13 jasymda Kreılge kyship keldik. Lıseıdi bitirgen soń Tehnologıa ınstэtynda jergilikti yzin-yzi basqarэ mamandyǵy boıynsha bakalavr dбrejesin, keıin Ulttyq joǵary biliktilik jбne bilim berэ ınstıtэtynda (Institut National Supйrieur du Professorat et de l'Йducation) bilim magıstri dбrejesin tamamdadym.

- Islamdyq-tъrkilik yrkenıet pen eэropalyq-hrıstıandyq yrkenıet ъılesimi Sizdiń boıyńyzdan qalaı kórinis tapty?

- Meniń dinim nemese shyqqan tegim eshqashan eshnбrsege kedergi keltirgen emes. Kerisinshe, ózimniń artyqshylyq tustarymdy maqsattarym ъshin paıdalanýǵa tyrysamyn. Fransıada бrtъrlilikti usynýdyń naqty бleэeti bar, yıtkeni бrtъrlilik - bul aktıv, ıaǵnı belsendilik bolyp tabylady. Fransıa - zaıyrly el, sondyqtan eshqashan yz dinimdi ustanýǵa nemese ózimniń standarttarym boıynsha ymir sъrэge qatysty problema bolǵan emes.

- Qazaq urpaǵy retinde sizge qazaq tili, qazaq mбdenıeti ne berdi? Qazaq dбstъr salty, mentalıteti tэraly paıymyńyz, kózqarasyńyz qalaı?

- Otbasymyzda qazaq mбdenıetine, бnkъıine erekshe qyzyǵýshylyq bar. Tutynэ buıymdaryn barynsha qazaqy stılde bolэym qalaımyz. Túrkıadaǵy tэysqandarymyz, qos ájemniń sondaı-aq arttaǵy elden kelgen aǵaıyndar syılaǵan buıymdar erekshe qasterli. Tildik orta bolmaǵansyń ony ıgerэ yte qıyn bolatynyn bilesizder. Бkem Maqmud kyp jyl kбsipkerlikpen aınalysty, qazir Parıjdegi qazaq mбdenıet ortalyǵynyń jetekshisi. Anam Бmına qoly bos эaqytta qazaqsha ъırenem deэshilerge til ъıretэmen aınalysady. Artymnan ergen Iasın esimdi inim Dılara esimdi sińlim bar, sińlim эnıversıtette oqıdy, inim mamandyǵy boıynsha eńbek etedi.

- Eńbek jolyńyz qaıdan bastaldy? Saıasatqa aıaq basýyńyzdyń basty sebebi nede?

- Jergilikti basqarэ mamandyǵyn alǵannan keıin, qala ymirimen baılanysty barlyq nбrseni jaqsy tъsinэ ъshin biliktiligimdi ushtaǵym keldi. Sodan keıin men oqytэshylyq boıynsha magıstratэrany bitirdim, muǵalim retinde konkэrsqa tъstim. Meniń de muǵalim bolǵanyma 3 jyl boldy.

- Saıasatta tańdaǵan baǵytyńyzǵa qysqasha toqtalsańyz?

- Meniń saıası tańdaýyma qatysty deseńiz, 2014 jyly Sosıalıstik partıaǵa kirdim, sosıalıstik bolэ - бlemge buryńǵydaı qanaǵattanyp qana qoımaı, qoǵamdy ózgertkińiz keledi. Sosıalıstik ıdeıa бdiletsizdikke qarsy kyterilisten de, jaqsy ymir ъshin kъreske de baılanysty. Sosıalıstik is-árekettiń maqsaty - adamnyń tolyq emansıpasıasy.

Bu ъз soruyu kısaca cevaplayabilir misiniz?

- Bu başarıya ulaşmak izin ne yaptınız? Farklı bir program mı цnerdin?

- Yeni işinize başlamadan цnce ne tъr zorluklar ve zorluklarla karşılaştınız?

- Genз bir politikacı olarak, Avrupa Birliği'nin geleceğini, genel olarak Batı dьnyasının ve цnьmьzdeki on yılda Fransa'nın siyasi, ekonomik ve entegrasyon durumunu nasıl gцrьyorsunuz?

- Bul jolǵy jetistińizge jetэ jolynda qandaı бreket jasadyńyz? Уzgeshe baǵdarlama usyndyńyz ba?

- Jańa qyzmetińizge kiriskeli qandaı qıyndyqtar, aэyrtpalyqtarmen betpe-bet kelэge tэra keldi?

- So jaqtyń turǵyny, jas saıasatker retinde Eýro-Odaqtyń bolashaǵy, jalpy batys áleminiń, sonyń ishin de Fransıanyń aldaǵy onjyldyqtaǵy saıası, ekonomıkalyq, ıntegrasıalyq jaı-kъıin qalaı elestetesiz?

- Bolashaqtaǵy josparlaryńyzben

bólisseńiz?

- Meniń bolashaqqa josparlarym yte qarapaıym. Men yz qalamnyń turǵyndarynyń talaptaryn jъzege asyra otyryp, olardyń Kreılde ymir sъretindikterin maqtan etkim keledi. Qala kelbetin arttyrǵym keledi jбne sol arqyly jastardyń sol jerde yz baqyttaryn tabэyna mъmkindik jasaэ. Sondaı-aq adamdarǵa tolyqqandy damýǵa mъmkindik beretin mбdenıetke, bilimge jбne oqýǵa qol jetkizэdi qalaımyn.

- Fransıadaǵy qazaq nemese tъrik dıasporasymen baılanysyńyz bar ba?

- Fransıadaǵy tъrik dıasporasy Eýropanyń basqa elderimen salystyrǵanda onsha kyp deэge kelmeıdi. Degenmen men ъshin til, dil jaǵynan janyma jaqyn keletin tъrik tili men mбdenıeti men ъshin de mбdenı- komэnıkatıvti keńistik desem bolady. Otbasymyzben Fransıadaǵy qazaq, tъrki dıasporasynyń tъrli sharalaryna belsendi aralasyp turamyz. Бkem Maqmut joǵaryda aıtqanymdaı, mбdenı ortalyqqa tóraǵalyq etedi. Anam Бmıne qazaq tilin ъırenem deэshilerge til kэrsyn jъrgizip turady. Qazaq qyzy retinde ana tilin ıgerэ meniń bir mindetim retinde josparymda tur. Osy jolǵy saılaэda kimsiń? degen saэaldan keıin, eń bastysy Atajurtymda osyndaı erekshe qoldaýǵa ıe bolэym maǵan ъlken mindet jъktedi. Men qazaqsha ъırenem dep maqsat etip qoıdym. Qazaqstannyń bir qalasymen Kreıldi baэyrlas qala etsem degen usynys jasamaq oıdamyn. Osylaı ózimniń kim ekenimdi Atajurtymdy, onyń mбdenıeti men jetistigin tanytэ, nasıhattaэ arqyly tanytsam degen josparym bar.

- Qazaqstanda boldyńyz ba? Qazaq jastarymen, qandastarmen baılanysyńyz qanshalyqty?

- Qazirgi ǵalamdaný zamanynda nıettes, mъddeles dostar tabýdyń joly ońaı. Ykinishke oraı, Qazaqstanda бli bola almadym. 2016 jyly naǵashy babam, Altaı qazaqtarynyń ult azattyq qozǵalysynyń iri tulǵasy Zuqa Atamnyń Almatyda ytken toıyna ata-anammen erip barэ oıymda bolyp edi, эaqyt mъmkindik bermedi. Qazaq qandastarmen baılanysym barshylyq, бzir kybine vırtэaldyq sıpatta. Sбtin salǵanda Atajurtqa baryp, topyraǵyna aэnap qaıtэ josparymda bar.

- Atajurtqa tilegińiz

- Б́rıne, meniń ata-babalarym halqynyń bolashaǵy ъshin jan bergen, azattyqty ańsap Bulanaı-Gımalaı jotalaryn kyktep ytkender. Sondyqtan da azattyq, erkindik degen men ъshin de asa qasterli uǵym. Aıtarym Qazaq Eliniń bolashaǵy baıandy bolsa eken dep tileımin. Týǵan halqymnyń mбrtebesi asqaq, adamdary baqytty, baqэatty, salamatty bolэyn tileımin. Buǵan бrbir azamat, jastar óziniń shama-sharqynsha ъlesterin qossa, бr aэyl, qala yzderine qolaıly bilim, iskerlik, mбdenı, ımany ortasyn qalyptastyrýǵa atsalysэyn qalar edim. Bul бrbir janǵa adamı бri azamattyq paryz dep sanaımyn

- Эaqyt bylip, suqbat bergenińizge rahmet! Sizge ymirde, saıasatty armandaǵan oılaryńyzǵa jete berýge tilektespiz!

- Arnaıy kóńil bólgenderińiz ъshin «Týǵan til» basylymyna sheksiz alǵys aıtamyn!

Suqbatty jъrgizgen Babaqumar Hınaıat

Роза БАҚБЕРГЕНОВА

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы

ЕЛІН СҮЙГЕН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Қазіргі уақытта Түркияда отыз мыңнан аса қазақ ұлтының өкілдері Стамбул қаласындағы Зейтінбұрны ауданында қоныстанған. Түркия Республикасындағы Қазақстан Республикасының мәлімдемесі бойынша түрік еліндегі санак қағаздарында азаматтың "ұлты" толтырылмайтындықтан, қазақтардың санын нақты

айту да мүмкін емес. Түркия мемлекетін мекен етіп отырған қазақ қандастарымыз екі топқа бөлінеңді. Ертеректе еліміздің шығыс аудандарынан Қытай Халық Республикасы Қазақстанмен шекаралас Шыңжаң өлкесіне қоныс аударып келген бауырларымыз – "Алтай қазақтары". Кейініректе Пәкістан, Үндістан мемлекеттері арқылы Түркия жерінде қоныстанған қазақ бауырларымыз. Тағы бір тобы – Ауғанстан жеріндегі ұзақ жылдарға созылып отырған соғыстан қашып, бейбітшілікте өмір сүруді, ұрпақтарына білім, тәрбие беруді армандаған, мақсат еткен – "ауған қазақтары". "Ауған қазақтары" – Қазақстанда Кеңес үкіметі орнатылып, колхоздандыру кезеңінде, нақтырақ айтатын болсақ, отызыншы жылдардағы ашаршылық уақытында Өзбекстан арқылы Ауғанстанға қоныстанған қазақтар (Қызылорда облысы, Қармақшы, Жалағаш аудандарының қазақтары) екендігін Фатиманың әкесі Данияр Қазақ пен анасы Құрбангүл апамыз үнемі айтып отыратын. Данияр ата 30-жылдардың басында бес жасында ғана шетел асып кеткен екен. Ауғанстанда өмір сүрген уақытта фамилиясы да болмағандықтан, 70-жылдардың ішінде Түркияның Стамбул қаласына көшіп келгенде, балаларым қазақ ұлтынан екендігін ұмытпасын деген оймен өз отбасына Қазақ фамилиясын алған. Барлық балаларының фамилиясы – Қазақ.

Фатиманың әкесі Ауғанстанның Мазари-Шериф қаласында ер жетіп, отбасылы болған. Отбасының тұңғышы Мұхаммед-Хасан, Фатима, Бибігүл, Фейзмұхаммед, егіз қыздары – Зәуре (Зехра) мен Зура (Зухре) Мазари-Шериф қаласында дүниеге келген. Ауғанстаннан Иран, Сирия мемлекеттеріне қоныс аударады, бұл елдегі жайсыз ахуалдар отбасының Түркияның Стамбул қаласына көшуіне себер болады. Стамбулға қоныс аударған уақытта егіздері – Зәуре мен Зура сегіз айлық қана сәби болатын. Стамбулға келген соң өмірге Мұрат, Метин атты екі ұлы дүниеге келіп, отбасын толықтырды. Сөз барысында да Фатима "Біз ауған қазақтарымыз ғой" деп жиі айтып отыратын. Байқап қарасам, екі елден Түркия жеріне келген (Қытай, Ауғанстан) қазақтардың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарында да біраз ерекшеліктер бар екен. Отбасының балаларының есімдері де Ауғанстан, Иран қазақтарының тіліндегі діни антропонимдерімен (Бибігүл) есімімен байланыста аталған.

Түркия қазақтарының тарихында 1980-1990 жылдар туған жер, туған елмен (Қазақстандағы туыстармен) қауышу кезеңі болатын. Сексенінші жылдардың соңында Фатиманың әкесі Данияр Қазақ тұңғыш баласы Мұхаммед-Хасанмен алғаш рет Қазақстанға, оның ішінде туған жері Сыр өңіріндегі Қармақшы ауданындағы туысқандарымен қауышады. Стамбулға келген соң қызы Фатимаға әрдайым қазақ елінің мәдениеті, туған-туысқандары жайында әңгімелеп, "Қызым, сен осы Қазақстанға барып, ата-бабамыздың туған топырағында еңбек етсең қайтеді?!" – деген ойын үнемі айтып отырады екен.

1990-2002 жылдары Түркия қазақтарының Атамекенмен (Қазақстанмен) қауышу кезеңі болды. Түркиялық қазақтар, әсіресе жастар арасында ұмыт болып бара жатқан ана тілі қайта жанданды. Өйткені туыстық байланыстың бірден-бір құралы қазақ тілі еді. Түркия қазақтары арасындағы байланыстар Түркиядағы атқа мінер азаматтарға ұлттық тіл мен мәдениетті жас ұрпақтарға ұмыттырмау үшін шара көру керектігі жайлы ой салдырды. Сөйтіп 1986 жылы осы мақсатта Ыстамбұлда Қазақ қоры құрылды. Ауғанстаннан көшіп келген қазақтардың "Қорқыт Ата" мәдени қоғамына қазақ жастарымен Фатима да ұйымдастырылған іс-шаралардан қалмайтын.

1991 жылы еліміз егемендігін алғанда алғашқылардың алды болып, жұлдыздай жарқырап елімізбен қауышқан қазақ қызы – Фатима Қазақ. Стамбул қаласында мектеп бітірген Фатима лицейдің сауда-саттық бөлімінде арнаулы орта білім алып шығады.

Одан кейін университетті іс басқарушы-менеджер мамандығында оқып, үздік бітіреді. Фатима өз сөзінде: "1991 жылдың 30 қыркүйек күнін еш ұмытпаймын. "Елге бар, ол сенің ата-бабаңның Отаны" – деп отыратын әкем Даниярдың өзімен туған топырағымызға оралдық. Ол кездегі көңіл толқынысымызды сөзбен жеткізу мүмкін емес. Тек әкемнің кіндік қаны тамған Қармақшы жеріне барғанда көзінен мөлдіреген жастарының не себепті төгілгенін "жастаумын ғой" терең түсіне қоймаппын. 20-жылға жуық Алматы қаласында тұрып, еңбек еткен уақыттарымды дәл қазір әрдайым сағынышпен еске аламын" - дейтін қазақ қызы Фатима.

Фатима Қазақ 1991 жылы Түркиядан

Қазақстанның Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи университетіне жіберілген болатын. Алайда сол кездегі еліміздің астанасы Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде де түрік тілі мен әдебиеті мамандығы ашылып, студенттер қабылданған болатын. Сол кезеңдегі университет ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор, қоғам қайраткері Т.С.Садықов Фатиманы түрік тілінің маманы ретінде университетке қабылдайды. Шетелдік қазақ азаматы ретінде қамқорлық танытып, университеттен арнайы пәтер береді. Елімізге жаңа оралған шетелдік қазақ қызының педагог ретінде қалыптасуына, кәсіби құзыреттілігінің жетілуіне, маман болып қалыптасуына қамқорлық жасайды. 90-жылдардың соңында Фатима Қазақ түрік тілі мен әдебиеті кафедрасын басқарады. Бірнеше түріктілді мамандарды даярлап, олардың еліміздегі түрік лицейлерінде мұғалімдік қызмет жасауына мүмкіндік жасайды. Университетте оқытушылық қызмет атқара жүріп, қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Шымкент қаласында шетелдік қазақ қыздарының қатысуымен өткізілген “АЛАШ АРУЫ” халықаралық конкурсына қатысып, өзінің парасаттылығы мен білімділігін, ақылдылығы мен сыпайыгершілігін көрсетті.

Әлем кеңістігінде кейбір мемлекеттер “бір мемлекет – бір ұлт – бір тіл” бағытындағы тілдік саясатты ұстанады. Түркия Республикасы – біздің мемлекет тәрізді көп ұлтты ел. Алайда, осы мемлекетті мекендейтін басқа ұлт өкілдерінің құқығын мойындау түрік ұлтының бірлігі мен ынтымақтастығына зиянын тигізеді деген қағида негізге алынады. Түркия түрік тілін ана тілім деп есептеген азаматтарды түрік ұлтына жатқызу саясатын ұстанып отыр. Түркияны мекендейтін қазақ диаспорасының саны көп болса да, біздің мемлекетті мекендейтін орыс, ұйғыр т.б. диаспоралары сияқты орыс, ұйғыр мектептерінде білім алуға жағдай жасалынбаған. Қазақ тілін білуді қолдайтын және дамытатын ақпараттық орта жоқ. Түркия қазақтарының аға буын өкілдерін балалары мен немерелерінің болашағы қатты алаңдатады. Себебі, Түркиядағы қазақ жастары түрік тілінде тілдік коммуникация жасайды да, қазақ тілінде сөйлегенде түрік тілінің акценті байқалады. Түркия жерінен қоныс аударып келген қазақ отбасыларының балалары әлі күнге дейін түрік тілінде қарым-қатынас жасайтындығын көріп отырмыз. Себебі, ата-аналары түрік лицейлерінде оқыған, қазақ тілінде тұрмыстық лексикада түрік тілінің сөздерін қазіргі уақытқа дейін жиі қолданады.

Осы мәселелер Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Филология факультеті түрік тілі мен әдебиеті бөлімінде оқытушылық, кейін аталған кафедраның меңгерушілігі қызметін атқарған шетелдік қазақ қызы – Фатима Даниярқызы Қазақты жиі ойландыратын.

1995 жылы Қазақстанның Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласына Стамбулдан қоныс аударған бауырларының қазақ мектебінде білім алып жүрсе де қазақ тілінде таза сөйлей алмай, көбіне түрік тілінде қарым-қатынас жасайтындығын айтып қиналатын. Алғашқы айларда Қазақстанның ауа райына, әлеуметтік жағдайына үйрене алмай, қатты қиналған отбасына Фатима ханым барынша көмектесті. Отбасы мүшелерінің Қаскелең қаласында жұмысқа орналасуы да өте қиын болды. Қазіргі уақытта жұмыстарын атқарып, берекелі өмір сүруде. Үлкен әулеттің балалары отбасылы болып, туған елінде берекелі, бақытты өмір сүруде. Сексен жасына таянған Аналарына отыздан аса немере сыйлап, шөбере қолынан су ішкізген қандас бауырларымыздың туған жерін мекен етіп, туған тілінде сөйлеп отырғанына риза боласың!

Ардақты Әже атанған апамыздың қызы Фатима да отбасылы, екі қыздың анасы. Қазақ жерін, қазақ руханиятын шексіз сүйетін, жиырма жылдан аса уақыт түрік тілінен сабақ берген шәкірттерінің сүйікті ҰСТАЗЫ атанған қазақ қызы Фатима қазіргі уақытта аударма саласында қызмет етіп келеді. Бір кездері “Түркиялық қазақ қызы” атанған Қазақ Фатима Қазақ елін, туған тілін сүйген ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ екендігін риясыз көңілмен айтып отырады.

Roza BAQBERGENOVA
Abai atyndaǵy Qazaq Ulttyq pedagogikalyq ýniversiteti

ELIN SÚIGEN QAZAQ QYZY

Qazirgi эaqytta Tъrkıada otyz myńnan asa qazaq ultynyń ykilderi Stambэl qalasyndaǵy Zeıtinburny aэdanynda qonystanǵan. Tъrkıa Respýblıkasyndaǵy Qazaqstan Respýblıkasynyń mбlimdemesi boıynsha tъrik elindegi sanaq qaǵazdarynda azamattyń “ulty” toltyrylmaıtyndyqtan, qazaqtardyń sanyn naqty aıtэ da mъmkin emes. Tъrkıa memleketin meken etip otyrǵan qazaq qandastarymyz eki topqa bylinendi. Erterekte elimizdiń shyǵys aэdandarynan Qytaı Halyq Respэblıkasy Qazaqstanmen shekaralas Shyńjań ylkesine qonys aэdaryp kelgen baэyrlarymyz – “Altaı qazaqtary”. Keıinirekte Pбkistan, Ъndistan memleketteri arqyly Tъrkıa jerinde qonystanǵan qazaq baэyrlarymyz. Taǵy bir toby – Aýǵanstan jerindegi uzaq jyldarǵa sozylyp otyrǵan soǵystan qashyp, beıbitshilikte ymir sъrэdi, urpaqtaryna bilim, tбrbıe berэdi armandaǵan, maqsat etken – “aýǵan qazaqtary”. “Aýǵan qazaqtary” – Qazaqstanda Keńes ъkimeti ornatylyp, kolhozdandyrэ kezeńinde, naqtyraq aıtatyn bolsaq, otyzynshy jyldardaǵy asharshylyq эaqytynda Уzbekstan arqyly Aýǵanstanǵa qonystanǵan qazaqtar (Qyzylorda oblysy, Qarmaqshy, Jalaǵash aýdandarynyń qazaqtary) ekendigin Fatımanyń бkesi Danıar Qazaq pen anasy Qurbangъl apamyz ъnemi aıtyp otyratyn. Danıar ata 30-jyldardyń basynda bes jasynda ǵana shetel asyp ketken eken. Aýǵanstanda ymir sъrgen эaqytta famılıasy da bolmaǵandyqtan, 70-jyldardyń ishinde Túrkıanyń Stambэl qalasyna kyship kelgende, balalarym qazaq ultynan ekendigin umytpasyn degen oımen yz otbasyna Qazaq famılıasyn alǵan. Barlyq balalarynyń famılıasy – Qazaq.

Fatımanyń бkesi Aýǵanstannyń Mazarı-Sherıf qalasynda er jetip, otbasyly bolǵan. Otbasynyń tuńǵyshy Muhammed-Hasan, Fatıma, Bıbigъl, Feızmuhammed, egiz qyzdary – Zбэre (Zehra) men Zэra (Zэhre) Mazarı-Sherıf qalasynda dъnıege kelgen. Aýǵanstannan Iran, Sırıa memleketterine qonys aэdarady, bul eldegi jaısyz ahэaldar otbasynyń Túrkıanyń Stambэl qalasyna kyshэine seber bolady. Stambýlǵa qonys aýdarǵan эaqytta egizderi – Zбэre men Zэra segiz aılyq qana sбbı bolatyn. Stambýlǵa kelgen soń ymirge Murat, Metın atty eki uly dъnıege kelip, otbasyn tolyqtyrdy. Syz barysynda da

Fatıma “Biz aýǵan qazaqtarymyz ǵoı” dep jıi aıtyp otyratyn. Baıqap qarasam, eki elden Tъrkıa jerine kelgen (Qytaı, Aýǵanstan) qazaqtardyń turmys-tirshiligi men salt-dбstъr, бdet-ǵuryptarynda da biraz erekshelikter bar eken. Otbasynyń balalarynyń esimderi de Aýǵanstan, Iran qazaqtarynyń tilindegi dinı antroponımderimen (Bıbigъl) esimimen baılanysta atalǵan.

Tъrkıa qazaqtarynyń tarıhynda 1980-1990 jyldar týǵan jer, týǵan elmen (Qazaqstandaǵy

tәystarmen) qaәyshә kezeńi bolatyn. Sekseninshi jyldardyń sońynda Fatımanyń бkesi Danıar Qazaq tuńǵysh balasy Muhammed-Hasanmen alǵash ret Qazaqstanǵa, onyń ishinde týǵan jeri Syr óńirindegi Qarmaqshy aýdanyndaǵy tәysqandarymen qaәyshady. Stambýlǵa kelgen

soń qyzy Fatımaǵa бrdaıym qazaq eliniń mбdenıeti, týǵan-týysqandary jaıynda áńgimelep, “Qyzym, sen osy Qazaqstanǵa baryp, ata-babamyzdyń týǵan topyraǵynda eńbek etseń qaıtedi?!” – degen oıyn ъnemi aıtyp otyrady eken.

1990-2002 jyldary Tъrkıa qazaqtarynyń Atamekenmen (Qazaqstanmen) qaәyshә kezeńi boldy. Tъrkıalyq qazaqtar, бsirese jastar arasynda umyt bolyp bara jatqan ana tili qaıta jandandy. Уıtkeni tәystyq baılanystyń birden-bir quraly qazaq tili edi. Tъrkıa qazaqtary arasyndaǵy baılanystar Túrkıadaǵy atqa miner azamattarǵa ulttyq til men mбdenıetti jas urpaqtarǵa umyttyrmaә ъshin shara kyrә kerektigi jaıly oı saldyrdy. Syıtip 1986 jyly osy maqsatta Ystambulda Qazaq qory quryldy. Aýǵanstannan kyship kelgen qazaqtardyń “Qorqyt Ata” mбdenı qoǵamyna qazaq jastarymen Fatıma da uıymdastyrylǵan is sharalardan qalmaıtyn.

1991 jyly elimiz egemendigin alǵanda alǵashqylardyń aldy bolyp, juldyzdaı jarqyrap elimizben qaәyshqan qazaq qyzy – Fatıma Qazaq. Stambәl qalasynda mektep bitirgen Fatıma lıseıdiń saәda-sattyq byliminde arnaәly orta bilim alyp shyǵady. Odan keıin әnıversıtetti is basqarәshy-menejer mamandyǵynda oqyp, ъzdik bitiredi. Fatıma yz syzinde: “1991 jyldyń 30 qyrkъıek kъnin esh umytpaımyn. “Elge bar, ol seniń ata-babańnyń Otany” – dep otyratyn бkem Danıardyń yzimen týǵan topyraǵymyzǵa oraldyq. Ol kezdegi kóńil tolqynysymyzdy syzben jetkizә mъmkin emes. Tek бkemniń kindik qany tamǵan Qarmaqshy jerine barǵanda kyzinen myldiregen jastarynyń ne sebepti tygilgenin “jastaәmyn ǵoı” tereń tъsine qoımappyn. 20-jylǵa jәyq Almaty qalasynda turyp, eńbek etken әaqyttarymdy dбl qazir бrdaıym saǵynyshpen eske alamyn” -. deıtin qazaq qyzy Fatıma.

Fatıma Qazaq 1991 jyly Tъrkıadan Qazaqstannyń Tъrkstan qalasyndaǵy Qoja Ahmet Iasaәı әnıversıtetine jiberilgen bolatyn. Alaıda sol kezdegi elimizdiń astanasy Almaty qalasyndaǵy Abaı atyndaǵy Qazaq ulttyq pedagogıkalyq әnıversıtetinde de tъrik tili men бdebıeti mamandyǵy ashylyp, stәdentter qabyldanǵan bolatyn. Sol kezeńdegi әnıversıtet rektory, tarıh ǵylymdarynyń doktory, profesor, qoǵam qaıratkeri T.S.Sadyqov Fatımany tъrik tiliniń mamany retinde әnıversıtetke qabyldaıdy. Sheteldik qazaq azamaty retinde qamqorlyq tanytyp, әnıversıtetten arnaıy pбter beredi. Elimizge jańa oralǵan sheteldik qazaq qyzynyń pedagog retinde qalyptasәyna, kбsibı quzyrettiliginiń jetilәine, maman bolyp qalyptasәyna qamqorlyq jasaıdy. 90-jyldardyń sońynda Fatıma Qazaq tъrik tili men бdebıeti kafedrasyn basqarady. Birneshe tъriktildi mamandardy daıarlap, olardyń elimizdegi tъrik lıseılerinde muǵalimdik qyzmet jasaәyna mъmkindik jasaıdy. Әnıversıtette oqytәshylyq qyzmet atqara jъrip, qoǵamdyq jumystarǵa da belsene aralasty. Shymkent qalasynda sheteldik qazaq qyzdarynyń qatysәymen ytkizilgen “ALASH ARӘY” halyqaralyq konkәrsyna qatysyp, óziniń parasattylyǵy men bilimdiligin, aqyldylyǵy men sypaıygershiligin kórsetti.

Бlem keńistiginde keıbir memleketter “bir memleket – bir ult – bir til” baǵytyndaǵy tildik saıasatty ustanady. Tъrkıa Respәblıkasy – bizdiń memleket tбrizdi kyp ultty el. Alaıda, osy memleketti mekendeıtin basqa ult ókilderiniń quqyǵyn moıyndaә tъrik ultynyń birligi men yntymaqtastyǵyna zıanyn tıgizedi degen qaǵıda negizge alynady. Tъrkıa tъrik tilin ana tilim dep

eseptegen azamattardy tъrik ultyna jatqyzэ saıasatyn ustanyp otyr. Tъrkıany mekendeıtin qazaq dıasporasynyń sany kyp bolsa da, bizdiń memleketti mekendeıtin orys, uıǵyr t.b. dıasporalary sıaqty orys, uıǵyr mektepterinde bilim alýǵa jaǵdaı jasalynbaǵan. Qazaq tilin bilэdi qoldaıtyn jбne damytatyn aqparattyq orta joq. Tъrkıa qazaqtarynyń aǵa bэyn ykilderin balalary men nemereleriniń bolashaǵy qatty alańdatady. Sebebi, Túrkıadaǵy qazaq jastary tъrik tilinde tildik komэnıkasıa jasaıdy da, qazaq tilinde syılegende tъrik tiliniń aksenti baıqalady. Tъrkıa jerinen qonys aэdaryp kelgen qazaq otbasylarynyń balalary бli kъnge deıin tъrik tilinde qarym-qatynas jasaıtyndyǵyn kyrip otyrmyz. Sebebi, ata-analary tъrik lıseılerinde oqyǵan, qazaq tilinde turmystyq leksıkada tъrik tiliniń syzderin qazirgi эaqytqa deıin jıi qoldanady.

Osy mбseleler Abaı atyndaǵy Qazaq ulttyq pedagogıkalyq эnıversıteti Fılologıa fakъlteti tъrik tili men бdebıeti byliminde oqytэshylyq, keıin atalǵan kafedranyń meńgerýshiligi qyzmetin atqarǵan sheteldik qazaq qyzy – Fatıma Danıarqyzy Qazaqty jıi oılandyratyn.

1995 jyly Qazaqstannyń Almaty oblysy, Qarasaı aэdany, Qaskeleń aэdanyna Stambэldan qonys aýdarǵan baýyrlarynyń qazaq mektebinde bilim alyp jъrse de qazaq tilinde taza syıleı almaı, kybine tъrik tilinde qarym-qatynas jasaıtyndyǵyn aıtyp qınalatyn. Alǵashqy aılarda Qazaqstannyń aэa raıyna, бleэmettik jaǵdaıyna ъırene almaı, qatty qınalǵan otbasyna Fatıma hanym barynsha kymektesti. Otbasy músheleriniń Qaskeleń aэdanynda jumysqa ornalasэy da yte qıyn boldy. Qazirgi эaqytta jumystaryn atqaryp, berekeli ymir sъrэde. Ъlken áýlettiń balalary otbasyly bolyp, týǵan elinde berekeli, baqytty ymir sъrэde. Seksen jasyna taıanǵan Analaryna otyzdan asa nemere syılap, shybere qolynan sэ ishkizgen qandas baýyrlarymyzdyń týǵan jerin meken etip, týǵan tilinde sóılep otyrǵanyna rıza bolasyń!

Ardaqty Бje atanǵan apamyzdyń qyzy Fatıma da otbasyly, eki qyzdyń anasy. Qazaq jerin, qazaq rэhanıatyn sheksiz sъıetin, jıyrma jyldan asa эaqyt tъrik tilinen sabaq bergen shákirtteriniń sъıikti USTAZY atanǵan qazaq qyzy Fatıma qazirgi эaqytta aэdarma salasynda qyzmet etip keledi. Bir kezderi “Tъrkıalyq qazaq qyzy” atanǵan Qazaq Fatıma Qazaq elin, týǵan tilin sъıgen QAZAQ QYZY ekendigin rıasyz kóńilmen aıtyp otyrady.

Рашид ҚАСҚЫРБАЙ

«Достар» Қазақ мәдениет және спорт қорының өкілі, «Белое солнце пустыни» этноорталығы мен ашық аспан астындағы музейінің жетекшісі

МЫҢЖЫЛДЫҚТЫҢ КИЕЛІ БАСПАНАСЫ

Қазіргі уақытта, жаһандану дәуірінде этномәдени шекаралар белгілі бір дәрежеде әлсіреп, адамгершілік құндылықтар араласып, олар туралы түсініктер өзгеріп келеді. Халықаралық тарихи-мәдени мұраны жаңғырту және сақтау, сондай - ақ халықаралық аренада көпжақты диалогты дамыту қажеттілігіне байланысты Орталық және Орта Азияның киізбен қапталған киелі тасымалданатын тез тұрғызылатын тұрғын үйі, яғни киіз үй ерекше назар аударады. Киіз үйдің экологиялық қасиеттерін ескере отырып, тұрғын үйдің бұл түрі халықтық рухани тәжірибені, мәдени көшпелі мұраны беру және тарату тәсілі ретінде курорттық және экологиялық туризмді дамыту тұрғысынан ерекше назар аударады. Қазақ және қырғыз киіз үйінің маңыздылығы мен әлемдік деңгейдегі ауқымына оның энергетикалық сауықтыру микроклиматты құруының халықтық фактісі дәлел бола алады. Киіз үйдің формасы «жартылай жұмыртқа» болып табылады, ал ондағы тұрмыстық заттардың орналасуы пирамидадағы «электронды желдің» қолайлы энергетикалық аймағына сәйкес келеді. Киіз үй жасаудың дәстүрлі білімдері мен дағдылары ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралары тізіміне енгізілген.

«Белое Солнце пустыни» этно музей орталығының мақсаты Қабарда-Балкарияның белсенді және сауықтыру туризмі аймағындағы қырғыз және қазақ халқының киелі көшпелі киіз үйінің феноменін ашу. Киіз үй этно му-

зейінің қызметі Ресейдің географиялық әлеуметтік-мәдени сан алуандығын есепке ала отырып, «Жібек жолы» феноменінің болашақ даму перспективаларын зерттеуге бағытталған.

Қызмет барысында Ресей, Қазақстан және Қырғызстанның қолөнершілерімен және өз ісінің шеберлерімен, шығармашылық ұжымдарымен байланыс және ынтымақтастық жолға қойылған. Көшпенділер өркениеті киіз үйінің киелі мәнін, оның сәулеттік түпкі ойын табиғаттағы, қоршаған ортадағы құбылыстарды түсіндіру тұрғысынан таныту-Ресей, Еуразия халықтарының және әлемнің басқа да халықтарының көптеген мәдениеттерінің назарын аудартатын орталық болмақ.

Ашық аспан астындағы этномузейдің қалыптасқан моделін жасауға көмектескен досымыз Павел Худяков біздің санамызды, дүниетанымымызды, қоршаған ортаға деген көзқарасымызды өзгерте бастады, әртүрлі кәсіптер мен діндердің тамаша және керемет адамдарымен таныстырды, көптеген тұлғалармен достықты орната алдық және оны қуана-қуана қолдай бастадық. Бір сөзбен айтқанда, көшпелі киіз үйдің маңызы, оның адам үшін танымдық, қолданбалы және тарихи-мәдени тұрғыдан қажеттілігі көпшілік арасында сезілді. Алынған тәжірибе көшпенділердің бірегейлігі мен өзіндік ерекшелігін қайта жаңғырту мен дамытудың маңыздылығын оң көрсетті, сондай – ақ оны көбейтудің, әсіресе Азия – Ресей-Еуропа халықаралық ынтымақтастығы мәнмәтініндегі өзектілігін көрсетті. Сонымен қатар, Ұлы Жібек жолы феноменінің анықтамасы қалыптасты, оны көптеген адамдар мағыналы тереңдіктен гөрі сөзбе-сөз қабылдайды. Менің ойымша, бұл мәдени, экономикалық, технологиялық дамуда және адам өмірінің көптеген басқа салаларында алмасу немесе толықтыру арқылы шығармашылық қызметке бағытталған өзара тиімді ынтымақтастық негізіндегі әлеуметтік-экономикалық жүйе. Әлеумет дамуындағы жасампаздықтың жалпы идеясы мен өмірлік қағидаттар халықтардың мәдениетін неғұрлым көп біріктірсе, бір-біріне бастар Жібек жолы соғұрлым берік болады. Киіз үйді ата – бабалар мұрасының киелі және бірегей кеңістігі ретінде пайдалану «Бір белдеу-бір жол» халықаралық жобасы шеңберінде мәдени, білім беру, ағарту және басқа да салалардағы жан-жақты ынтымақтастық арқылы әлемге қол жеткізуге ықпал ететін болады.

Сол сияқты Волгоград облысының құрметті азаматы Смағұл Мунтаев «Қымыз емдеу» шипажайы мен Эльтонның ең тұзды көлінің жанында орналасқан үйінде «Алтын-Нұр» тарихи-мәдени этноорталығын құрды. Сонымен қатар, Солтүстік Кавказдың Пятигорск, Ставрополь секілді қалалары мен аудандарының әкімшіліктері бізді сұхбатқа және таныстыққа шақыра бастап, құрметті орындарды ұсына бастады. Железноводск, Эссентуки курортты қалалары бүгінде ашық аспан астындағы этномузейдің осындай моделіне қызығушылық танытып, танысуға, ынтымақтастыққа шақырып келеді.

Rashıd QASQYRBAI

«Dostar» Qazaq mádenıet jáne sport qorynyń ókili, «Beloe solnse pýstynı» etnoortalyǵy men ashyq aspan astyndaǵy mýzeıiniń jetekshisi

MYŃJYLDYQTYŃ KIELI BASPANASY

Qazirgi эaqytta, jahandanэ dбэirinde etnomбdenı shekaralar belgili bir dбrejede бlsirep, adamgershilik qundylyqtar aralasyp, olar tэraly tъsinikter yzgerip keledi. Halyqaralyq tarıhı-mбdenı murany jańǵyrtý jбne saqtaэ, sondaı - aq halyqaralyq arenada kypjaqty dıalogty damytэ qajettiligine baılanysty Ortalyq jбne Orta Azıanyń kıizben qaptalǵan kıeli tasymaldanatyn tez turǵyzylatyn turǵyn ъıi, ıaǵnı kıiz ъı erekshe nazar aэdarady. Kıiz úıdiń ekologıalyq qasıetterin eskere otyryp, turǵyn úıdiń bul tъri halyqtyq rэhanı tбjirıbeni, mбdenı kyshpeli murany berэ jбne taratэ tбsili retinde kэrorttyq jбne ekologıalyq tэrızmdi damytэ turǵysynan erekshe nazar aэdarady. Qazaq jбne qyrǵyz kıiz úıiniń mańyzdylyǵy men бlemdik deńgeıdegi aэqymyna onyń energetıkalyq saэyqtyrэ mıkroklımatty qurýynyń halyqtyq faktisi dбlel bola alady. Kıiz úıdiń formasy «jartylaı jumyrtqa» bolyp tabylady, al ondaǵy turmystyq zattardyń ornalasэy pıramıdadaǵy «elektrondy jeldiń» qolaıly energetıkalyq aımaǵyna sбıkes keledi. Kıiz ъı jasaýdyń dбstъrli bilimderi men daǵdylary UNESCO-nyń materıaldyq emes mбdenı muralary tizimine engizilgen.

«Beloe Solnse pэstynı» etno mэzeı ortalyǵynyń maqsaty Qabarda-Balkarıanyń belsendi jбne saэyqtyrэ tэrızmi aımaǵyndaǵy qyrǵyz jбne qazaq halqynyń kıeli kyshpeli kıiz úıiniń fenomenin ashэ. Kıiz ъı etno mýzeıiniń qyzmeti Reseıdiń geografıalyq бleэmettik-mбdenı san alýandyǵyn esepke ala otyryp, «Jibek joly» fenomeniniń bolashaq damэ perspektıvalaryn zertteэge baǵyttalǵan.

Qyzmet barysynda Reseı, Qazaqstan jбne Qyrǵyzstannyń qolynershilerimen jбne yz isiniń sheberlerimen, shyǵarmashylyq ujymdarymen baılanys jбne yntymaqtastyq jolǵa qoıylǵan. Kyshpendiler yrkenıeti kıiz úıiniń kıeli mбnin, onyń sбэlettik tъpki oıyn tabıǵattaǵy, qorshaǵan ortadaǵy qubylystardy tъsindirэ turǵysynan tanytэ-Reseı, Eэrazıa halyqtarynyń jбne álemniń basqa da halyqtarynyń kyptegen mádenıetteriniń nazaryn aэdartatyn ortalyq bolmaq.

Ashyq aspan astyndaǵy etnomýzeıdiń qalyptasqan modelin jasaýǵa kymektesken dosymyz Pavel Hэdбkov bizdiń sanamyzdy, dъnıetanymymyzdy, qorshaǵan ortaǵa degen

kyzqarasymyzdy yzgerte bastady, бrtъrli kбsipter men dinderdiń tamasha jбne keremet adamdarymen tanystyrdy, kyptegen tulǵalarmen dostyqty ornata aldyq jбne ony qэana-qэana qoldaı bastadyq. Bir syzben aıtqanda, kyshpeli kıiz úıdiń mańyzy, onyń adam ъshin tanymdyq, qoldanbaly jбne tarıhı-mбdenı turǵydan qajettiligi kypshilik arasynda sezildi.

Alynǵan tбjirıbe kóshpendilerdiń biregeıligi men yzindik erekshеligin qaıta jańǵyrtý men damytýdyń mańyzdylyǵyn oń kyrsetti, sondaı – ıdeıasy men ymirlik qaǵıdattar halyqtardyń mбdenıetin neǵurlym kyp biriktirse, bir-birine bastar Jibek joly soǵurlym berik bolady. Kıiz ъıdi ata – babalar murasynyń kıeli jбne biregeı keńistigi retinde paıdalanэ «Bir beldeэ-bir jol» halyqaralyq jobasy sheńberinde mбdenı, bilim berэ, aǵartý jбne basqa da salalardaǵy jan-jaqty yntymaqtastyq arqyly бlemge qol jetkizэge yqpal etetin bolady.

Sol sıaqty Volgograd oblysynyń qurmetti azamaty Smaǵul Мэntaev «Qymyz emdeэ» shıpajaıy men

aq ony kóbeıtýdiń, бsirese Azıa – Reseı-Eэropa halyqaralyq yntymaqtastyǵy mбnmбtinindegi yzektiligin kyrsetti. Sonymen qatar, Uly Jibek joly fenomeniniń anyqtamasy qalyptasty, ony kyptegen adamdar maǵynaly tereńdikten gyri syzbe-syz qabyldaıdy. Meniń oıymsha, bul mбdenı, ekonomıkalyq, tehnologıalyq damэda jбne adam ómiriniń kyptegen basqa salalarynda almasэ nemese tolyqtyrэ arqyly shyǵarmashylyq qyzmetke baǵyttalǵan yzara tıimdi yntymaqtastyq negizindegi бleэmettik-ekonomıkalyq jъıe. Бleэmet damýyndaǵy jasampazdyqtyń jalpy Eltonnyń eń tuzdy kóliniń janynda ornalasqan ъıinde «Altyn-Nur» tarıhı-mбdenı etnoortalyǵyn qurdy. Sonymen qatar, Soltъstik Kavkazdyń Pбtıgorsk, Stavropyl sekildi qalalary men aýdandarynyń бkimshilikteri bizdi suhbatqa jбne tanystyqqa shaqyra bastap, qurmetti oryndardy usyna bastady. Jeleznovodsk, Esentэkı kэrortty qalalary bъginde ashyq aspan astyndaǵy etnomýzeıdiń osyndaı modeline qyzyǵýshylyq tanytyp, tanysýǵa, yntymaqtastyqqa shaqyryp keledi.

Әділбек ҚАБА

Тіл комитетінің төрағасы

ҚАЗАҚ ТІЛІ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАС ТІЛІ БОЛУҒА ТИІС

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Мемлекет басшысының қазақ тілін ұлтаралық қатынас тіліне айналдыру идеясы сол мемлекеттік тілдің өз қызметін атқаруын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл орайда Тіл комитеті 2020-2025 жылдарға арналған бағдарлама негізінде бірқатар жұмыстар атқаруда. Солардың бірі - латын негізді әліпби жасау және кезең-кезеңмен осы әліпбиді қолдануға көшу міндеті. Бұл орайда Орфографиялық жұмыс тобындағы ғалымдарымыз үлкен жұмыс жасады. Президент әліпбиді жетілдіру туралы тапсырма бергеннен бастап, оннан астам отырысын өткізіп, әліпбидің бірнеше жобасын сынамадан өткізді. Жалпы, әліпбиді жетілдіру жұмысы халықтың белсенді араласуымен өткенін атап айту керек. Азаматтар қырықтан астам жоба ұсынды, оны талқылауға да белсене араласты. Екі рет республикалық ашық талқылау өткізілді. Одан бөлек Жазушылар Одағында, жоғарғы оқу орындарында, Нұр Отан партиясының жастар қанаты арасында талқыланды. БАҚ-та 700-ге тарта мақала жарияланды, қоғам ақпараттандырылып отырды. Бүгінгі күнде әліпбиді жетілдіру жұмыстары қорытындылау кезеңіне келіп жетті.

Тіл комитетінің тағы бір маңызды қызметі термин жасаумен байланысты екені белгілі. Бұл орайда 1971 жылдан бері мақұлданған 27 мың терминга қайта мониторинг жасау жұмысы қолға алынды. Біз қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту үшін оны техника мен ғылым тіліне айналдыруымыз керек. Бұл орайда атқарылатын жұмыс ұшан теңіз. Терминдер жасау, баламалар табу, әдістемелер әзірлеу, сөздіккор қалыптастыру сияқты үлкен жұмыстар атқарылуы керек.

Сөздік қор мәселесі туралы айтар болсам, мамандардың айтуынша, қазақ тілінде 600 мыңнан аса сөз бар екен, яғни бай тілдердің қатарында. Дегенмен де, қазіргі жаһандану заманында ақпарат кеңістігінің ашықтығына байланысты шеттілдік сөздер лек-легімен келіп жатыр. Тіліміздің баюына оның да айтарлықтай үлесі бар. Бірақ бұл ағынды барынша реттеп, ақылға сыйымды баламасын ұсынып отырмасақ тілімізге қауіп төніп, жұтылып кетуі мүмкін. Сондықтан сөзжасам, оның ішінде терминжасам мәселесіне назар аудармасқа болмайды. Ал егер заң саласы бойынша сөздік қор мәселесіне келсек, біршама салалық терминдер жасалып халық қолданысына ұсынылды. Тек сол сала мамандары тарапынан қолданыс табуы кемшін десек болады, бұл көңіл бөлуді қажет етеді. Осы мақсатта Тіл саясаты комитетінің ұйымдастыруымен семинар, ойталқы сағаты, тағы басқа шаралар ұйымдастырылып жатыр. Мысалы, әдебиет және лингвистика

саласы бойынша терминдердің ұлттық болмысына қатысты ойталқы қорытындысы шығарылып, ұтымды терминдер сөздік қордан орын алмақшы, яғни, сөздікқорды толықтыру бойынша нақты қадам жасалына бастады.

Сондай-ақ аударма мәселесінде жоғарыда атап өткен бағдарлама аясында жыл сайын ілеспе аудармашылардың біліктілігін арттыру курстары ұйымдастырылады. Осы уақытқа дейін қазақша-орысша-қазақша аударма курстарын өткізіп келсе, енді биылғы жаңалығымыз қазақша-ағылшын-қазақша аударма курстары енгізілді.

Бұдан басқа Тіл комитеті Кәсіби аудармашылар мен аударма компанияларының қауымдастығымен бірлесіп Аудармашылардың кәсіби стандартын әзірледі. Қазіргі таңда жоба «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына одан әрі бекіту үшін енгізілді.

Бүгінгі күнде ата-ана баланың қасында көп бола алмайтындықтан, қазіргі балаларды телефон, ютуб тәрбиелеп жатыр. Ютубты қазақшалау деген сөз, сол контентті қазақ тіліндегі сапалы материалдармен толықтыру деген сөз. Комитет Мемлекеттік бағдарлама аясында жарыққа шыққан барлық жобаларды (мультфильмдер және т.б.) міндетті түрде сайттарға салып отырады. Осы жерде айта кететін мәселе, аталған бағдарлама аясында барлығы 20-дан астам портал құрылды және қазіргі таңда олар жұмыс жасап тұр («Tilmedia.kz», «Balatili.kz», «Тіл-құрал», «Tilalemi.kz» және т.б.). Бұл салада ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі тарапынан да жаңа жобалар қолға алынып, қарқынды жұмыстар жүріп жатыр. Сондықтан алдағы уақытта ютубтағы қазақ тілді контенттің көлемі одан ары артатынына мен сенімдімін.

Әділбек Қаба,
Тіл комитетінің төрағасы

QAZAQ TİLİ ULTARALYQ QATYNAS TİLİ BOLÝǴA TIİS

Qazaq tili – memlekettik til. Memleket basshysynyń qazaq tilin ultaralyq qatynas tiline aınaldyrэ ıdeıasy sol memlekettik tildiń yz qyzmetin atqarэyn qamtamasyz etэge baǵyttalǵan. Bul oraıda Til komıteti 2020-2025 jyldarǵa arnalǵan baǵdarlama negizinde birqatar jumystar atqarэda. Solardyń biri - latyn negizdi бlipbı jasaэ jбne kezeń-kezeńmen osy бlipbıdi qoldanýǵa kyshэ mindeti. Bul oraıda Orfografıalyq jumys tobyndaǵy ǵalymdarymyz ъlken jumys jasady. Prezıdent бlipbıdi jetildirэ tэraly tapsyrma bergennen bastap, onnan astam otyrysyn ytkizip, бlipbıdiń birneshe jobasyn synamadan ytkizdi. Jalpy, бlipbıdi jetildirэ jumysy halyqtyń belsendi aralasэymen ytkenin atap aıtэ kerek. Azamattar qyryqtan astam joba usyndy, ony talqylaýǵa da belsene aralasty. Eki ret respэblıkalyq ashyq talqylaэ ytkizildi. Odan bylek Jazэshylar Odaǵynda, joǵarǵy oqэ oryndarynda, Nur Otan partıasynyń jastar qanaty arasynda talqylandy. BAQ-ta 700-ge tarta maqala jarıalandy, qoǵam aqparattandyrylyp otyrdy. Bъgingi kъnde бlipbıdi jetildirэ jumystary qorytyndylaý kezeńine kelip jetti.

Til komıtetiniń taǵy bir mańyzdy qyzmeti termın jasaэmen baılanysty ekeni belgili. Bul oraıda 1971 jyldan beri maquldanǵan 27 myń termınga qaıta monıtorıń jasaэ jumysy qolǵa alyndy. Biz qazaq tiliniń qoldanys aıasyn keńeıtý ъshin ony tehnıka men ǵylym tiline aınaldyrэymyz kerek. Bul oraıda atqarylatyn jumys ushan teńiz. Termınder jasaэ, balamalar tabэ, бdistemeler бzirleэ, syzdikqor qalyptastyrэ sıaqty ъlken jumystar atqarylэy kerek.

Syzdik qor mбselesi tэraly aıtar bolsam, mamandardyń aıtэynsha, qazaq tilinde 600 myńnan asa syz bar eken, ıaǵnı baı tilderdiń qatarynda. Degenmen de, qazirgi jahandanэ

zamanynda aqparat keńistiginiń ashyqtyǵyna baılanysty shettildik syzder lek-legimen kelip jatyr. Tilimizdiń baıэyna onyń da aıtarlyqtaı ъlesi bar. Biraq bul aǵyndy barynsha rettep, aqylǵa syıymdy balamasyn usynyp otyrmasaq tilimizge qaэip tynip, jutylyp ketэi mъmkin. Sondyqtan syzjasam, onyń ishinde termınjasam mбselesine nazar aэdarmasqa bolmaıdy. Al eger zań salasy boıynsha syzdik qor mбselesine kelsek, birshama salalyq termınder jasalyp halyq qoldanysyna usynyldy. Tek sol sala mamandary tarapynan qoldanys tabэy kemshin desek bolady, bul kóńil bylэdi qajet etedi. Osy maqsatta Til saıasaty komıtetiniń uıymdastyrэymen semınar, oıtalqy saǵaty, taǵy basqa sharalar uıymdastyrylyp jatyr. Mysaly, бdebıet jбne lıngvıstıka salasy boıynsha termınderdiń ulttyq bolmysyna qatysty oıtalqy qorytyndysy shyǵarylyp, utymdy termınder syzdik qordan oryn almaqshy, ıaǵnı, syzdikqordy tolyqtyrэ boıynsha naqty qadam jasalyna bastady.

Sondaı-aq aэdarma mбselesinde joǵaryda atap ytken baǵdarlama aıasynda jyl saıyn ilespe aýdarmashylardyń biliktiligin arttyrэ kэrstary uıymdastyrylady. Osy эaqytqa deıin qazaqsha-oryssha-qazaqsha aэdarma kэrstaryn ytkizip kelse, endi bıylǵy jańalyǵymyz qazaqsha-aǵylshyn-qazaqsha aýdarma kýrstary engizildi.

Budan basqa Til komıteti Kбsibı aэdarmashylar men aэdarma kompanıalarynyń qaýymdastyǵymen birlesip Aýdarmashylardyń kбsibı standartyn бzirledi. Qazirgi tańda joba «Atameken» Qazaqstan Respýblıkasynyń Ulttyq kбsipkerler palatasyna odan бri bekitэ ъshin engizildi.

Budan basqa Til komıteti Kбsibı aэdarmashylar men aэdarma kompanıalarynyń qaýymdastyǵymen birlesip Aýdarmashylardyń kбsibı standartyn бzirledi. Qazirgi tańda joba «Atameken» Qazaqstan Respýblıkasynyń Ulttyq kбsipkerler palatasyna odan бri bekitэ ъshin engizildi.

Bъgingi kъnde ata-ana balanyń qasynda kyp bola almaıtyndyqtan, qazirgi balalardy telefon, ıэtэb tбrbıelep jatyr. Iэtэbty qazaqshalaэ degen syz, sol kontentti qazaq tilindegi sapaly materıaldarmen tolyqtyrэ degen syz. Komıtet Memlekettik baǵdarlama aıasynda jaryqqa shyqqan barlyq jobalardy (mъltfılmder jбne t.b.) mindetti tъrde saıttarǵa salyp otyrady. Osy jerde aıta ketetin mбsele, atalǵan baǵdarlama aıasynda barlyǵy 20-dan astam portal quryldy jбne qazirgi tańda olar jumys jasap tur («Tilmedia.kz», «Balatili.kz», «Til-qural», «Tilalemi.kz» jбne t.b.). Bul salada QR Aqparat jбne qoǵamdyq damэ mınıstrligi tarapynan da jańa jobalar qolǵa alynyp, qarqyndy jumystar jъrip jatyr. Sondyqtan aldaǵy эaqytta ıýtýbtaǵy qazaq tildi kontenttiń kylemi odan ary artatynyna men senimdimin.

Ádilbek Qaba,
Til komıtetiniń tóraǵasy

قازاق ٴتىلى ۇلتارالىق قاتىناس ٴتىلى بولۋعا ٴتيىس

قازاق ٴتىلى - مەملەكەتتىك ٴتىل. مەملەكەت باسشىسىنىڭ قازاق ٴتىلىن ۇلتارالىق قاتىناس تىلىنە اينالدىرۋ يدەياسى سول مەملەكەتتىك ٴتىلدىڭ ٴوز قىزمەتىن اتقارۋىن قامتاماسىز ەتۋگە باعىتتالعان. بۇل ورايدا ٴتىل كوميتەتى 2020-2025 جىلدارعا ارنالعان باعدارلاما نەگىزىندە ٴبىر قاتار جۇمىستار اتقارۋدا. سولاردىڭ ٴبىرى - لاتىن نەگىزدى ٴالىپبي جاساۋ جانە كەزەڭ-كەزەڭمەن وسى ٴالىپبيدى قولدانۋعا كوشۋ مىندەتى. بۇل ورايدا ورفوگرافيالىق جۇمىس توبىنداعى عالىمدارىمىز ۇلكەن جۇمىس جاسادى. پرەزيدەنت ٴالىپبيدى جەتىلدىرۋ تۋرالى تاپسىرما بەرگەننەن باستاپ، ونىڭ استام وتىرىسىن وتكىزىپ، ٴالىپبيدىڭ بىرنەشە جوباسىن سىنامادان وتكىزدى. جالپى، ٴالىپبيدى جەتىلدىرۋ جۇمىسى حالىقتىڭ بەلسەندى ارالاسۋىمەن وتكەنىن اتاپ ايتۋ كەرەك. ازاماتتار قىرىقتان استام جوبا ۇسىندى، ونى تالقىلاۋعا دا بەلسەنە ارالاستى. ەكى رەت رەسپۋبليكالىق اشىق تالقىلاۋ وتكىزىلدى. ودان بولەك جازۋشىلار وداعىندا، جوعارعى وقۋ ورىندارىندا، نۇر وتان پارتياسىنىڭ جاستار قاناتى اراسىندا تالقىلاندى. ب ا ق-تا 700-گە تارتا ماقالا جاريالاندى، قوعام اقپاراتتاندىرىلىپ وتىردى. بۇگىنگى كۇندە ٴالىپبيدى جەتىلدىرۋ جۇمىستارى قورىتىندىلاۋ كەزەڭىنە كەلىپ جەتتى.

ٴتىل كوميتەتىنىڭ تاعى ٴبىر ماڭىزدى قىزمەتى تەرمين جاساۋمەن بايلانىستى ەكەنى بەلگىلى. بۇل ورايدا 1971 جىلدان بەرى ماقۇلدانعان 27 مىڭ تەرمينگە قايتا مونيتورينگ جاساۋ جۇمىسى قولعا الىندى. ٴبىز قازاق ٴتىلىنىڭ قولدانىس اياسىن كەڭەيتۋ ٴۇشىن ونى تەحنيكا مەن عىلىم تىلىنە اينالدىرۋىمىز كەرەك. بۇل ورايدا اتقارىلاتىن جۇمىس ۇشان تەڭىز. تەرميندەر جاساۋ، بالامالار تابۋ، ادىستەمەلەر ازىرلەۋ، سوزدىك قور قالىپتاستىرۋ سياقتى ۇلكەن جۇمىستار اتقارىلۋى كەرەك.

سوزدىك قور ماسەلەسى تۋرالى ايتار بولسام، ماماندардىڭ ايتۋىنشا، قازاق تىلىندە 600 مىڭنان استا ٴسوز بار ەكەن، ياعني باي تىلدەردىڭ قاتارىندا. دەگەنمەن دە، قازىرگى جاھاندانۋ زامانىندا اقپارات كەڭىستىگىنىڭ اشىقتىعىنا بايلانىستى شەتتىلدىك سوزدەر لەك-لەگىمەن كەلىپ جاتىر. ٴتىلىمىزدىڭ بايۋىنا ونىڭ دا ىيتارلىقتاي ۇلەسى بار. ٴبىراق بۇل اعىندى بارىنشا رەتتەپ، اقىلعا سيىمدى بالاماسىن ۇسىنىپ وتىرماساق تىلىمىزگە قاۋىپ ٴتونىپ، جۇتىلىپ كەتۋى مۇمكىن. سوندىقتان ٴسوزجاسام، ونىڭ ىشىندە تەرمينجاسام ماسەلەسىنە نازار اۋدارماسقا بولمايدى. ال ەگەر زاڭ سالاسى بويىنشا سوزدىك قور ماسەلەسىنە كەلسەك، ٴبىرشاما سالالىق تەرميندەر

جاسالىپ حالىق قولدانىسىنا ۇسىنىلدى. تەك سول سالا ماماندارى تاراپىنان قولدانىس تابۋى كەمشىن دەسەك بولادى، بۇل كوڭىل ءبولۋدى قاجەت ەتەدى. وسى ماقساتتا ءتىل ساياساتى كوميتەتىنىڭ ۇيىمداستىرۋىمەن سەمينار، ويتالقى ساعاتى، تاعى باسقا شارالار ۇيىمداستىرىلىپ جاتىر. مىسالى، ادەبيەت جانە لينگۆيستيكا سالاسى بويىنشا تەرمينەدەردىڭ ۇلتتىق بولمىسىنا قاتىستى ويتالقى قورتىندىسى شىعارىلىپ، ۇتىمدى تەرمينەدەر سوزدىك قوردان ورىن الماقشى، ياعني، سوزدىك قوردى تولىقتىرۋ بويىنشا ناقتى قادام جاسالىنا باستادى.

سونداي-اق اۋدارما ماسەلەسىندە جوعارىدا اتاپ وتكەن باعدارلاما اياسىندا جىل سايىن ىلەسپە اۋدارماشىلاردىڭ بىلىكتىلىگىن ارتتىرۋ كۋرستارى ۇيىمداستىرىلادى. وسى ۋاقىتقا دەيىن قازاقشا-ورىسشا-قازاقشا اۋدارما كۋرستارىن وتكىزىپ كەلسە، ەندى بيىلعى جاڭالىعىمىز قازاقشا-اعىلشىن-قازاقشا اۋدارما كۋرستارى ەنگىزىلدى.

بۇدان باسقا ءتىل كوميتەتى كاسىبي اۋدارماشىلار مەن اۋدارما كومپانيالارىنىڭ قاۋىمداستىعىمەن بىرلەسىپ اۋدارماشىلاردىڭ كاسىبي ستاندارتىن ازىرلەدى. قازىرگى تاڭدا جوبا «اتامەكەن» قازاقستان رەسپۋبليكاسىنىڭ ۇلتتىق كاسىپكەرلەر پالاتاسىنا ودان ءارى بەكىتۋ ءۇشىن ەنگىزىلدى.

بۇگىنگى كۇندە اتا-انا بالانىڭ قاسىندا كوپ بولا المايتىندىقتان، قازىرگى بالالاردى تەلەفون، يۋتۋب تاربيەلەپ جاتىر. يۋتۋبتى قازاقشالاۋ دەگەن ءسوز، سول كونتەنتتى قازاق تىلىندەگى ساپالى ماتەريالدارمەن تولىقتىرۋ دەگەن ءسوز. كوميتەت مەملەكەتتىك باعدارلاما اياسىندا جارىقتا شىققان بارلىق جوبالاردى (مۋلتفيلمدەر جانە ت.ب.) مىندەتتى تۇردە سايتتارعا سالىپ وتىرادى. وسى جەردە ايتا كەتەتىن ماسەلە، اتالعان باعدارلاما اياسىندا بارلىعى 20-دان استام پورتال قۇرىلدى جانە قازىرگى تاڭدا ولار جۇمىس جاساپ تۇر. «Tilalemi.kz» «Balatili.kz», «Tilmedia.kz»، ءتىل-قۇرال جانە ت.ب. بۇل سالادا ق ر اقپارات جانە قوعامدىق دامۋ مينيسترلىگى تاراپىنان دا جاڭا جوبالار قولعا الىنىپ، قارقىندى جۇمىستار ءجۇرىپ جاتىر. سوندىقتان الداعى ۋاقىتتا يۋتۋبتاعى قازاق ءتىلدى كونتەنتتىڭ كولەمى ودان ارى ارتاتىنىنا مەن سەنىمدىمىن.

ادىلبەك قابا،

ءتىل كوميتەتىنىڭ ءتوراعاسى

Қаламқас ҚАЛЫБАЕВА

Ф.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры, Ұлттық комиссия жанындағы Орфографиялық жұмыс тобының мүшесі.

ҚАЗАҚТЫҢ ТӨЛ СӨЗІ ҮШІН ДЕ, ШЕТТЕН КІРГЕН СӨЗДЕР ҮШІН ДЕ БІРЫҢҒАЙ ЕМЛЕ ЖАСАЛУ КЕРЕК

Қазіргі таңда – қазақ жазуы жаңа латын жазуына көшіп жатқан тұста қазақ тіл білімінің бүгінгі көтерілген ғылыми әлеуеті өткенге сын көзбен қарап, кем кетігімізді дұрыс бағамдауға мүмкіндік беріп отыр. Орыс әліпбиіне бейімделген жазуымыздың кемшін тұстары енді көзімізге айқын көріне бастады. Осыған орай, жаңа латын жазуына көшкен оңтайлы тұсты пайдаланып, өзіндік төл жазу қағидаттарымызды қалпына келтіруді көздегеніміз дұрыс. Бұған қатысты тілші ғалымдардың арасында түрлі пікірлер айтылып, қызу талқылаулар жүріп жатыр. Қарап отырсақ, ағылшын, француз, неміс, тіпті орыс тілі де осы күнге дейін басқа тілден келген сөзді өз тілінің айтылуына бағындырып, жұтып жіберетін «темір» заңдылығын мығым сақтау арқылы әлеуетті алпауыт тілге айналып отыр екен. Бұл тілдердің орфографиялық сөздігінде «шеттілдік сөздерді жазу ережесі» деген арнайы тарауша да кездестірмейсіз. Оны олар қажетсінбейді де. Өйткені ол тілдер шеттілдік сөздерді жазуда өз сөйлеу тілінің табиғатын ғана пайдаланады, яғни кірген сөздерді тырп еткізбей, өз тілінің дыбысталуына бағындырып айтылуы бойынша ғана жазады. Демек, бұл тілдерде төл сөзі үшін де, кірме сөз үшін де бір ғана емле жасалған. Бізде ше? Бізде неге солай болмасқа?..

Бізде де солай болған бір кезде. Тілімізге жазу ережелері әлі билік құрмаған сонау 20-ғасыр басында біздің тілімізде де сөйлеу тілінің әлеуеті дәл солай кірме сөздерге билік құрып тұрды. Халел Досмұхамедовтің «Өзінің заңымен өзгертпей қазақ тілі ішіне ешбір жат сөзді алмайды, кіргізбейді. Бұл ақиқат нәрсе», - деп сенімді айтуының өзі сол кездегі тіліміздің кірме сөздерді игерудегі әлеуетінің қаншалықты мығым болғандығын көрсетеді. Міне осы мығым заңдылық тіл ғылымында

кірме сөздерді игеретін «тілдік механизм» деп аталады. Осындай «тілдік механизм» барлық тілдерде, соның ішінде біздің тілімізде де бар. Кірген сөздерді өз сөзі етіп жіберу үшін барлық тіл осы механизмді қолданады. 20 ғасырдың басында солай болды да. 1926 жылы 26-ақпан мен 5-наурыз аралығында Бакуде өткен түркітанушылардың съезінде де, 1929 жылы 2-4 маусым аралығында Қызылордадағы емле жазуына қатысты ғылыми орфографиялық конференцияда да айтыс-тартыс болғанына қарамастан, тіліміздің үндесімділік заңдылығы бәрінен жоғары қойылып, сол кездегі сөйлеу тілінің әлеуетін жазуда пайдалану керектігіне басты назар аударылды. Сол 1929 жылы 25-июньде сол кездегі Қазақстан атқару комитетінің төрағасы болып тұрған М.Әуезовтің қол қоюымен бектілген қаулыда былай делінген екен: «... қазақ емлесін емлелерінің ішінде ең оңай саналған дыбыс жүйелі емле негізіне құру керек; қазақтың төл сөзі үшін де, шеттен кірген сөздер үшін де бірыңғай емле жасау керек». (М.Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: "Дәуір", "Жібек жолы", 2014 . 3-том:73-б.). Демек, мұндағы «дыбыс жүйелі емле» деп отырғаны – сөзді айтылуы бойынша, яғни есітілуі бойынша жазу керек деген шешім еді. Әрине, бұл өте дұрыс шешім болды. Сол кездегі газет-журналдардың бетінде де, сол кездегі ғылыми әдебиеттерде де кірме сөздердің таңбалануында қазақылық иісі ұрып тұр еді: обылыс (область), партыйа (партия), кәмійтет (комитет), кәмсәмол (комсомол), калхоз, әртел (артель), бәлшебек (большевик), kektir (гектар), біріійгәдір (бригадир), өктәбір (октябрь), пұрсент (процент), тырактыр (трактор), нойәбір (ноябрь), пәкті (факт), сыйпыр(цифр), пебырал (февраль), әкәдемійе (академия), сесійе (сессия), Ленінгірат (Ленинград), респөблійке (республика), кәмесер (комиссар), әртел (артель), пәсөлке (поселка), кәперетсе (кооперация), үушаске (учаске) т.б. (Мысалдар Күдеринованың «Қазақ жазуының тарихы мен теориясы» еңбегінен алынды (Алматы, 2013). Яғни бұл кезеңде тіліміздегі «сингормонизм» заңдылығы қазақтың өз сөздерінде де сөз арасында естілетін қысаң дауыстыларды (І,Ы) естілуі бойынша жазу арқылы (тұуралы, тарыйқый, шұу, жатұу, білүу, болұу, отырұу) кірме сөздерді де тіліміздің заңдылығына тастай етіп бағындыратын «тілдік механизмін» жұмыс істетіп отырғандығын көреміз. Бұл «тілдік механизм» әрі қарай да сақтала берер еді, әттең қолдан өзгеріс жасап, жоғалтпағанымызда. Бірқатар әлеуетті тілдердің табиғатында әлі күнге сақталып отырған осы бір кірме сөздерді жұтып қоятын «тілдік механизмнен» біз қалайша айрылып қалдық?..

Кезінде Халел Досмұхамедов: «Елдің тілін бұзатын, көршілес елдердің мәдениетін үлгіге алған, мәдениетті елдердің әсері. Елдің тілі бұзылуына, ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келіп, ана тілін өзгертуге жол басшы болады. Оқығандар өзіне ылайық әдебиет тілі деген тіл түзейді. Түзеген жаңа тілін ел ішіне жая бастайды, көбіне зорлап кіргізеді», - деген екен. Бізде де солай болды. Оның үстіне Кеңес үкіметінің саясатымен бірге тілімізге жыл санап енген орыс сөздерінің еселеп артып кетуінің өзі де ол сөздерді табиғи игеруге қиындық әкеле бастағаны да рас. Әрі сол кездерден бастап Кеңестік саясаттың орыс тіліне басымдық бере бастаған саясаты да қазақ жазуының біртіндеп өз заңдылығынан айрылуына әсер ете бастағаны тағы бар. Осы кезден бастап тіліміздегі кірме сөздерді өзіне толық бағындыруда «кілт» болып отырған, тіліміздің үндесімдік заңына (сингормонизм) деген ғалымдарымыздың көзқарасы да күрт өзгеріп «сингормонизм соншалықты тұрақты құбылыс емес, ол да өзгереді» деген сыңайлы былқылдақ пікірлер белең ала бастады. Мысалы, 1928-1930 жылдарда Ресейде білім алып келген Қ.Жұбановтың осы жылдардағы алған білімі оның кірме сөздерді игеруде кілт болып отырған сингормонизм заңдылығын да қайта қарап, оны түркі тілдері үшін де тұрақты құбылыс емес деген ойға алып келгенін білеміз. Ғалым – кірме сөздерді орыс тіліне барынша жақындатып, өзгертпей жазу керек деген пікірді алғашқы айтқан оқымыстылардың бірі. Ол 1929 жылғы Қызылорда конфе-

ренциясында қазақ тілінің сингормонизм заңдылығын алға тарта бермей, халықаралық терминдер мен советизмдерді өзгертпей алу керектігін басып айтып еді. Ғалымның бұл сөзінен біз оның кейінгі жылдарда жиі көтерген «И, У дыбыстарын дара дыбыс ретінде беру керек» деген пікірін қалыптастыруына негіз болуы мүмкін екендігін де байқаймыз. Мысалы, ол 1935 жылы жазылған «Қосар ма, дара ма» деген мақаласында «қосар әріптің алдағы тағдыры осы, оны қанша сүйрете бергенмен дыбыстың қосарлығын сақтап қалмақ емес», - деп түйіндеуінде де осы тілдердің түбінде бірігіп, бір тілге айналуы мүмкін деген кеңестік идеяның жатқандығын байқаймыз. Осы кезден бастап әліпби мен емлені орыс тілінің заңдылығына барынша жақындатып жазуға көшу жайлы, бұл арада тіліміздің сингормонизм заңдылығын алға тарта берудің қажет еместігі жайлы ойларды Сәрсен Аманжолов та, басқа ғалымдар да жиі айта бастады. Мысалы, С. Аманжолов терминдерді орыс тілі арқылы игеру керек екендігін айта келіп: «1929 жылы емлені жасаған Т. Шонанұлы, Е. Омаровтардың шет сөздерді өз тілімізге бейімдеп қабылдайық деген ниеті олардың алашордашылдық ниеттерінен туындаған», - деп жазғырғанын да білеміз. Ғалым әліпбиде дара и, у таңбаларының жоқтығы салдарынан жазуда үнемдеу принципінің сақталмай отырғандығынан шет сөздердің жазуда тұрқы ұзарып, миссисипи, миссури сияқты сөздердің mijssijsijpij, mijssyvrij деп 6, 7 әріптің орнына, 13-9 әріпке дейін жазылып жүргендігін алға тартып еді. Оның басты себебі ретінде жазудың фонетикалық ұстанымға негізделгені дұрыс еместігін айтқан ғалым: «Соның салдарынан кірме сөздердің әртүрлі орфограммалануы (кило - келі, динамо - динамы, бюро - бюра) деп жазылуы сол сияқты сөз ішінде екі дауысты дыбыс қатар келмейді деп, зоология, биология, театр сөздерінің орынан зологыйа, быйалогыйа, тыйатыр, аптаномыйа, апсалұут болып таңбаланды», - деп фонетикалық ұстанымды жазғыра айыптай түскен еді. Міне, осылайша біздің танымал тілші ғалымдарымыз біртіндеп үндіеуропа тілдеріндегі «үнемдеп жазу» ұстанымын алға тарта отырып, тіліміздегі сөз арасында дауыссыздармен селбесе естілетін дауыстыларды жазудан бас тарта бастады. Осылайша «үнемдеп жазуға» ұмтылыстың астарында тіліміздегі «ҰУ», «ІИ» «ЫУ», «ЫИ» дыбыстарының ығыстырылуының астарында орыс тілінің «кірігу, фузиялану» заңдылығына жақындай түсу саясаты байқалмай ғана тілімізге билік құра түсті. Біртіндеп «түп нұсқаға жақындық» принципіне сәйкес алынған емле баптары 1938 жылдан бастап жүйелі түрде іске асырыла бастады. Ал, енді 1940 жылдан бастап, қазақ жазуының кирилл жазуына көшірілуі, орыс әріптерінің енгізілуі, 1957жылғы қабылданған емле ережесі бойынша «оңтайландырып жазу» үрдісінің жолға қойылуы, яғни И, У таңбаларының таратылмай жазылуы, сөз басындағы, сөз арасындағы қысаң дауыстыларды қысқартып жазу үрдісі тіліміздің сингормонизм заңдылығының кірме сөздерге жүргізетін билігіне біржолата тосқауыл қойды. Нәтижеде тіліміздің өз табиғатында еркін есітіліп тұратын дауысты дыбыстар қысқартылып жазылу керек деген ережеге ыңғайлап «ыйық емес – иық, мый емес – ми, жый емес – жи, қыйын емес – қиын, Ырысбек емес – Рысбек, ылақ емес – лақ, ұу емес – у» деп үнемдеп жазған дұрыс деп шештік. Осылайша, жазуда кирилл жүйесіне негізделген емле ережелерін басшылыққа алудың нәтижесі сөйлеу тіліне әсерін тигізді. Бүгінгі қазақтың дыбыстау органдарында шеттілдік сөздерді еркін дыбыстайтын акустикалық-артикуляциялық ерекшеліктеріміз тілімізге әбден сіңісті болып, орыстанған сөйлеу тілін нормаға айландырып үлгерді. Нәтижеде тіліміздің табиғатында сөз арасындағы дауыстылардың есітілуі де әлсіреп, біржолата жоғалуға бет алды. Мұның өзі қазіргі әліпби ауыстырып, тілімізде жоқ кирилл таңбаларын әліпбиден шығарып жатқан заманда кірме сөздерді қалай жазамыз деген мәселені қайта қарауға алып кеп отыр.

Әрине, бұл арада біз қазақ тіл білімінің дамуына зор үлес қосқан аты аталған ғалымдарымыздың еңбегін жоққа шығару қа-

перімізде жоқ екендігін дұрыс түсіну керек. Ол ғалымдарымыздың жеткен деңгейі, ғылымда көтерілген биігі тым жоғары, қазақ тілі біліміне қосқан үлестері ұшан теңіз. Қ. Жұбанов, С.Аманжолов сияқты ірі тұлғалардың ғылыми әлеуетіне шәк келтіру мүмкін де емес. Жазудың емле ережесі енді ғана қолға алына бастаған қазақ жазуы теориясының бастапқы балаң кезеңінде өзінің алдында тұрған жазу теориясы мықты қалыптасып үлгерген әлеуетті орыс тілінің шылауында кетпеу мүмкін де емес еді. Міне, сондықтан, бұл кезеңді жазу теориямыз бастан кешірген бір ғылыми даму сатысы ретінде ғана бағалағанымыз жөн шығар.

Дей тұрғанымызбен жазу теориясымен айналысып жүрген ғалымдарымыздың бірқатары орыс тілінің жазу теориясы арқылы келіп қалыптасқан «үнемдеп жазу» ұстанымын әлі де басты қағидаға алу керек деген ойда қалып отыр. Бір қарағанда, ода тұрған не бар деуге де болушы да еді. Алайда, өз тілінің табиғатын жоғалтқан тіл, шеттен келген сөздерді де игере алмай отырғанын қайда қоямыз. Соның салдарынан, бір тілдің табиғатынан екі түрлі (төл сөздерге, кірме сөздерге) жазу ережесін шығарып отырмыз. Төл сөздерге бөлек, кірме сөздерге бөлек ереже жасау әлі сол басқа тілдің шылауында жүргеніміздің, тәуелсіздігіміздің басты көрінісі екендігін мойындауымыз керек. Оның өзі тіліміздің табиғатына сәйкес біртұтас жазу емле ережесін жасауға орасан қиындық туғызып келді. Емле ережелерімізде кірме сөздердің жазылуына арнайы ережелер ойластырып әлек болып келеміз. Термин сөздерді дұрыс жазудың дауы да шешімін табар емес. Демек, жазу емле ережесін жасауда басты билікті әлі де сол қазақтың жалпақ сөйлеу тіліне беруіміз керек. Кірме сөздерді сөйлеу тілі қалай игереді, сол күйінде жазуға ұмтылғанымыз дұрыс. Яғни жазудағы басты ұстаным – фонетикалық ұстаным деген 1929 жылғы ережеге қайта оралуымыз қажет. Кірме сөздерді игеріп жазуды ойдан шығаруға болмайды. Оны игеретін тек қана тілдің ішкі табиғаты ғана. Тілдің сол ішкі табиғатына мүмкіндік берейік. Тілімізде сингормонизм қаншалықты әлсірегенімен де, әлі де мүлде жоғалып кеткен жоқ. Шеттілдік сөздерді жазуда әлемдегі барлық тілдер қолданып отырған осы ұстанымды біз неге шеттетеміз?! Олай болса, төл сөз үшін де, кірме сөз үшін де бір ғана емле ережесін жасауымыз керек. Олай етпеген жағдайда, әліпбидегі кирилл таңбаларын шығару арқылы ғана өзге тілдің шылауынан құтылуымыз мүмкін емес.

ТҮБІ БІР ТҮРКІ...

Қасиет МОЛГАЖДАРОВ

Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ КӨМЕКШІ СӨЗДЕРДІҢ КОНЦЕПЦИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

(тарихи-салыстырмалы анализ)

Аннотация. Жалпы көмекші сөздер (шылаулар, көмекші есімдер, көмекші етістіктер, модаль сөздер) – көптеген ғасырлар бойғы тілдік процестерді басынан кешірген тарихи туынды категория. Мұны №1 кестеде салыстырылып берілген көне түркі және қазіргі қазақ тіліндегі көмекші сөздердің құрамынан-ақ байқауымызға болады. Ал түркі тілдеріндегі көмекші сөздердің концепциялық негізіне келер болсақ, тіліміздегі кейбір сөздердің құрамындағы морфемалар бастапқы мағыналарынан біртіндеп айырылып, құрылымдық элементтері ішкі мағыналық және сыртқы дыбысталу жағынан да бірдей қамтылып, түбір мен морфемалардың жігі жымдасып, тұтасып бір жаңа сөздер тобын қалыптастырған дегенге саяды. Яғни, жалпылық абстракцияға ұшырап, бастапқы мағыналары солғындап, дербес мағынадан тәуелділік мағынаға ауысады. Бірақ, толығымен табиғи түпкі мағыналарын жоймай, негізгі сөздермен тіркесе келіп әртүрлі лексика-грамматикалық мағыналарды береді. Көмекші сөздердің лексикалық мағынасынан гөрі, грамматикалық мағынасы басым болатындығы – тіл ғылымында айтылған пікір және бұл – оның басқа сөз таптарынан ерекшелейтін басты бір қасиеті. Осындай грамматикалық амал ретінде қызмет атқаратын лексемалар тобы түркі тілдеріне ортақ көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тілінде категориялық негізін қалаған. Сонымен қатар көмекші сөздер құрамында басқа тілдерден дайын күйінде қабылданған лексемалар да орын алады. Яғни, жаңа ұғымдағы көмекші сөздердің бірі лексикалану, енді бірі грамматикалану арқылы қалыптасқан. Жалпы түркі тілдерінде де көмекші сөздердің мәнін ашып, табиғатын танудағы пікір-көзқарастар контрасты болып келеді. Алайда, танымал кеңес дәуірінің біршама түркітанушы ғалымдарымыздың зерттеулеріне сүйене отырып, көмекші сөздер тобының әртүрлі қызметіне байланысты ғылыми

тұжырым-негіздер жасалды және олардың лексика-грамматикалық семантикасын көмекші қызметке ауысқан жаңа сападағы мағынасы деп білеміз.

Кілт сөздер: Түркі тілдері, көмекші сөздер, Орхон-Енисей, Талас, руника, жазба ескерткіштері, тарихи-салыстырмалы, кешенді зерттеу, аналитикалық, модаль сөздер, көмекші есім, көмекші етістік, шылаулар.

Кіріспе. Қазіргі түркі тілдеріне ортақ асыл мұра – Орхон-Енисей, Талас руникалық жазба ескерткіштерінің тарихы XVI-шы ғасырға аяқ басса да ғылым тезіне түскеніне ғасырдың үсті болып отыр. Содан бері ғылымның әртүрлі саласында зерттеу нысанына айналып, нәтижесінде оң жетістіктерін беріп келеді. Десек те, тіл ғылымында көнекөз тарихи деректемелердің ашылмай жатқан тұстары да жоқ емес. Соның бірі – көмекші сөздер тобы. Олардың эволюциялық даму жолын көне түркі тілінен бастап зерттеу мақсат етілді.

Көмекші сөздер тобына жататын шылаулар мен модаль сөздер, көмекші етістіктер мен көмекші есімдердің қалыптасуы мен даму тарихы бірлікте алынып, кешенді түрде алғаш рет қарастырылып отыр. Жұмысымыз бойынша кешенді зерттеу дегеніміз – көне түркі тіліндегі көмекші сөздердің тілдік сипатын орта ғасыр және қазіргі түркі-қазақ тіліндегісімен салыстыру. Себебі, тілдің қалыптасуында кез-келген сөз бір-бірімен үздіксіз (континуум) байланысады да тарихи тұтастықтың көрсеткіші ретінде танылады. Мұндай тарихи тұтастықты анықтауда кешенді зерттеудің маңызы өте зор. Өйткені, олар бір категориялы болғанымен әркайсы әртүрлі дәрежеде қалыптасқан және түркітану шеңберінде көмекші сөздерге қатысты көне түркі тілінен бастап бүгінгі тілімізге дейінгі аралықты қамтитын арнайы зерттеу болып отыр. Яғни, көне түркі руникалық жазба ескерткіштерінде қолданылған көмекші сөздерді орта ғасыр және қазіргі түркі тілдерімен салыстыру арқылы олардың қалыптасуы мен даму тарихын, тарихи құрамын, тұлғалық ерекшеліктері мен дыбыстық сәйкестіктерін, аналитикалық формалары мен мағыналарын, лексика-семантикалық топтарын зерттеу жұмысымыздың негізгі өзегі екенін айта кеткен жөн.

Зерттеу матералымыздың бастысы болып Селенга, Орхон, Енисей өзендерінің бойынан табылған Күлтегін, Тониқұқ, Білге қаған, Құтлық қаған, Күлі Чор, Мойын Чор, Суджа, Тариат, Ырық бітік тәрізді көне түркі руникалық жазба әдеби мұралары мен М. Қашқари еңбектері, Кодекс Куманикус, Қорқыт ата кітабы, Оғызнама, Құтты білік, Ақиқат сыйы, Рабғузи қиссалары, Хұсрау-Шырын, Махаббатнама т.б. орта ғасыр жазба ескерткіштерінің мәтіндері алынды және қазіргі түркі тілдерінің грамматикалары мен жалпы түрде жазылған түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы грамматикалары мен жекелеген түркітанушы В.Радлов, П.Мелиоранский, С.Малов, Ғ.Айдаров, А.Аманжолов, А.Н.Кононов, В.Г.Кондратьев, С.Сағындықұлы, И.Н.Шервашидзе, М.А.Ахметов, А.М.Щербак, И.Стеблева, М.Жолдасбеков, Қ.Өмірәлиев, К.Уғурлу, Б.Орынбай, Ә.Құрышжанов, М.Сабыр т.б. сынды ғалымдардың ғылыми еңбектері жатады. Сонымен бірге Көне түркі сөздігі, М.Қашқари сөздігі, Куманша-қазақша жиілік сөздік, Э.Севортянның түркі тілдері этимологиялық сөздіктері және қазақ, өзбек, түрік, тува, түркімен т.б. тілдерінің түсіндірме сөздіктері де зерттеу материалымыздың көздері болып келеді.

Мақалада баяндалған теориялық тұжырымдар мен тарихи-салыстырмалы деректер практикалық тұрғыдан жоғары оқу орындарында жүргізілетін Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы, Түркітануға кіріспе, Көне түркі тілі, Түркі филологиясы сынды пәндерге қосатын үлесі өте зор.

Ғылыми әдістері. Негізінен тақырыбымызды ашу үшін ең алдымен кешенді түрде зерттеу қажеттілігі туындады. Өйткені, қазіргі түркі тілдеріне ортақ көне түркі руникалық жазба мұралар тілінде қолданылған көмекші сөздердің бүгінгі тілімізге дейін жүріп өткен жолын, тілдік ұқсас-ерекшеліктерін жан-жақты талдап, анықтау мақсат етіледі. Сонымен бірге кейбір көмекші сөздердің түпкі тамыры Алтай дәуірінен туыстасатын (тұңғыс, манчұр, моңғол т.б.) тілдермен де байланысады және басқа типтік тілдердегі

(араб, парсы, славян, т.б.) көмекші сөздерге қатысты айтылған ғылыми негіздермен де салғастырылады. Жалпы кешенді түрдегі зерттеу барысында әдістердің ішінен, әсіресе, диахронды, синхронды, салыстырмалы, сатылай зерттеген тиімді. Олай дейтін себебіміз, қай дәуірдің жазба ескерткіштері болмасын мәтінімен жұмыс жасалынады. Мұнда әдістің тарихи-салыстырмалы мен сатылай түрі басты рөл атқарады. «Жеке тілдердің пайда болу және қалыптасу тарихын тек қана көнеден жаңа дәуірге қарай зерттеу емес, керісінше қазіргі тілдік фактілерге сүйене отырып, қазіргіден көне заманға қарай, жаңадан ескіге, ескіден көнеге, көнеден ежелгі заманға қарай сатылай отырып зерттеген дұрыс» деген тұжырымы ретроспективтік әдістің ұтымдылығын байқатады [1, 66 б.]. Шындығында, «ғылыми негіздер салыстырудан туындайды» деген қағида бойынша көмекші сөздердің көне тілден бастап қазіргі тілімізге дейінгі аралықта, олардың ғылымда қалыптасқан теориялық негіздерін, семантикасын, сөздік құрамы мен морфологиялық құрылымын, синтаксистік қызметі мен әр кезеңдегі (көне түркі және орта ғасыр) тұлғалық қолданылуын және лексика-грамматикалық мағыналарын салыстыру арқылы ғана өзіндік ұқсас-ерекшеліктерін анықтай аламыз. Яғни, Орхон-Енисей, Талас руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі көмекші сөздерді орта ғасыр және қазіргі түркі-қазақ тіліндегісімен салыстыру нәтижесінде, олардың бір тілдің әр кезеңдегі бейнесі ретінде танылатындығына көз жеткіземіз де, тіларалық сәйкестіктерден бір тілдің екі дәуірдегі тарихи-генеосиологиялық көрінісін байқаймыз.

Нәтижесі. Жалпы көмекші сөздердің табиғатын, тілдік болмысын, мағынасын анықтау үшін қолда бар деректі материалдар мен аудармалар негізінде салыстырылып, содан кейін ғана олардың ортақ бір негізі алынды және көне түркі жазба ескерткіштерінің тілін қазіргі қазақ тілімен салыстырған уақытта, орта ғасыр мен қазіргі түркі тілдеріне қарағанда айырмашылықтарынан гөрі ұқсастық пен ортақ белгілері басым болып келеді. Қорыта айтқанда, көне түркі дәуіріндегі көмекші сөздер тобын бүгінгі тіліміздегі көмекші сөздердің бастау көзі немесе негізі деп айта аламыз. Бұл мақалада зерттеу нәтижелерінің үлгісі ретінде көмекші сөздер топтары ішінен тек көмекші етістіктерді ғана алып беріп отырмыз.

Тарихи-салыстырмалы зерттеу, анализдеу нәтижесінде көмекші сөздердің көне түркі руникалық жазба ескерткіштерінде сөз табылық дәрежесінде болғандығы дәлелденіп, олардың көне түркі жазба ескерткіштерінің мәтінінде актив-пассив қолданылуына және мағыналық қызметіне байланысты статистикасы қосымша мәліметте №1-інші кестеде беріледі. Сонымен қатар көне түркі тіліндегі көмекші сөздердің орта ғасыр жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдеріндегі дыбыстық, тұлғалық жақтарынан ұқсас-ерекшеліктері бары №2, №3, №4 кестелерде көрсетілген. Бұл жерде айта кететін мәселе қосымша мәліметтегідей және басқа да кестелер үлгісінде көне түркі тіліндегі көмекші есімдер мен модаль сөздердің және шылаулардың орта ғасыр мен қазіргі түркі тілдеріндегі тұлғалық сәйкестіктері мен ерекшеліктері тарихи-салыстырмалы түрде беріледі. Жалпы кестеден көне түркі тіліндегі көмекші сөздердің барлығы қазіргі түркі тілдеріне ортақ екендігін және орта ғасырда кейбір көмекші сөздердің бір немесе бірнеше тобына ғана қатыстылығын, сонымен бірге әр кезеңнің өзіндік дыбыстық сәйкестіктерін байқаймыз. Жалпы көнеден орта ғасырға, одан қазіргі тілімізге дейін өзгеріссіз қолданылатын көмекші сөздер де жоқ емес. Олардың барлығын ортақтастырып тұрған тектес, төркіндес, туыстас екенін айғақтайтын басты дәлел – «түркі» деп аталатын тілдердің сөздік қоры, бұл тілдер туыстығының басты белгісі, концепциясы болып саналады.

Талқылау. Негізінен тіл білімінде көмекші сөздер морфологиялық тұрғыдан көбірек қарастырылған. Десек те, ғалымдардың пікір-көзқарастары бір арнада емес. Сонымен бірге зерттеу қырлары да бір негізде алынбаған. Алайда кейінгі кездері қоғамдық ғылымдардың қай саласында болмасын, бүгінгі мәселелер мен ежелгі дәстүрлердің арасынан сабақтастық іздеп, тарихтың тереңіне үңілу үрдісі заңдылыққа айналып отырғаны – құптарлық іс. Жалпы қазақ тіл білімінде көне

түркі тіліндегі көмекші сөздер алғаш рет кешенді түрде зерттеу нысаны болғандықтан, осыған дейінгі зерттелген мәселелері ескеріліп, қазақ тіліндегі соңғы теориялық негіздерге сәйкес заңдастырылып отырылады. Сонымен бүгінгі таңда жалпы тіл ғылымында басты-басты деген екі мәселе бой көрсеткені анық. Оның бірі: ежелгі қытай, грек, үнді тілдері қатарынан түркі тілі де орын алып отыр, екіншісі «аналитикалық тілдерде ғана аналитизм болады» деген түсінік өзгеріп, оның үнді-европа тілдері сияқты синтетикалық тілдерге де қатыстылығы дәлелденген еді. Мәселен, көмекші етістіктердің де тілдік жүйеде белгілі бір даму заңдылықтары мен қалыптасу орны бар. Олар тіркесті құрамда лексика-грамматикалық қызметті атқарады. Көбіне морфология аясында қаралып, аналитикалық форманттың бір сыңары деп танылады. Яғни, аналитикалық формалардың теориясы дәлелденгенше күрделі етістік делініп, 1963 жылғы А.Юлдашевтың конференциядағы баяндамасынан кейін тіл жүйесінен өз орнын алды. Мысалы: Бойдақ жылқылар құрықшының оң жағын ала жосып өтіп жатты. Бұл сөйлемде жат көмекші етістігінің лексикалық мағынасы жоқ. Себебі, жат етістігі негізгі «жату» мағынасында емес, көсемшелі өт негізгі етістікпен тіркесіп, қимылдың өту сипатындағы созыңқылық мағынаны білдіретін көмекші қызметінде көрінеді. Аталмыш қимыл мағынаны -іп жат аналитикалық форманты береді. Нақты айтқанда «Аналитизм – күрделі туынды аталым жасалудың ұстанымы емес, ұғымды бірнеше сөздердің тіркесі арқылы таңбалау, күрделі құрылымдық жүйенің дара бірлік ретінде қалыптасуы, әртүрлі мағынаны білдіретін тіркестер, бір номинативті мағына беретін тұлға ретінде жаңа қызметте жұмсалуы, сөйтіп біртұтас тұрақты мағынаға ие болып, лексема ретінде қалыптасуы» деп беріледі [2, 33 б.]. Біз осы негізге сүйене отырып, көмекші етістіктердің аналитикалық мәселесіне қатысын жеке алып қарастырамыз. Қазіргі түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде етістіктің аналитикалық мәселесі жақсы зерттелінген. Сол сияқты үстеу, есім сөздермен тіркесі де құранды етістік ретінде алынады. Әрине, олардың да ғылымда аталуы, негіздері әртүрлі көзқараста болатындығы кездеседі. Мәселен, А.Аманжолов түркі тілдеріндегі барлық туынды етістіктерді тарихи етістіктер деп, көне түркі тілінде біршама құранды етістіктер барын және ғалымдардың әртүрлі көзқарастарын түсіндіре отырып, шартты түрде «глаголы внутреннего объекта аналитическими глаголами» деп атап, негізгі үш топқа бөліп қарастырады [3, 80-96 бб.]. Жалпы бұдан басқа етістіктің аналитикалық формасына қатысты А.А.Юлдашев, Н.Оралбаева, К.Қарымбаева, Ж.Масалиева т.б. сынды ғалымдарымыздың еңбектеріне сүйене отырып, көне түркі және орта ғасыр жазбаларындағы көмекші етістіктердің аналитикалық форманттары мен қимылды білдірудегі сипатын, жалпы тұлғалық нұсқаларын, дыбыстық сипаттамасы мен құрамдық көрсеткіштерін тағы басқа тілдік қасиеттерін анықтадық. Мәселен, түйдекті тіркестің анықтамасын және оған қатысты тіркестің түрлерін алып қарайтын болсақ, көмекші сөздер мен атауыш сөздердің тіркесіне ғана арналмаған. Түйдекті тіркес термин атауы барлығына ортақ қолданылған. Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағманов бірлесіп жазған еңбекте «үйге дейін, ауылдың маңы, оқып жүр т.б.» тіркесімдері түйдекті тіркеске жатқызылмайды. Яғни, атауыш сөз бен көмекші сөз тіркесін сөз тіркесі деп есептемейді. Сөз тіркесі деп «үйге дейін барды, ауылдың маңы терең сай, институтта оқып жүр т.б» дегендерді көрсетеді [4, 19 б.]. Ж.Жампейісова болса, Қ.Жұбанов, М.Балақаев, Н.Оралбаева, Т.Сайрамбаев пікірлерін келтіре отырып, негізгі сөз бен көмекші сөздер тіркесімін «түйдекті тіркес» деп атағанды қолдайды [5, 10 б.]. Дербес сөз бен көмекші сөз тіркесім атауы бір түркітану шеңберінде емес, түркі тілдерімен аталас болып келетін моңғол тілінде де әртүрлі болатындығын Т.Бертагаевтың еңбегінен таныспыз. Ғалым көмекші сөздердің қалыптасуын грамматикалануы тұрғысынан қарастырып, оны «грамматикаланған сөз тіркесі» деп береді [6, 18 б.]. Алайда, аталмыш терминдік атаулардың (түйдекті тіркес, көмекшілі сөз, қосалқылы сөз, грамматикаланған сөз тіркесі т.б.) қайсысы тұрақталып қалатынын уақыт көрсетеді. Біздіңше «көмекшілі сөз» деген терминнің тұрақтанғаны дұрыс болар.

Тіл ғылымы тарихында сөздерді мағынасы мен тұлғасына және түрлену ерекшелігі мен сөйлемдегі синтаксистік қызметіне қарай топтастыру үрдісі – ертеден келе жатқан дәстүр. Жалпы тіл білімінде көмекші сөздердің категориялық негізі «біздің дәуірімізге дейінгі IV-ші ғасырда өмір сүрген Панини» еңбегінен басталып, кейінгі үнді ғалымдарының еңбегінде «сөз алдына қойылатын көмекші сөздер (предлог – unasarga) және демеулік (частица – nipata)» болып жеке-жеке сөз табы ретінде жалғасын табады [7, 6 б.]. Яғни, ерте кездің өзінде-ақ 4 сөз табының 2-і көмекші сөздер болып отыр. Ал түркітану шеңберінде көмекші сөздердің сөз табы немесе сөз тобы дәрежесінде көрінуі Б.Базылханның «күрделі сөз дәуірінде, яғни абстракт сөздер қалыптаса бастаған» [8, 11 б.] дегенімен немесе М.Оразовтың «Тарихқа дейінгі дәуірімен» сәйкеседі [9, 35 б.]. Ал Ғ.Қалиев қазақ тілінің дәуірлеуіне қатысты А.Ысқақовтың нұсқасын жаңаша жіктеу деп, оның тек қана қазақ тіліне емес, сонымен бірге бүкіл түркі тілдеріне қатысты аса күрделі мәселені көтергендігі жайлы сөз етеді және түркі тілдері төрт түрлі даму дәуірінен өткен деген жорамалын береді: 1.Еліктеме (түбіршек) тіл құрылысы дәуірі; 2.Түбір тіл құрылысы дәуірі; 3.Жалғамалық тіл құрылысы дәуірі; 4.Жинақтамалы-талдамалы тіл құрылысы дәуірі [10, 176 б.]. Сонымен көмекші сөздердің қалыптасу тарихының басы ежелгі дәуірде жатқанымен, категория ретінде көне түркі дәуірінде (V-VIIIғ.) толық көрінеді. Орхон-Енисей жазба ескерткіштер тіліндегі көмекші сөздер негізінен қазіргі түркі-қазақ тіліндегісімен сәйкеседі. Олардың ішінде, әсіресе, көмекші етістіктер мен шылау сөздер басқаларына (көмекші есімдер мен модаль сөздер және күшейткіш мағынадағы көмекші сөздер) қарағанда көбірек қолданылған. Әрине, көне түркі тіліндегі көмекші сөздердің құрамы қазіргі түркі тілдерімен салыстырғанда аз болатындығы айтпаса да түсінікті. Бірақ, осыған қарап, олардың категориялдық дәрежесіне немесе сөздік құрамына шек келтіруге болмайды. Өйткені, көне түркі жазба ескерткіштер мәтіндерінің қайсысы болмасын шағын және арнайы сұрыпталып жазылған соң, сол дәуірдегі көмекші сөздердің барлығы дерлік қамтылды деп айта алмаймыз.

Негізгі мәтін. Қазіргі түркі тілдерінің қайсысы болмасын қалыптасу тарихы мен дамуы аса күрделі де қайнары мол, қалың тарих екендігі лингвист ғалымдарға белгілі. Оның әрбір тарихи кезеңіндегі күйін білдіретін жазба материалдар тіл тарихының шежіресі және негізгісі болып қала береді. Мәселен, қазіргі қазақ тіліндегі біршама көмекші сөздердің архетиптері Орхон-Енисей жазба ескерткіштер тілінде кездеседі. Бұндағы айғақ – қазақтың ана тілі өзімен бірге туып, бірге өсіп, дамып келеді деген сөз. Жалпы зерттеу барысында қазіргі қазақ тіліндегі қолданылып жүрген кейбір көмекші сөздердің тарихи таным өрісі кеңейген сайын бағзы бір күрделі немесе көмескі мәселелердің басы ашылып, толығып, өзіндік тілдік жүйеге еніп, меңгеріліп отырылады. Көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі өз алдына бөлек категория болып қалыптаса бастаған көмекші сөздердің лексика-грамматикалық сипатын қазіргі қазақ тіл білімі даму дәрежесіндегі теориялық негіздермен таразылаған уақытта, оның принциптік маңызы мен кумулятивтік қасиеті арта түсетіні сөзсіз. Мәселен, даму мәселесінде екі кезеңдегі көмекші сөздердің құрамынан-ақ өзгешеліктері барын байқауымызға болады. Қазіргі қазақ тілінде жиі қолданыста болатын 30-дан астам көмекші етістік пен 50-ге жуық көмекші есімдерді, 100-ге жуық (вариантты тұлғаларын есепке алмағанда) шылауларды, 40-тан астам (тіркесті түрлерін есепке алмағанда) модаль сөздерді, әрқайсысы отызотызға жуық күшейткіш үстеулер мен нумеративті және әртүрлі көмекші сөздерді айтып жүрміз. Ал көне түркі тілінде он жеті (17) көмекші етістік, 10-нан астам көмекші есім мен модаль сөздер және 20-дан астам шылаулар бар. Олардың жалпы құрамын қосымша мәліметте берілген №5-інші кестеден көре аламыз.

Көмекші сөздердің қайсысы болмасын ауысу процесі кезінде екі жақты қызмет атқарады. Мәселен, көмекші есімдердің әрі атауыштық, әрі көмекшілік қызметте жүруі белгілі бір уақытқа дейін болады. Контекске байланысты басқа сөз табының қызметін де

атқаратындығы белгілі. Түркітануда көмекші есімдердің қалыптасу дәрежесі де әртүрлі болып келеді. Яғни, бір топ ғалымдар көмекші есімдерді өз алдына жеке категория ретінде есептесе, енді бірі септеуліктердің қатарына қосып қарайды. Алайда, семантикасы жағынан көмекші есімдер шылау сөздерден біршама жоғары. Олар белгілі бір заттың не заттық құбылыстың, не уақыт, мерзім немесе уақиғаның іші, сырты, маңы, ортасы т.б. сияқты ұғымдарды білдіру дәрежесіне көшкен де, негізгі сөздермен тіркесіп барып қана сөйлемнің күрделі мүшелерінің құрамына енген болып отыр. Соның өзінде бастапқы лексикалық семантикасынан бүтіндей алшақтай қоймаған сөздер дейміз. Өйткені, олар кейде дербес мүше қызметінде де қолданыла алады және көмекші есімдерге көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғаулары жалғана береді. Жалпы қазіргі әдеби тіліміз ұзақ динамикалық дамудың және тілдік интерференциялық ықпалының нәтижесінде (немесе монодиафоникалық) қалыптасқан. Ә.Нұрмағанбетов сөзімен айтқанда: «Қоғамның әр дәуірінде дамуына қарай сөз мағынасы да соған сәйкестене отырып, ілгері дами түседі. Ертеде қалыптасқан қағида бойынша, тілдің негізгі өлшемі, негізгі категориясы – сөз екендігін еске алсақ, тіл тарихы дегеніміз – соны құрастырған сөздер тарихы» [11, 3 б.]. Яғни, көмекші есімдер тарихын алғашқы құрастырған сөздерден бастау керек деген сөз. Орхон-Енисей жазба мұраларында көмекші есімдер саны көп емес және қолданылу жиілігі жағынан да белсенділік танытпайды. Бірақ, олар – орта ғасыр жазбаларында активтенген. Қазақ тіл білімінде бірде үстеу, бірде шылау қатарында жүрген есімдердің «көмекші есімдер» деп аталуы мен жеке қарастырылуы А.Ысқақовтан басталады [12, 36 б.]. Ғалым көмекші есімдер атауын Н.К.Дмитриевтің «Служебные имена» дегенімен байланыстырады [13, 144 б.]. Сөйтіп 1950 жылдан былай көмекші есімдер жеке тарау ретінде көріне бастайды. Кейінірек көмекші есімдерді В.А.Исенгалиева, М.Оразов, Р.Досжан, В.М.Насилов, А.М.Самойлович т.б. сынды ғалымдарымыз арнайы зерттеген.

Түркітанымда модальдық категорияның теориялық негіздері орыс тілі зерттеулерінің нәтижесінде қалыптасқан. Онда модаль сөздерді дербес сөз табы ретінде қарау XIX ғасырдың орта тұсынан басталады. XIX-XX ғасыр аралығында орыс грамматикасындағы сөздерді таптастыруда негізінен 4 түрлі бағыттың болғандығы көрсетіледі. Жалпы алып қарайтын болсақ, модаль сөздер неміс, ағылшын, орыс т.б. тілдерімен арнайы салғастырып зерттелінген. Қазақ тіл білімінде «Грамматикада модальдық мағына ойды айтудың мақсатты бағытын білдіреді (көз жеткізу, сұрақ-сауал, күдік-күмән, бұйыру немесе айтылған ойға айтушының жеке өзіндік көзқарасы т.б.)» деген негізде зерттелініп келеді [14, 308 б.]. Қазақ ғалымдарынан Е.Жанпейісов, С.Исаев, Т.Сайрамбаев, О.Төлегенов, Г.Медетова, М.Зайнуллин, Қ.Мамадилов, С.Құлмановтарды т.б. атап өтсе болады. Мәселен, С.Құлманов зерттеуінен модальділік ұғымы Аристотельдің «пайымдау модальдігінің» түрлері жөніндегі формальды-логикалық ілімінен бастау алатынын, модальдік мағыналарсыз сөйлем болмайтынын, сөйлемнің эксплицитті екі бөліктен тұратынын, тіл біліміне алғаш модальдік терминін В.Виноградов енгізгенін және тағы басқа зерттеу нысаны бойынша кең түрде мәлімет береді [15, 7-28 бб.]. Түркі тілдерінде көмекші сөздер ішінде модаль сөздердің мәселесі бүгінгі күнге дейін ортақ негізде жүйеленген емес. Дегенмен жоғарыда аты аталған ғалымдарымыздың еңбектеріне сүйене отырып, олардың көне түркі және орта ғасыр тіліндегі формаларын, қолданылуын, модальділігін қазіргі түркі тілдеріндегі негіздермен салыстырылып қарастырылды.

Көмекші сөздердің ішінде шылау сөздер ғана тарихи тұрғыдан біршама қарастырылған. Нақты айтқанда, көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шылаулардың қалыптасуы мен даму факторлары, тарихи құрамы мен лексика-грамматикалық мағыналары, ғылыми этимологиясы, сонымен бірге өзге сөз таптарының шылаулануы мен синтаксистік қасиеттері қазақ тілімен тікелей салыстырылып, лингвистикалық тұрғыдан бағаланған болатын. Мәселен, Ф.Зейналов В.Юриннің «егер лексикалық мағына болмаса, онда грамматикалық мағына да жоқ. Сол себепті көмекші сөздердің лексикалық мағы-

насы болмау керек» дегенін айта келе, сөйлем ішінде шылау сөздердің әртүрлі синтаксистік қатынасты білдіруіне орай оларды лексика-грамматикалық единица ретінде сипаттауға болатындығын айтады [16, с. 28]. Бұл пікірді жоққа шығаруға болмайды. Осы тұжырым негізінде шылаулардың орта ғасыр тіліндегі қолданыстары мен тілдік ерекшеліктері назарға алынып, белгілі болған көне түркі тіліндегі формаларының тіркесімді түрлері мен синонимдік қатарлары түркі-қазақ тілімен салыстырылып, дыбыстық, тұлғалық ұқсас-ерекшеліктері зерделенді.

Көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тілінде көмекші сөздер тобының (көмекші есім, көмекші етістік, шылау, модаль сөздер) барлығы қолданылған. Олардың қалыптасуы мен даму тарихы, орта түркі мен қазіргі түркі тілдеріндегі тұлғалары және тіркестегі лексика-грамматикалық мағыналары мен аналитикалық форманттары бары салыстырылып, кешенді зерттеудің нәтижесінде қол жеткізілді. Сонымен қатар жазба ескерткіштердің мәтіндерінде аз-көп қолданылуына байланысты статистикасы жасалынды. Барлық сөздерді таптастырудағы ұстаным бойынша көмекші сөздер де семантикалық, морфологиялық және синтаксистік белгілеріне қарай топтастырылады. Осы үш ұстанымның ішінде көмекші сөздердің семантикалық жағы қай тілде болмасын шешімін толық тапқан жоқ. Яғни, олардың лексикалық мағынасы болмайды деген пікір басымырақ келгенімен, нақты шешуші немесе тұрақты пікірге де айналған жоқ. Мәселен, ғалымдарымыздың бірі көмекші сөздерде әрі лексикалық, әрі грамматикалық мағына болады деген пікірді ұстанады. Біздіңше, мұндай екі жақты көзқарастың болуына көмекші сөздердің әртүрлі дәрежелігі себеп болған. Сондықтан көмекші сөздерде лексикалық мағына мүлде жоқ дегеннен гөрі, лексика-грамматикалық мағынаны тұтастай меңгерген сөздер тобы деген дұрыс болады. Жалпы С.Аманжоловтың: «Бүкіл адамзаттың тілін алсақ та, жеке халықтың тілін алсақ та атқаратын қызметі, даму жолы біркелкі. Бұл біркелкілік негізінде халық пен халықтың, ру мен рудың үнемі қарым-қатынаста болуынан туады. Тіпті жер жүзінде бірімен-бірі қарым-қатынасқа түспеген бірде-бір тіл жоқ. Бүкіл әлемдегі тіл, барлық халық бір бүтін материя сияқты. Олардың тіршілігіне байланысты бірінің табысы екіншісіне, екіншісінің табысы үшіншісіне ортақ болып отырады» деген сөзімен түйіндесек болады [17, 65 б.]. Яғни, кез-келген материя сияқты тіл де әртүрлі құрылымдық-семантикалық бірліктерден құралған, бірақ бір жүйеге түскен, ортақ мақсатқа бағытталған ерекше құрылым ретінде танылады. Мұны көмекші сөздердің өз алдына топ болып қалыптасуынан көруге болады. Сөйтіп тіліміздегі дербес сөздердің грамматикалық даму нәтижесінде алғашқы лексикалық мағынасынан толықтай не жартылай айырылып, атауыш сөздердің алдында тұрып немесе соңынан тіркесіп келіп лексика-грамматикалық мағына үстейтін, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын, өз алдына жеке тұрып сөйлем мүшесі бола алмайтын сөздерді көмекші сөздер дейміз деген түйін-тұжырымдамасы келіп шығады.

Қорытынды. Жалпы көмекші сөздер концепциясы қазақ тіл білімі тарихында ХХ ғасырда қалыптасқан. Ешбір концепция өздігінен пайда болмайтындығы белгілі және оған әртүрлі таным арқылы қол жеткіземіз. Мәселен, түркі тілдерінде көмекші сөздер концепциясы сөздерді сөз таптарына топтастыру принциптері негізінде пайда болды. Олар семантикалық тұрғыдан лексикалық сипаттағы топтар болып есептеледі. Өйткені, атауыш сөздер де, көмекші сөздер де морфологиялық түрлену жағынан ұқсас келеді. Ал лексика-семантикалық белгі негізінде сөздердің мағынасы бір-бірінен ажыратылады. Сол себептен көмекші сөздерде семантикалық принцип басты рөл атқарады. Түркітануда көмекші сөздердің бірі сөз табының (көмекші есімдер, көмекші етістіктер, күшетпелі үстеулер) құрамды бір бөлігі болса, енді бірі сөз табы (шылау, модаль сөздер) дәрежесінде көрінеді. Яғни, категорияльдық жағынан да бірдей емес. Бұдан да басқа сөз ететін (сөздік құрамы, дербес мағыналы сөз бен көмекші сөз тіркесімінің ортақ атауы, т.б.) мәселелері бар. Кейбір еңбектерде көмекші сөздердің категориялды негіздері және атаулары мен құрамы әртүрлі болып келеді және лингвистикада

сөздің түбір семантикасына әсер ететін түрлерін лексика-грамматикалық категория деп, түбір семантикасына ешбір әсер етпей, оған қосымша мән үстейтін түрлерін таза грамматикалық категория десек, онда екі топ та көмекші сөздердің концепциясын айқындауда негіз бола алады. Мәселен, ғылымда сөз таптарының тарихи көзі сонау біздің эрамызға дейінгі IV ғасырдан басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасымын табады және сөз таптарына жіктеу сол заманнан бері қарастырып келе жатса да, тілтілде әлі де болса сөз таптарына бөлу, сөздерді топтастыру жағынан нақты нүктесі қойылмаған. Бүгінгі бай әдеби тіліміздің негіздері осыдан XVI ғасыр бұрын жазылған көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тілінен бастау алатыны анық. Жалпы көне түркі дәуірімен салыстырғанда орта ғасырдағы көмекші сөздер біршама дамыған. Мұнда жазба мұралар әртүрлі диалектілік нышандарда көрінгенмен, көмекші сөздердің табиғаты «біртұтас түркі тілі» деген концепцияға саяды. Бірақ, экстралингвистикалық, интралингвистикалық құбылыстардың әсерінен кейде оғыз, кейде қыпшақ, кейде қарлұқ элементтері басым болып келеді. Ендеше көмекші сөздердің тілдік сипатын көнеден бастап бүгінгі тілімізге дейін салыстырып зерттеу – өзекті мәселелердің бірі және өткен XVI ғасыр аралығындағы тілдік ұқсас-ерекшеліктерін анықтау – қазіргі түркі-қазақ тіл білімінің көне тілді меңгерудегі қажеттілігі деп түсінген абзал. Қорыта айтқанда, қазіргі түркі тілдеріндегі кейбір көмекші сөздер транспозиция, конверсия тәсілдері арқылы іске асады. Ал шығу төркіні жағынан алып қарағанда, көмекші сөздердің бәрі дерлік атауыш сөздерден ұзақ жылдар бойы сұрыпталып, лексика-грамматикалық және қолданылу аясы жағынан әбден өрістеп, ерекшеленіп қалыптасады. Яғни, көмекші сөздер концепциясының негізі ежелгі дәуірде жатқанымен, категориялды дәрежесі дәлелді материал бойынша көне түркі дәуірінен басталады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Өміралиев Қ., Ибатов Ә., Жұбанов Е. Тіл тарихы – тілдің өз қойнауында // Қазақ тілі мен әдебиеті. Алматы, 1991. №3. 64-70 бб.

2. Қасым Б.Қ. Қазақ тіліндегі күрделі сөздердің уәждемесі мен аталымы. Алматы, 2001. -183 б.

3. Аманжолов А.С. Глагольное управление в языке древнетюркских памятников. -М.: Наука, 1969. -104 с.

4. Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі. Алматы: Санат, 1997. -319 б.

5. Жампейсова Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі түйдекті тіркестер. Филол. ғыл. канд. дис. авторефераты. Алматы, 2007. -25 б.

6. Бертагаев Т. А. Синтаксис современного монгольского языка. М.: Наука, 1964. -280 с.

7. Мұхтаров С.С. Қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру теориясының қалыптасуы. Филол.ғ.к. диссер. авторефераты. Алматы, 1999. -30 б.

8. Базылхан Б. Алтай төркіндес тілдердің ортақтығы туралы мәселе. Алматы: ҚРҒМ-ҒА хабарлары. Тіл/әдебиет сериясы, 1996. №2.

9. Оразов М. Қазақ тілі тарихын дәуірлеу мәселесі. Алматы: ҚРҒМ-ҒА хабарлары. Тіл/әдебиет сериясы, 1996. №4. -35 б.

10. Қалиев Ғ. Қазақ тілінің шығу тарихы туралы жаңа еңбек // Қазақстан жоғары мектебі журналы. Алматы: №2. 2000. -174-177 бб.

11. Нұрмағанбетов Ә. Бес жүз сөз. Алматы, 1994. -304 б.

12. Исқақов А. Көмекші есімдер. Халық мұғалімі. Алматы: Оқу құралдар баспасы. -1948. № 9. -36 б.

13. Дмитриев Н.К. Служебные имена в турецком языке // Строй тюркских языков. М.: Восточная литература, 1962, -606 с.

14. Реформатский А.А. Введение в языкознания. 5-ое изд. Учебник для вузов. М.: Аспект Пресс, 2007. -536 с.

15. Құлманов С. Қазақ тіліндегі мүмкіндік модалдігінің функционалды-семантикалық өрісі. Филол. ғыл. канд. дис. автореферат. Алматы, 2004. -33 б.

16. Зейналов Ф. Служебные части речи в современных тюркских языках. Автореферат докт. дис. филол. наук. Баку, 1966. -84 с.

17. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. Алматы: Ғылым, 2002. -368 б.

Қосымша мәліметтер

Көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тілінде қолданылған көмекші етістіктердің жалпы сандық көрсеткіші мен қызметі

№1 кесте

№	Көне түркі тұлға-сы	КТ	ТҚ	БҚ	ҚҚ	МЧ	КЧ	ТТ	С	ЫБ	МОЕ	МЕЕ	ЕС	ЖС	Кон-текстік қызметі
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11			
1	Ал	13	1	13	3	4	1	2	--	2	--	1	9	40	ҚЕ; АФ
2	Бар	15	10	16	3	11	2	4	1	22	9	8	11	101	ҚЕ; АФ
3	Бер	19	4	22	3	7	1	2	2	2	1	2	11	65	ҚЕ; АФ
4	Бол	36	14	30	4	5	4	6	1	21	6	3	11	130	ҚЕ
5	Ер	70	64	57	10	4	6	2	3	3	4	23	11	246	ҚЕ; АФ
6	Елт	2	1	2	--	--	--	--	--	1	--	1	5	7	АФ
7	Ет/іт	7	6	12	1	6	2	6	--	1	1	1	10	43	ҚЕ
8	Йор	7	8	7	1	15	--	5	--	8	1	--	8	52	ҚЕ; АФ
9	Кел	21	25	25	2	22	6	1	1	15	1	1	11	120	ҚЕ; АФ
10	Көр	8	3	8	1	3	1	--	2	4	--	2	9	32	ҚЕ; АФ
11	Қал	5	6	3	1	4	--	--	--	4	1	7	8	31	ҚЕ; АФ
12	Қыл	17	1	17	3	4	--	--	--	--	--	3	6	45	ҚЕ
13	Олур	19	12	10	--	5	2	4	--	5	8	1	9	66	ҚЕ; АФ
14	Те/ті	18	51	21	10	19	1	2	--	67	--	1	9	190	ҚЕ; АФ
15	Тур	1	--	--	--	1	--	1	--	12	--	--	4	15	ҚЕ; АФ
16	Түс	1	2	--	--	9	--	--	--	2	--	2	5	16	АФ
17	Ыт	6	7	7	1	9	1	--	--	1	--	1	8	33	ҚЕ; АФ
ЕЖС		265	215	250	43	128	27	35	10	170	32	57	1232		
Мәтіндегі сөз саны		2145	1211	2425	258	933	330	590	67	1291	207	1695	11152		

Қысқартылған шартты атаулар мағынасы: АФ – аналитикалық формант. ҚЕ – құранды етістік. ЕС – ескерткіш саны. ЖС – жалпы саны. ЕЖС – ескерткіштегі жалпы саны. КТ – Күлтегін. ТҚ – Тониқұқ. БҚ – Білге қаған. ҚҚ – Құтлық қаған. МЧ – Мойын Чор. КЧ – Күлі Чор. ТТ – Тариат. С – Суджа. ЫБ – Ырық бітіг. МОЕ – Майда Орхон ескерткіштері. МЕЕ – Майда Енисей ескерткіштері.

Көне түркі мен орта түркі және қазіргі түркі тілдеріндегі көмекші етістіктердің тұлғалық нұсқалары

№ 2 кесте

№	Көне түркі	Орта түркі тілдеріндегі тұлғалық нұсқалары	Қазіргі түркі тілдеріндегі тұлғалық нұсқалары
1	Ал	ал	ал, әл, ол, ил, ыл
2	Бар	бар, вар	бар, бор, вар, пыр, пар, баар
3	Бер	бер, вер	бер, вер, бир, бәр, пар, пер, биэр, пир
4	Бол	бол, ол, бул	бол, ол, бул, пул, пол, буол
5	Ерті ерміш	ерді, ерди, иді, еді, ирди еркен, еркән, еркан, еген, икан, екен, екан, ерміш, ирмиш	ерди, иди, еді, иде, ине, еди, эди, эле, этэ, иик, эрген, ергин, иргин, имиш, икән, икен, экен, екен, экән, экан, екән, иккан
6	Елт	елт	елт, еліт, илет, илт, элт
7	Ет/іт	ет, ид	ет, эт, ит, ат, әт, ед
8	Йор йүр	йор, йүр, жүр, иур	йор, йүр, йөр, ийи, жүр, юр, джюр, йур, сүр, чор, ис, чөр, дьүр
9	Кел	кел, гел	кел, кәл, гел, кил, кэл
10	Көр	көр, кур, гөр	көр, гөр, кёр, күр, кур
11	Қал	қал	қал, кал, гал, қол, хаал
12	Қыл	қыл	қыл, кыл, қил, гын, қын
13	Олур	отур, отыр, олтыр, олтур, олтор	отур, отыр, олтыр, олтур, утыр, ултыр, отир, олтир, лар, одур, одыр, олор, олур
14	Те/ті	те, де, ди	те, ті, де, дий, ди, ти, диэ, дэ
15	Тур/тұр	тур, тұр, дур	тур, тұр, дур, тор, тар
16	Түс/ш/	түс, түш, дүш	түс, түш, дүш, төш, тис, туш, чүш
17	Ыт/ыс	ыз, ыд, ыс, ый, ійіб, йебер, жібер, йибер, йібер, йибар	ибер, жібер, жибер, йибер, джибер, жибәр, йібәр, ебәр, йивер, иубор, ыс, ыт, ийи

Көне түркі тіліндегі көмекші етістіктердің орта ғасыр және қазіргі түркі тілдеріндегісімен салыстырғандағы дыбыстық сәйкестіктері

№3 кесте

№	Көне түркі	Орта түркі тіліндегі дыбыстық сәйкестігі			Қазіргі түркі тілдеріндегі дыбыстық сәйкестігі		
		басы	ортасы	соңы	басы	ортасы	соңы
1	Ал	----	----	----	а~ә~о~и~ы	----	----
2	Бар	б~в	----	----	б~в~п	а~о~ы~аа	----
3	Бер	б~в	----	----	б~в~п	а~е~и~ә~иэ	----
4	Бол	б~о	о~у	----	б~п	о~у~уо	----
5	Ерті	ер~е~и		і~и	ер~е~и~э	т~д~и~н~л	і~и~е~э~к
6	Ерміш	ер~е~и	к~г е~ә~а і~и	----	ер~е~и~э	е~ә~и~а к~г~кк	----
	Елт	----	----	----	е~и~э	і~е	----
7	Ет/іт	е~и	----	т~д	е~э~и~а~ә	----	т~д
8	Йор йүр	й~ж~и	о~ү~у	----	й~ж~и~с~ ч~ю~дж~дь	о~ү~ө~й~ю	р~и~с
9	Кел	к~г	----	----	к~г	е~ә~и~э	----
10	Көр	к~г	ө~у	----	к~г	ө~ё~ү~у	----
11	Қал	----	----	----	к~к~г~х	а~о~аа	----
12	Қыл	----	----	----	к~к~г	ы~и	л~н
13	Олур	ол~о ол~от	у~ы	----	о~у ол~ул~л	т~д~л а~и~о~у~ы	----
14	Те/ті	т~д	----	е~и	т~д	----	е~і~э~и~ий- ~иэ~э
15	Тур/ тұр	т~д	у~ұ	----	т~д	у~ұ~о~а	----
16	Түс/ш/	т~д	----	с~ш	т~д~ч	ү~ұ~у~и~ө	с~ш
17	Ыт/ыс	ы~ій~й- е~жі~й- и~йі	---- е~а	з~д~с~й	ы~и~жі~е~ иу~жи~ий~ джи~йі	е~ә~о б~в	с~т

Көне түркі тіліндегі көмекші етістіктердің қазіргі түркі тілдеріндегі тұлғалық көрінісі

№ 4 кесте

№	Көне түркі	Өзгерген нұсқасы	БАТЫС ҒҰН	ШЫҒЫС ҒҰН	Өзгерген нұсқасы
			түркі тілдері	түркі тілдері	
1	Ал		қазақ, қарай.,құм., тат., караш., қ.тат., башқ., қ.қалпақ, түрік, ноғ., ұйғ., азерб., түркім., гаг.	тува, хакас, шор, қырғыз, алтай, тофа, чұлым, ойрат	
		ол, ил, әл	өзбек; чуваш, ұйғыр (диалект)	якут	ыл
2	Бар		қазақ, қарайым, құмық, карашай, қ.татар, татар, башқ., ұйғ., түркімен, қ.қалпақ, ноғай	якут, тофа, алтай, қырғыз, ойрат	
		бор, вар, пыр	өзб.; азерб., түрік, гаг.; чуваш	шор,хак., чұл.; тува	пар, баар
3	Бер		қазақ, қарай., карашай, қ.татар, қ.қалпақ, ноғ., түркім., өзб.	тува, тофа, алтай, қырғыз, ойрат	
		вер, бир бәр, пар	азерб., түрік, гагауыз; татар, башқұрт, құмық; ұйғыр; чуваш	шор, чұлым; якут; хакас	пер, биэр, пир
4	Бол		қазақ, қарайым, карашай, қ. қалпақ, ұйғ., ноғай, түркімен	тува, тофа, алтай, қырғыз, ойрат	
		ол, бул, пул	азерб., түрік, гаг., қ.татар; татар, башқ., құмық, өзб.; чув.	шор, чұлым, хакас; якут	пол, буол
5	Ерті, ерміш		түркімен (ерди)	тува(эрген), якут (эр)	
		иди, еді, иде, ине, еди, эди	азерб., түрік, гаг., чув.; қазақ; тат.;башқ.;қ.қалпақ,ноғ.,караш., ұйғ.; қарай., құм., өзб., қ.татар	чұлым, шор, алтай, хакас; қырғыз; тофа, ойрат	эди, эле, иик, еди
		икэн, икен, экен, екен, экэн, икан, экан, екэн, иккен	азер., гагауыз; түрік; ноғай, карашай, түркімен; қарақалпақ, қазақ; қарайым, құмық, қ.татар; татар, башқ.; өзб.; ұйғ.; чуваш;	алтай, қырғыз; шор; чұлым, ойрат	экен, экэн, екен
6	Елт		қазақ, қарай., қ.тат., құм., башқ., түркім., қ.қалпақ, ұйғыр	----	----
		илет, илт	түрік; ноғай, карашай, татар, башқұрт, өзбек	қырғыз, алтай, якут	элт, илт
7	Ет/іт	эт, ит, ат, әт	қазақ, қ.татар, башқ., қ.қалпақ, гагауыз, түрік, азербайжан, ноғай, карашай, өзбек, қарайым, түркімен; құмық, татар; чуваш; ұйғыр	чұлым, ойрат, хакас, қырғыз, алтай, якут; тува, тофа; шор	эт, ит, ед
8	Йор йүр		түркімен, татар, башқұрт, түрік, гагауыз, ұйғыр	алтай	

		йий, жүр, юр, джюр, йур, сүр	азербайжан; қарақалпақ, қазақ; құмық, өзбек, ноғай; карашай; қарайым; чуваш; қ. татар	тофа, тува; якут; ойрат; шор, хакас, чұлым; қырғыз	чор, ис, сы-рыт,дьүр, чөр, жүр
9	Кел		қазақ, қарайым, карашай, қ. татар, қарақалпақ, ноғай	тува, ойр., қырғ., алт.,шор,тофа, чұл.	
		кәл, гел, кил	азерб., өзбек, ұйғыр; түрік, гагауыз, құмық, түркімен; татар, башқұрт, чуваш	хакас; якут	кил, кэл
10	Көр		қазақ, қ.татар, ұйғыр, ноғай, азербайжан	тув., хак., шор, як., ойр., тоф., алт., қырғ., чұл.	
		гөр, кёр, күр, кур	түрік, гаг., құмық, түркімен; қ.қалпақ, карашай, қарайым; өзб., татар, башқұрт; чуваш	----	----
11	Қал		қазақ, қарақалпақ, ұйғыр,	алтай, чұлым	
		кал, гал, қол	азерб., құмық, ноғай, қарай-ым, қарашай, татар, башқ., түркім., чуваш, қ.тат.; гаг., түрік; өзбек	қырғыз, шор, тува,ойрат, тофа, хакас; якут	кал, хал хаал
12	Қыл		қазақ, ноғ., қарашай, қ.қалпақ	алтай, чұлым	
		кыл, қил	қарай., түркім., құмық, татар, башқ., чув., қ.тат.; ұйғ., өзбек	қырғ., шор, тув., ойр.,хак.; як.; тофа	кыл, гын, қын
13	Олур		----	тува, тофа	
		отур, отыр, олтыр, олтур, утыр, ултыр, отир, олтир, лар	азерб., гаг., түрік, түркімен, қ.татар; қарайым, қ.қалпақ, қазақ; ноғай; құмық, қарашай; татар; башқ.; өзб.; ұйғ.; чуваш	қырғыз, ойрат, чұлым; алтай; шор; хакас; якут	отур, отыр, одур, одыр, олор
14	Те/ті		чуваш	хакас, шор	
		де, дий, ди, ти	азерб., түрік, гаг., қ.қалпақ, ноғ., құм., қазақ, ұйғ., караш., өзб.; қ.тат.; түркм.; қарай., тат.; башқ.	қырғыз, тува, чұлым, ойрат, алтай; якут; тофа	де, диэ, дэ
15	Тур тұр		қазақ, қарайым, құмық, қара-шай, ұйғыр, қ.татар, қарақал-пақ, ноғай, өзбек	тува, хакас, шор, якут, қырғыз,ал-тай, тофа, чұлым, ойрат	
		дур, тор, тар	азерб., гаг., түрік, түркімен; татар, башқұрт; чуваш	----	----

16	Түс, түш		қазақ, қарашай, қ.татар, қарақалпақ, ноғай	хак., шор, як., қырғ., тоф., чұл., ойр.	
		дүш,төш, тис, туш, чүш	азерб., түрік, гаг., түркм.; татар, башқұрт; қарайым; өзбек, құмық; ұйғыр	тува, алтай;	дүш
17	Ыт/ ыс		----	тува, якут, тофа	
		ибер, жібер, жибер, йибер, ебәр, джибер, жибәр, йібәр, йивер, иубор	түркімен; қазақ; қ.татар, қарақалпақ; қарайым, ноғай; ұйғыр; қарашай; татар; башқұрт; құмық; өзбек	шор, чұлым, алтай, хакас; қырғыз; ойрат	ыс, жибер йи

Көне түркі мен қазіргі қазақ тіліндегі көмекші сөздердің құрамы

№5 кесте

№	Атауы	Көне түркі тілі	Қазіргі қазақ тілі
1	Көмекші етістік	ал, бар, бер, бол, елт, тур, ер, ет, йор, кел, көр, қал, қыл, олур, те, ыт, түс /17/	ал, бол, бер, бар, кел, жүр, жат, тұр, отыр, еді, екен, емес, де, ет, жазда, қой, баста, таста, түс, қал, қыл, көр, жібер, сал, біл, бақ, шық, қара, кет, біт т.б. /30-дан астам/
2	Көмекші есімдер	қоды, орту, учы, тегіре, ара, алты, үзе, өңү, ічі, башы, тушы, төпесі /12/	айналасы, ақыры, алды, арасы, арқасы, арты, асты, ауызы, аяғы, басы, баурайы, беті, бойы, етегі, жаны, жиегі, жүзі, жағы, жағасы, көлеңкесі, қапталы, қасы, қарсы-сы, қыры, маңы, орны, ортасы, соңы, сырты, табаны, төбесі, төсінде, төңірегі, турасы, тұсы, түбі, тысы, ұшы, үсті, шеті, іші, іргесі т.б. /50-ге жуық/

3	Шылау сөздер	үчүн, сайу, че, тапа, ру/ рү, тегі, кісре, өтрү, аша, артуқ, өңре, кідін, ұдұ, бірле, қына, оқ/өк, күк, та/де, му/ба, түгүл, йеме, азу /22	Жалғаулық: мен/бен/пен, және, да/де/та/те, әрі, бірақ, алайда, дегенмен, әйткенмен, әйтпесе, десек те, сонда да, онда да, әлде, біресе, не, немесе, болмаса, я, яки, кейде, бірде, бірі, себебі, сол себепті, сондықтан, өйткені, егер, егерде, онда; Септеулік: үшін, сайын, сияқты, секілді, сықылды, тәрізді, іспетті, туралы, жайлы, турасында, жайында, жөнінде, арқылы, бойы, бойымен, бойынша, шамалы, шақты, қаралы, дейін, шейін, таман, қарай, салым, аса, жуық, тарта, таяу, кейін, соң, гөрі, бері, бұрын, әрі, бетер, бірге, қатар, қоса, қабат; Демеулік: ма/ме/па/пе/ба/бе, ше, әсіресе, да/де/та/те, қана/ғана, түгіл, тұрсын, тұрмақ, құрлы, ғұрлым, қой/ғой, тек, екеш, -мыс/-міс, -ау, -ай, -ақ, -ты/-ті/-ды/-ді т.б. /100-ге жуық/
4	Модаль сөздер	бар, йоқ, кергек, аз, қоп, үкүс,ерінч, ерміш, ерті, күк /10/	бар, жоқ, аз, көп, керек, тиіс, қажет, мүмкін, шамасы, анығында, әрине, әлбетте, асылы, түрі, секілді, тәрізді, сияқты, тегі, сынды, жобасы, қисыны, рас, шын, бәлкім, ықтимал, білем, шығар, көрінеді, екен, еді, кім біледі, түрі бар, дейді, болар, ғой, ма/ме, т.б. /40-тан астам/
Жалпы саны		60-тан астам	200-ден астам

Олжас САРЖАЕВ
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының докторанты. Османлы түркі тілінің және қазіргі түрік тілінің маманы.
osmantarazi@gmail.com

Перизат БАЛҒАБАЙҚЫЗЫ
Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің «қазақ филологиясы» мамандығының 2-курс студенті.

Ж.БАЛАСАҒҰННЫҢ «ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫ МЕН Н.МАКИАВЕЛЛИДІҢ «ТАҚСЫР» ТРАКТАТЫНДАҒЫ БИЛЕУШІ ОБРАЗЫ

Жүсіп Баласағұн 1015-1016 жылдары Жетісу өңіріндегі Шу өзені бойындағы Баласағұн (Кұзорда) қаласында туылған түркі жұртының кемеңгері. Ол түркі, парсы, тәжік, соғды бастауларынан білім алған терең ойшыл. Жүсіп Баласағұнидің тарих қатпарларындағы ең ұлы шығармасы –«Құтты білік» дастаны. Түркияның белді ғалымы Рашид Рахмати Араттың мәліметіне сүйенсек, Ж.Баласағұн аталмыш еңбекті елу төрт жасында жазыпты. Ойшыл өз еңбегін екі ғасырлық тарихы бар Қарахан мемлекетінің билеушісі Сатұқ Боғра хан Жүсіп Баласағұнның осы еңбегін жоғары бағалап, оған «Хас Хажиб» деген атақ береді. Шығарманың өзектілігі сонша, басқа да мемлекеттердің билеушілері туындыны көшіріп алып, Фирдоусидің «Шахнама» кітабының қасына қойып, «Түркі Шаһнамасы» деген атақ берді деген деректер де бар. Мәселен, профессор Ә.Нысанбаев «Құтты білік» сол заманда Қарахан мемлекетінің Ата заңының орнында жүрді» – дейді [1, 28 б.].

«Құтты білік» – халықты, елді басқаруға қажет, билеуші бойынан табылу керек қасиеттерді дөп басып айтқан туынды. Онымен қатар, ғалым, профессор Алма Қыраубаева: «Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» дастаны әділетті, құтты мемлекеттің үлгісін жасаған» – дейді [2]. Бүгінде бұл шығарманың үш нұсқасы бар: Веналық нұсқа (1439 ж.), Каирлық нұсқа (1895 ж.), Намаған нұсқасы (1939 ж.). Біз осылардың ішінде Намаған, яғни Ферғана нұсқасы бойынша оқиға желісіне қысқаша шолу жасайық. Күнтуды атты ел қорғаны бар мемлекет өзінің ырысты да ынтымақты тіршілігін жасайды. Дәл осылай елдің ынтымақтастықта өмір сүруі ел қорғанының бар екендігін көрсетеді. Күнтудыға ел

басқаруға көмектескісі келген тағы бір азамат- Айтолды өз ақылының арқасында ханның сеніміне кіреді. Жалғанда ештеңенің мәңгілік еместігі бәрімізге аян. Күндердің күнінде Айтолдының көрер жарығы бітіп, өмірімен қошайтысады. Бірақ Айтолдының Өгдүлміш деген баласы әке жолымен өз еліне қамқор болуды ойлап, Күнтудының шақыруын қабыл етіп, ақыл-парасатының көмегімен елінің өркендеуіне өз үлесін қосады. Өгдүлміштің елмен бірге мұңын мұңдап, ел қамын жеп жүрген немере ағасы бар еді. Дегенмен, Одғұрмыш ел басқарудан бас тартып, алпыс үш жасына келгенде жер астына (қылуетке) түседі де, жасы жетіп ол да қайтыс болады. Өгдүлміш ағасы Одғұрмыштың артында қалған құмыра мен асатаяқты алады. Құмыраны өзіне қалдырып, асатаяқты ханға береді. Аға өсиетіне сыза түсірмей, адал қызметін жалғастыра берді. Жүсіп Баласағұни төрт кейіпкер (Әділет, Бақыт, Ақыл, Қанағат) арқылы төрт тілекті көрсетіп тұр. Профессор Жақыпбек Алтаевтың пікірі бойынша: «Құтты білік» поэмасының басты идеясы төрт қағидаға негізделіп жазылған. Біріншісі – мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы, екіншісі – бақ-дәулет, яғни елге құт қонсын деген тілек, үшіншісі – ақыл-парасат, төртіншісі – қанағат, ынсап мәселесі» – деп көрсетеді. Ежелгі Шығыс ілімі бойынша әлемді төрт нәрсе ұстайды: жер, су, ауа, от. Осы төрт нәрседен тұрады. Олар төрт кейіпкердің атымен аталады: Күнтуды – Әділет бейнесі; Айтолды – әділ уәзір, Бақыт бейнесінде (құт); Өгдүлміш – уәзірдің баласы, Ақыл – сана бейнесінде; Одғұрмыш- уәзірдің баласы, Қанағат бейнесінде [3, 10 б.]. Осы бір көлемді дастанның сюжеттік желісінде баяндалатын пәлсапалық ойлар мен даналыққа толы пікірлер – мемлекетті басқару ісіне арналған. «Мемлекетті қалай дұрыс басқару керек? Адамдарды қалай бақытты етуге болады?» деген сауалдың жауабын іздеген ойшыл: «Бектер адал болса, ел өмірі оңалар еді» – дейді [3, 28 б.]. Ғасырлар бұрын айтылған бұл пікір әлі де өзекті.

«Құтты білік» дастаны – түркілік әдебиеттің қайнар бастауы. Дастанның композициясы шығыстық баяндау дәстүрін незіге ала отырып жазылған. Яғни, Алла тағаладан бастап, Пайғамбарды, сахабаларды, ізгі тақуа жандарды мадақтап басталады да, дүние мен ақырет әлемі салыстырыла суреттеледі. Бұл дастан көптеген тараулардан құралып, әрбір тарауы жыр жолдары арқылы белгілі бір ақиқаттың мәнін ашады. «Дастан көне түркі өркениетінің тетігі болғанымен жалпы адамзаттық, адамгершілік, имандылық мұраттарды терең толғап, күллі адам баласына тән ізгі қасиеттерді ұлағат етіп ұсынады» [4, 18-21б.].

Айтып өткеніміздей, «Құтты білік» дастаны – халықты, елді басқаруға қажет, билеуші бойынан табылу керек қасиеттерді дөп басып айтқан туынды.

«Бірі оның шындық жолы — ӘДІЛЕТ,
Екіншісі — құт пен ырыс, ДӘУЛЕТ.
Үшіншісі — АҚЫЛ менен парасат,
Төртіншісі — ұстамдылық, ҚАНАҒАТ» [4, 60 б.]

Дастанның сюжеттік идеясына тірек болған төрт қасиетті таңдап алуында үлкен мән жатыр. Ел билеуші тұлға үшін бәрінен басым қасиет – әділет болуы керектігіне назар аудартады. Біз енді, көне жәдігерде автор (Жүсіп Баласағұни) тамсанып отырған («Назар салсаң, бұл түркінің бектері, Жаһанның өз бектері, асыл тектері» [3, 84 б.]), түркі бектерінің бойындағы қасиеттерді «Құтты біліктен» сөзбе-сөз теріп көрсеткіміз келеді:

«Қажет шексіз білім, ақыл, даналық,
Қолға алуға дүниені қаратып» [4, 85 б.],

«Жақсы айтыпты хас батыр, ер кешегі:
«Тас түйінді азулы ерлер шешеді!»[4, 85 б.],

«Пайда қылған болса қай іс оларға,
Соны жаса, дәмін тат, құр жоғалма.
(Неден рахат көрсе олар — соны істе,
Неден бейнет шексе — соған келіспе!)» [4, 424 б.],

«Келсе, бектік жөнін берік ұстағың,
Әділ болып, шындық жолын нұсқағын!
Ол дүниені қолға тұтсам десеңіз,
Шындықты ұстан, сөзді осымен кесемін!
«Бекпін» деуші кеуде керіп, күпінбе,
Опасыз бұл дүние түңіл, күтін де!» [4, 426 б.].

Дастанда жырланған билеуші образы – әділ, шыншыл, тақуа, мейірімді әрі сонымен қатар сөзінде берік тұратын өр мінезді бойына

жиған тұлға сомдалады. Автор түркі бектерінің ішінде Афрасиабты (Алып Ер Тоңға) «идеалды» билеуші деген атқа лайық көріп, өнеге ретінде ұсынады. Онымен қатар «Білім, ақылдың қасиетін, пайдасын айтады», «Ізгілік қылмақтың жақсылығы, пайдалары айтылады» деген сияқты бөлімдерде ел билейтін адамның образын сипаттап береді. «Құтты білікте» Жүсіп Баласағұн: «Жазған кітап, сөйлеген сөздеріммен, Екі дүниені ұстауды көздедім мен» – дей келе, бұл дүниедегі «билігің – түс, өтер кетер бір күні», Ақіретті қолда еткің келсе, «шыншылдықты ұстан» деген идеяны ұсынады. Жоғарыдағы мәтіндерде көрсетілгеніндей бұл дүниеде адамдарға пайдалы іс жаса, «олар нені қаласа, соны істе» дейді. «Өзің мәңгі емессің, атың мәңгі», ал атың шығуы үшін әділ де шыншыл билік құр, сол кезде ғана «атың мәңгі болса, затың – мәңгі» болмақ. «Құтты білік» – ислами қайнар бұлақтан сусындаған түркілік сананың жемісі, ел билеу ісінде, билік мәселесінде «бұл дүние уақытша» деумен ғана шектелмей, ел билеушілерге халыққа мейірімді болуды, елді қалай басқарғаны турасында Құдай алдында жауапкершілік көтеретінін, «бекпін деп күпінбеуін» еске сап отырады.

«Құтты біліктен» кейін 5 ғасырдан соң, ел басқару, билік, билеушінің жеке қасиеттері, мемлекеттер мен әскер түрлері жеке-жеке талданып жазылған орта ғасырдағы таңдаулы еңбектердің бірі – 1513 жылы жазылған Никколо Макиавеллидің «Тақсыр» трактаты.

Никколо Макиавелли – италиялық философ, жазушы, саясаткер, флоренциялық дипломат, саяси теоритик, саяси биліктің жаңа тарихтағы алғашқы аналитигі. Италияның Флоренция қаласында заңгерлер отбасында дүниеге келген. Осы тарихи фактор кейін оның саясатпен айналысуына септігін тигізді. Орда бұзар отызға жақындаған сәтінде Флоренцияның екінші концепциясының хатшысы болып тағайындалады. Он төрт жыл бойы билікке араласқан жазушының ел басқарудың түрлі кезеңдерін басынан өткізіп, әр түрлі әдіс-тәсілдерін үйренеді. Флоренция құлағаннан кейін ол да жұмыстан босатылды. Ендігі кезекте, оның билікпен араласуына мүлдем тыйым салынады. Өмір ағымы оны жазушылық жолға түсіреді. Саясаткердің айтар уәжі де саясаттан бастау алады. Н.Макиавеллидің ел басқару, билік туралы ой-пікірлері мен дүниетанымы толығымен баяндалған еңбек – «Тақсыр» трактаты. Бұл еңбек «Мемлекеттің түрлері», «Елді немесе қаланы басқару», «Жауыздықпен келген билік туралы», «Мемлекеттің қуатын қалай өлшеуге болады?», «Әскер түрлері», «Ел билеушілерін қандай қасиеттері үшін мақтайды немесе даттайды?», «Жомарттық пен үнемділік жайлы», «Ел билеушілерінің берген уәдесін орындауы туралы», «Қамал қорғандардың пайдасы бар ма?», «Ел билеушісі құрметтелуі үшін не істеуі керек?», «Ел билеушілерінің кеңесшілері туралы», «Жағымпаздардан қалай құтылуға болады?» және т.б. тараулардан тұрады. Баяндалуы да қара сөз кейіпінде, кеңес бере отырып әр жағдайға пәлсапалық ой жүгіртіп отырады және оны алыс-жақын тарихи оқиғалардан мысал келтіре отырып дәлелдейді. «Тақсыр» еңбегі билеушіге ел басқару тәсілдерімен бөлісе отырып, түрлі амал-айлаларды үйретеді. Бұл шығармада жазылған ел билеушісіне және билікке қатысты кеңестерді шартты түрде төмендегідей жіктеп қарастыруға болады:

1) Ел билеушісі (Тақсыр) байындағы жақсы және жаман қасиеттер.

2) Билік жолындағы құйтырткы айла-тәсілдер.

3) Мемлекеттердің түрлері. Әскер түрлері. Оларды басқарудың тиімді жолдары.

4) Италия жеріндегі саяси ахуалдар және Италияны азат етуге шақыру.

Жалпы алғанда, «Тақсыр» шығармасындағы Н.Макиавелли ұсынатын негізгі ой: «билеуші билігін сақтап қалу үшін кез-келген нәрседен тайынбау керек». Әрине, бұл тұжырымдардың да белгілі бір себептері бар, елді тек қана жауыздықпен басқару керек деп шолақ қорыту дұрыс болады деп ойламаймыз. Өйткені, Никколо Макиавелли бір жерде: «елдің болашағы жарқын, жұрты бірлікте болу үшін ғана» – десе, енді бір жерінде: «билеуші өзінің жақсы атын елдің маңызды мәселелері жолында құрбан ете білуі керек» – дейді. Яғни, керек кезінде айлаға сал, өтірік айт, алда, арба, сөзңде тұрма, бірақ билікке қатысты мақсаттарыға жету үшін жаса дегенге саяды. «Тақсыр» трактатында келтірілген бар-

лық адамгершілікке кереғар кеңестер тек халықтың қамы үшін деп те айта алмаймыз, өйткені, «билеуші жаңадан жаулап алынған елдердегі шалғай аймақтарда көбірек әскер ұстауы қажет. Бұл билеуші үшін арзанға түседі, әрі егістіктері мен жерлері тартып алынған, кедейленген бір топ бұқара халық билеушіге ештеңе істей алмайды. Ал халықтың қалған бөлігі осы жағдай олардың да бастарына келуден қорқып, көп ұзамай сабасына түседі» [5, 55 б.] – деген пікірлерге ұқсас саяси кеңестер жеткілікті. Бұл пікірлердегі ең негізгі қорғалуы керек мәселе ретінде билеушінің билігі мақсат етіледі. Оның жолында халық та құрбан.

Жалпы алып қарағанда, «Тақсыр» трактатында қарастырылған билеуші образы – билік жолында, жеке адамдардың емес, жалпы мемлекеттің құрылымын сақтау жолында кез-келген іске баруды үгіттейтін идеологиядан тұрады. Табиғаты жұмсақ, діни сауаты терең Н. Макиавелли ғылымда «макиавелизм» деп аталып, биліктегі қатігездікпен ассоцациялanатын мұндай ел басқару моделін неліктен ұсынған? Ғалымдар бұл мәселені жан-жақты қарастыра келе, бұл жағдайдың сол кездегі Италиядағы саяси ахуалдарға байланысты өзіндік себебі барын айтады. Николло Макиавелли жат жұрттықтардың езгісіне ұшыраған Флоренция билеушісі Лоренцо Де Медичиге сол кездегі Италияны азат етуде ең керекті прагматикалық кеңес осы деп ұққанға саяды және соған қатысты нақты әрекеттерге көшуге үгіттеген.

Қорытындылай келе, Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастаны мен Н.Макиавеллидің «Тақсыр» шығармасы билікке қатысты пікірлерді төмендегі кестемен беруді жөн көрдік (1-кестеге қараңыз).

№	**Ж.Баласағұни - «Құтты білік» [4, 76-92б.]:**	**Н.Макиавелли – «Тақсыр» [5, 55-101б.]:**
1	«Шариғатты тарат, ұқтыр, таны да, Ізгі атағың бірге тарар бағына»	«Билеуші сотқа бағынышты емес!»
2	Қатулан, әділдіктен таймасын жол, Қор қылмай, жігіттіктің пайдасын көр. Қадірін біл, жігіттік кетер тастап, Қанша қапсыр, бұл тірлік түбі қашпақ. Барында жігіттіктің күші бойда, Қор қылмай, ибадат ет, пейіл қой да!	«Саясат пен билікте өз мақсатыңа жету үшін ештеңеден тайынбау қажет»
3	«Кім білімді болса жаһан бегінен, Әділ заңды солар түзеп, телігген», «Жаудың бойын қылышымен бұқтырып, Түзесе елін әділ заңмен ұқтырып!»	«Күшті әскер жоқ жерде жақсы заң бола алмайды»
4	«Ұлықтықты алған жоқсың сен тілеп, Берді тәңір, рахымымен белгілеп. Бұл бектікті берді саған даралап, Ай, білікті, шүкірлік ет бағалап!»	«Жаулап алған жерлердегі халық біртілді болса, оларды басқару оңай болады, тек бұрынғы билеушінің әулетін жойып жіберсе жеткілікті»
5	«Егер қолың ұзын болса — халыққа Ізгі қылық, ізгі сөзбен жарылқа! Жігітшілік өтер, өшер тірлігің, Дүние — түс, көшерсің тез бір күні», «Бек пе, құл ма, мейлі, жақсы-жаман ба, Өзі өлді, қалды аты — ізі ғаламда», «Хаққа табын, сеніп адал құлқыңа, Бауырмал бол, түзу қара жұртыңа»	«Билеуші жаңадан жаулап алынған елдердегі шалғай аймақтарда көбірек әскер ұстауы қажет. Бұл билеуші үшін арзанға түседі, әрі егістіктері мен жерлері тартып алынған, кедейленген бір топ бұқара халық билеушіге ештеңе істей алмайды. Ал халықтың қалған бөлігі осы жағдай олардың да бастарына келуден қорқып, көп ұзамай сабасына түседі»

6	Кісі ұланы қара жерге қол салды, Барлық іcте ол білімін қолданды. Ақылымен кісі асыл атанар, Бекке ел ісі білімімен жасалар.	«ел басқару ісінде кемеңгер билеуші ұлғайып келе жатқан қиыншылықтың дер кезінде алдын алмаса, бәріне белгілі болған сәтте жөндеуге кірісуі – бос әурешілік»
7	«(Кісі міні ақылменен күзелер, Халық міні біліммен түзелер.) Бұл екеумен тындырмасаң жұмысты, Білімді қой, ал қолыңа қылышты! Ақылды бек — басшысы елдің, шырығы, Қылыш жұмсау — білімсіздің қылығы»	«соғыстан қаша алмайсың, ал кейінге қалдыруың – қарсыласыңа пайдалы болуы мүмкін»
8	«Ақыл керек ерге жаһан бастауға, Ақыл, жүрек керек елді ұстауға. Ақылымен тұтты, әлемді ұстаған, Білімімен биледі, елге нұсқаған!»	«Жаулап алынған қаланы қолда ұстап қалудың ең сенімді амалы – оны қирату»
9	«Ізгілік пен жақсы қылық — амалы, Мұнымен ер екі дүниені алады. Сен ізгілік тілер болсаң, одан да, Кел, ізгілік жаса, сөзді доғар да»	«Егер билеуші билігін сақтап қалғысы келсе, керек кезде ізгіліктен бас тарту қасиетін дамыту керек»
10	«Қайырым күтсең ақылыңмен аңғар да, Қайырым жаса қайырымды жандарға!»	«Ел билеушісі мейірімді болғаннан гөрі, қатал болғаны билігі үшін жақсы»
11	«Қолына алған ісін біліп атқарар, Білімді істе тұтып, халқын басқарар. Қара халық байыды, елін түзеді, Ел баюын — қағидам деп жүреді»	«қара халық байыса, тойынғаннан бас көтереді. Әлсіздерге болыса отырып, олардың күшейіп кетуіне де жол бермеу керек»
12	«Өнер керек жапанды ұстап, ұғуға, Гүр арыстан керек құлан қууға. (Даңқ, қуат керек әлем жаулауға, Гүр арыстан керек құлан аулауға!) Жиһангерге қасиет керек мың, түмән, Сүйенсе оған, білмейді елі мұң, күмән»	«Егер билеуші тек арыстанның қасиетімен шектелсе, мемлекет болашағы бұлыңғыр болмақ. Керек жағдайда түлкі секілді құлық жасаса, кейде арыстан секілді айбар көрсетуі керек»
13	«Әркез үстем тұтсын десең, қолдарың, Мақтап мәртін, әскеріңді қолдағын! Қошта әскерді, тілегінді тілегін, Жау иіліп, болар күллі тілегің! Қалың әскер ұстап, сыйла, тарылма, Солар саған қияр шыбын жанын да»	«Жалданған немесе одақтастардың әскері басыңа бәле орнатады. Одан да өзіңнің жеке әскеріңе сен», «Жалданған әскермен жеңіске жеткенше, өз әскеріңмен жеңілген артық!»

1 – кесте. Ел басқару ісіне қатысты қағидалар. Бұл екі шығармаға да ортақ билеуші образы мен билік концепциясының көрінісінде айырмашылық көп. «Құтты білік» мейрімділікті насихаттаса, «Тақсыр» қаталдықпен басқаруды жөн санайды. Бұл шығармалардың көтеріп отырған мәселесі – ел билеу ісі болғанымен, авторлардың да билікке деген кейбір көзқарастары ұқсағанымен, бұл шығармалардың қайнар көзі, дүниетанымы, ішкі рухы мүлдем бөлек. «Құтты білік» – ислами қайнардың бұлақтың жемісі, ел билеу ісінде тек бұл дүниедегі билікті сақтап қалу мақсат етілмейді. Дінді негізге ала отырып, мейірімді басқару жүйесін насихаттайды. Ал «Тақсыр» шығармасында керісінше, осы дүниедегі, яғни нақты қазіргі қолда бар билікті сақтап қалу мен оған жетудің тиімді, құйтырқы амалдарын жасауға кеңес береді. Бұл шығармаларда Батыс пен Шығыстың ел билеу ісіне деген әртүрлі көзқарастары байқалады. Мәселен, Ислам ғұламасы Бәдиүззаман Саид Нұрси Азия мен Еуропаны бірдей критерийлермен салыстыруға болмайды деп айта келе, мынандай айырмашылықтарды ескертеді: «Біріншіден, Еуропа – дүкен, әскери казарма секілді, ал Азия – егістік, мешітке ұқсайды. Әскери казарма мен мешіттің ішкі жағдайы бірдей бола алмайды. Онымен қатар, барлық дерлік пайғамбарлардың Азияға келуі, ал философтардың Еуропадан шығуы тағдырдың бір ишараты сияқты, яғни Азия халықтарын дамытатын – дін мен жүрек, философия мен хикмет пәндері дінге жәрдем етуі керек, орындары ауысып кетпеуі керек. Екіншіден, Ислам діні мен Христиан дінін салыстыруға болмайды» – дейді [6, 325б.]. Біздіңше, бірінші себебі айқын әрі түсінікті, ал екіншісіне Н.Макиавеллидің «Шіркеулік мемлекет» деген тараудағы пікірлері дәйек бола алады: діни құзыретті орталықтың заирлы билігі мен діни билігінің ажыратылуы (Рим папасы Александр VI тәжірибесі). Ал «Құтты білікте» қоғамның барлық аспектілері тұтас діни басқаруға негізделген. Әлбетте, бұл тақырып әлі де тыңғылықты зерттеуді қажет етеді. Бұл мақаланың мақсаты – аталмыш шығармалардағы осы бір ұқсастықтарға назар аудартып, көлемді зерттеулердің алғышартына айналу.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жүсіп Баласағұн. «Аңыз адам» журналы. Алматы: – 2013.
2. Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. Алматы: «Өнер» баспасы, 2008.
3. Даниярова Ә.Д. «Кәлилә мен Димнә» кітабының Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік» шығармасымен үндестігі мен ерекшеліктері // «Тіл және әдебиет» журналы №6, 2008.
4. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 5-том: Жүсіп Баласағұн. Құтты білік. Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – 536 бет.
5. Макиавелли Н. Тақсыр: Сочинения. – М.: Изд-во Эксмо; Харьков: Изд-во «Фолио», 2003. – 656 с. (Серия «Антология мысли»).
6. Bediьzzaman Said Nursi. Mektubat. İstanbul: «Envar» neşriyatı, 2018. – 524 sh.

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ:
Авторлардың стилі, орфография қақы сақталады.
Мақалалар редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Туған тіл

Мемлекеттік тілді дамыту институтының
компьютер орталығында терілiп, беттелдi.

КОРРЕКТОРЫ:
Аягүл Омарова
ТЕХНИКАЛЫҚ РЕДАКТОРЫ:
Гульвира Сатыбалдиева

Теруге жіберілген күні 00.00.2020 ж.
Басуға қол қойылған күні 00.00.2020 ж.
Шартты баспа табағы 12,5.
Пiшiмi 60х90 1/8
Таралымы 1000 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 78.
tugantil2019@mail.ru